

Мүтәллап Қанғожин



Менің Мағжаным

МҮТӘЛЛАП ҚАНҒОЖИН

**МЕНИҢ
МАҒЖАНЫМ**

**ҚЫЗЫЛЖАР
2010 ж.**

ББК 84(5Қаз.) 7-5

Қ 34

Қ 34 Мүтәллап Қанғожин.

Менің Мағжаным

Қызылжар. – 2010 ж.


Редакторы К. Мұсырман

ISBN 9965-21-211-2

Жыр пайғамбары атанған ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы жайлы бірқатар зерттеу еңбектері жарық көргенімен, бұл тақырып толық қамтылып, түгел де терең ашылды деуге әлі ерте екендігі талас тудырмайды. Осы тұрғыдан алғанда, белгілі ақын, тележурналист Мүтәллап Қанғожиннің оқырман назарына ұсынылып отырған «Менің Мағжаным» атты кітабы мағжантану ісіне теңіздің тамшысындай үлес болып қосылса, өз мақсатын орындағаны болмақ.

ББК 84(5Қаз.) 7-5

ISBN 9965-21-211-2



© Қанғожин М., 2010



МЕНІҢ МАҒЖАНЫМ

МАҒЖАНДЫ ПІР ТҰТҚАН АҚЫН

Оқырман назарына «Менің Мағжаным» атты жаңа кітабын ұсынып отырған Мүтәллап Қанғожин - Қызылжар өңіріндегі көзі тірі қаламгерлердің арасында ұлы ақынымыз Мағжан Жұмабаевтың есімі мен артына қалдырған асыл мұрасын айрықша ардақтап, насихаттау ісіне айтарлықтай белсенділікпен атсалысып келе жатқан қайраткер азамат, белгілі ақын.

– Мен Есіл ауданындағы Қарағаш атты өнерпаз ауылда туып-өстім. Кеңес үкіметі ұлы Мағжанның атын айтуға тыйым салғанына қарамастан, біздің ауылдың кісілері оның өлеңдерін жатқа білетін. Әсіресе, бір кезде жауапты партия қызметінде істеген Жүніс Мағзұмов ақсақал Мағжан жырларын керемет білуші еді. “Батыр Баянды” бірінші рет сол кісіден естіп, аузымның суы құрығаны жадымда. Содан Мағжанға еліктедім. Мағжанды өмір-бақи пір тұттым. Сонау коммунистік партияның қылышынан қаны әлі сорғалап тамып тұрған уақытта дүниеге келген кіші ұлымның есімін де Мағжан қойдым. Аруақ жебеді ме, әйтеуір, соным үшін ешкім соңыма түсе қойған жоқ... – дейді Мүкең.

Ол Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіріп, отыз жылдан астам облыстық телевидениеде табан аудармай еңбек етті. Қатардағы тілшіден телекомпания төрағалығына дейінгі шығармашылық жолдан өтті. Өлеңнен де бір қол үзбей, бірнеше жыр жинағын шығарды. Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі атанды. «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағы берілді. «Есіл ауданының және «Солтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы» атағына да ие болды.

Мен білетін Мүтәллап аға өмір бойы адамдық абыройына шаң жұқтырмауға тырысып келеді. Дау-дамайы бітпес, мылтықсыз майдан тірлікте жұмыр басты пенде үшін содан қиын да ештеңе жоқ шығар... Осыны ойласам, өз басым Мүкеңнің кез келген кісі тәрізді тірліктің тайталастарында талай сүрінсе де жауырынын жерге тигізбей, қатал тағдыр алдында тізесін бүкпей, тік тұрып кеткен, жеңімпаз күрескер тұлғасын аңғарғандай боламын... Ал ақын ағамыздың артында аңыз болып айтылар азаматтық іс-әрекеттері аз емес. Тіпті, ол жөнінде белгілі ақын Свет Оразаевтың “Соңғы шындық” атты өлеңі де бар:

Отырмын екі жеңді түрініп ап,
Алып еске жағдайды ірілі-уақ.
Болған-ды соның бірі Мұқағали
Өлерден бірер жылдай бұрынырақ.

Қаскөйді қалтыратар қызынғанда,
Ішпей-ақ ұқсайтұғын қызу жанға,
Мақатаев деген сол марқасқаның
Жолы түсті бір күні Қызылжарға.

Тіл табысып кетіп ол бірден елмен,
Әр ізін жырмен өрген, гүлмен өрген.
Қасында қаламсапты жігіттер бар,
Алматы астанадан бірге келген.

Шайқалтпас елге деген махаббатын,
Емес-ті Мұқаң әсте қатал ақын.
Тек қаталдық танытқан жігіттердің
Әлдекімше қайтейін атап атын.

Жауша қарап оған тән нар кеудеге,
Қаталдыққа, япырмау, барған неге?!

Неге сөйтті жатқанда ақын жүрек,
Алқынып қонақүйде, тар бөлмеде.

Жатыр жалғыз, жанарда жас аунайды-ақ,
Жарымжан денсаулығы нашарлай ғап.
Әлсін-әлсін жұлқына алас ұрып,
Дөңбекшиді жаралы асаудай нақ.

Жалғызсырап жатқан ол тым өкініп,
Тыңдаушым, жоқ бұл сөзде бір өтірік.
Жалтыратып табанын, тайып тұрған,
Ал жігіттер осыны біле тұрып.

Безгендері-ай солардың жырдан асыл,
Құтты қонақ боп жүрген қырда жасыл.
Олар безіп, табылды есесіне,
Қанғожин Мүтәллаптай бір жанашыр.

Жүгіріп дәрігерге, болған әлек,
Келер ме бұдан басқа қолдан көмек?!
Ақын аға алдында жүгірді-ау ол,
Адалдықтан айнымас қолбала боп.

Дегендей-ақ осым жөн, осым ақыл,
Жел беріп ақын көңіл хошына тың,
Зыр жүгірді зерделі інідей-ақ,
Жинады-ау ақырында есін ақын.

Көнермес көңілінің көк терегі,
Ақын үшін ақ ниет тек керегі.
Сондай ниет күшімен арыстан-жыр,
Аяғынан нық тұрып кеткен еді...

Осы өлеңнің жазылу тарихы туралы Мүтәллап аға былай дейді:

– Ұмытпасам, 1975 жылдың жазы болуы керек. Алматыдан ел аралауға бір топ жазушылар келген. Араларында Мұқағали да бар. Ол кісі қатты сырқаттанып қалып, сол кездегі “Восход” қонақүйінің бір бөлмесінде жалғыз жатыр екен. Ауруы жанына батқан болуы керек, мені телефон арқылы шақырды. Жүгіріп бардым. Бауырын басқан күйі сұлық жатыр екен. Үш күн емдетіп, ұшаққа шығарып салдым. Сонда разы боп кеткен еді. Алматыға барған соң жолдастарына әңгіме арасында айтқан ғой, шамасы.

Сол жолы Қызылжардан ұлы ақынға қол ұшын берер бір азамат табылғаны қандай абырой болған десеңізші... Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының аяқ шенінде Мүтәллап аға Қызылжарда “Қазақ тілі” қоғамының облыстық ұйымын өз қолымен құрысып, оның тұңғыш төрағасы болып сайланды. Алғаш рет әншілер мен термешілер байқауын, суырып-салма ақындар айтысын өткізуге атсалысты. Облыс орталығында қазақ балабақшасын, мектептерде қазақ тілінде сабақ оқытатын сыныптар ашу мәселелерін қала зиялыларымен бірге көтерісті.

– Сол кезде біз Петропавлдың ана тілінен жұрдай шала қазақтары арасында күн-түн демей үгіт-насихат жүргізіп, маңдайымыз талай рет тасқа тигендей болса да, тоқтамадық. Ұлтынан безген нелер мәңгүрттерден өз балаларын қазақша тәрбиелеуге, қазақ тілінде оқытуға қарсылық білдірген сөздер естіп, налығанда “Соңғы қазақ мен болам ба?! деген өленімді жазғаным бар түңілгендей болып. Әйтеуір, Қабдөш Қалиев, Рашит Бәдірленов, Мәлік Мұқанов, Жақсыбай Самрат, Зейнолла Әкімжанов, Өмір Есқали сынды ұлтжанды азаматтардың еңбегі зая кеткен жоқ. Одан кейін кілең қазақтар тұратын ауылдардағы орыс мектептерін түгел қазақшаға көшіруді қолға алдық. Бұл істі

өзімнің туған аулым – Қарағаштан бастатып, бір жылдың ішінде қазақ тіліне көшірттім, – деп еске алады Мүкең сол кезді.

Ұлы Мағжан толық ақталып, артында қалған өшпес мұрасы халыққа қайтарыла бастаған тұста бөркін аспанға атқандардың бірі – Мүтәллап аға еді. Ақиық ақын жырларын жинастырып, белгілі жерлес ақын Владимир Шестериковке аудартып, қазақ және орыс тілдерінде жинақ етіп бастырып шығарды. Мағжан есімі Петропавлдың бір үлкен көшесіне беріліп, ескерткіші орнатылуына, жүз жылдық мерейтойы салтанатпен аталып өтуіне де ел зиялыларымен бірлесе ұйтқы болды.

Ел мен жер, тіл мен діл тағдыры алқалы топта ашық талас-тартысқа түсірілгенде Мүкеңнің аузын жұмып, бұқпантайлап қалған кезі жоқ. Намысқа мініп, ақынға тән адуын мінезбен қызбалана кірісіп кетуші еді ылғи. Әсіресе, есте қалғаны – 1997 жылы облыстық мәслихатта кейбір біріктіріліп, ірілендірілген аудандардың атауларын өзгерту мәселесі қаралған сессия. Халық қалаулылары бұл орайда қызылкенірдек болып дауласып, бір мәмілеге келе алмай даурығып жатқанына қарап, арқасы қозып, шыдамы таусылған Мүтәллап ағамыз өзінің депутат еместігін елең де қылмай, орнынан атып тұрып, жан айқайын салған еді:

– Дорогие мои, – деп бастап, бір заманда қазақ жерлерінің атаулары ешкімнің рұқсатынсыз өзгертілгенін, енді тарихи әділет қалпына келтірілуі қажеттігін, Желтоқсанда жастарды алаңға шығарған да осындай ызареніш екендігін айтып салған. Ақын сөзі жұртқа тоқтау салып, ақыры бұрынғы Ленин және Москва аудандары – Есіл, Соколов пен Бескөл – Қызылжар аудандары атанатын болып шешілген.

Мүкеңнің ер мінезін “Қазақстан” республикалық телерадиокорпорациясының облыстық компаниясын басқарып жүрген кезінде де талай байқадым.

Қарамағындағы қызметкерлеріне еңбекақы бірнеше айлап төленбегендігіне байланысты бүкіл елді дүрліктіріп, шу шығарып, өзін қызметінен бір-ақ бұйрықпен алып тастай алатын тікелей басшыларына ашық қарсы шығып, ауыр айып таққаны да әлі есімде. “Бүгінгінің аңғал батыры-ай...” дескенбіз сол жолы...

Көрнекті ақын Гафу Қайырбеков Мүкең жайлы:

Жазайын мына сөзді Мүтәллапқа,

Тараған абыройы шартарапқа.

Ағашы ат байлайтын Солтүстіктің,

Тапсырдым сені, қалқам, жеті аруаққа!..

– деп жазып, батасын берген екен. “Баталы құл арымас” деген. Міне, Мүтәллап ағамыз алшаң басып, алпыстың асуын артқа қалдырып, желе жүріп жетпістің үшінші биігі – кезекті мүшелжасына беттеп келеді. Мүкеңнің 70 жылдық мерейтойында:

Қарсы шық қарттық дұшпанға,

Қолыңа қалам - қару ап.

Жыр – тұлпар жалын құшқанша

Жебесін Ұлы аруақ!..

- деп, ақ тілегімізді ақтарған едік. Аллаға шүкір, Мағжанды пір тұтқан ақын ағамыздың қаламы әлі қолында. Оның жыр пайғамбары жайлы жазған мақалалары мен өлеңдерін топтастырып, жеке жинақ қылып шығару жөніндегі көптенгі арманы жүзеге асып жатса, бұл Мүтәллап Қанғожиннің өзінің рухани ұстазы алдындағы азаматтық та, шәкірттік те парызын ақырына дейін өтегенінің белгісі болары хақ.

Кәрібай Мұсырман

*«Ағылшындарға Шекспир, ал орыстарға
Пушкин қалай болса, қазақтар үшін
Мағжан Жұмабаевтың есімі де
солай аталады.
Мағжан – қазақтың ұлттық ақыны»*

Әлкей Марғұлан

МЕНИҢ МАҒЖАНЫМ

1988 жылдың 30 желтоқсаны болатын. Жұмыс аяғы, «уһ» деп дем алып кабинетімде отыр едім, көзім үстел үстінде жатқан газетке түсті. «Казахстанская правда» екен, қолыма алып газетті бастан аяқ қарап шықтым. Газеттің ең соңғы бетінде «В прокуратуре Казахской ССР» деген тақырыппен КазТАГ-тың хабары жарияланыпты. Хабарламаның соңғы түйіні мынау: «Верховный суд Казахской ССР, рассмотрев протесты с участием прокурора республики, удовлетворил их в полном объеме. Дела в отношении А. Байтурсунова, М. Джумабаева и Ж. Аймаутова прекращены и они реабилитированы. М. Джумабаев по одному из уголовных дел был реабилитирован еще в 1960 году».

Сенер-сенбесімді білмей, әлгі мәтінді қайта-қайта оқимын. Мағжанның тегі Жұмабаев болу керек қой, бұл неге Джумабаев? Әлде басқа кісі ме? Құлағымыз Мағжан Жұмабаевқа үйренген емес пе, түсіне алмай дал болып қалдым. 1960 жылы қылмысты істерінің біреуі бойынша ақталған дегеніне қарағанда осы Мағжан ағамыз болу керек деген ойға келдім. Көңілімде әлі де күдік бар.

«Жоқ, бұл - Мағжан, Мағжан!» деп айқайлап жібердім білем. Өзіме бір жігер, күш бітті ме?! Бойым бір қалтырап,

бір ысып, өзімді-өзім ұстай алмай орнымнан тұрдым да, кабинетте теңселіп жүре бердім. Мағжан менің бала күнімнен жақсы көретін ақыным, әрі арманым еді ғой. Мен осы ғажайып ақынның сұлу, сырлы жырларын жаттап өстім.

Ауылымдағы көнекөз қариялардың аузынан естіп, өлеңдерін жазып алатынмын. Олар маған Мағжан өлеңдерін жазып алуға алдында рұқсатын берсе де, кейін қорқып: «Бала, сен мұны ешкімге көрсете көрме, біреу біліп қалса, пәле болады. Мағжан халық жауы, сол себепті, оны үкімет атып тастаған. Олар білсе екеумізді де атады. Бала, осы қағазыңды жыртып тасташы», деп жалынғандай болушы еді. «Ата, мен ешкімге көрсетпей, өзім ғана оқимын», деп сендіремін өзімше оларды.

Қарағашта аузы дуалы, сөзге ұста Мағзұмның Жұнысы, Ешкөйдің Баяны, Ахметтің Исасы деген қарттар болған-ды. Мені Мағжанмен «дуалаған» осы шалдар еді. Енді не тұрыс бар, ортамызға оралған ұлы Мағжанды оны жылдар бойы аңсап, іздеп, сағынып отырған ел-жұртына, Жолдыөзегіне, Қызылжарына анау алыстағы Сасықкөліне хабарлап, сүйіншілеу керек қой. Мұндай үкілі ойымды өзім қызмет істеп жүрген теледидар арқылы орындауға мүмкіндік бар. Бұл күнде Қызылжар өңірінде теледидарсыз үй жоқ, кеш болса елдің бәрі теледидарды төңіректел, көгілдір экранға төніп отырады. Менің қуанышымда шек жоқ, ойым - өзіммен бірге елімді де Мағжанымен қуанту, ақиық ақынның күміс сыңғырлы жырларымен қауыштыру.

...Әлі есімде, 1965 жыл еді. ҚазМУ-дің филолог-студенттері Қазақстан Жазушылар одағының үйіне орналасқан “Простор” журналының редакциясында болып жүретін. Бәрінің күтетіні - Мағжанның портретімен шығатын журнал. Журнал редакциясының әр қызметкерінің тұсында бұйра шашы бұрқыраған, екі көзі тостағандай, келбетті Мағжанның портреті ілулі тұрады. Ол тұстағы

әңгіме де, сөз де Мағжанның өлеңдері жайында. Бірде мен әдеттегідей редакция төңірегін торып жүр едім, журнал редакторы Иван Шухов кабинетіне қарай беттеп келеді екен. Мені көрген соң ба, әлде бір шаруасы болды ма, көпшілік қызметкерлер отыратын бөлмеге бұрылды, жолай мені де иығымнан қағып, бөлмеге ала кірді. Редакциядағылар әлде не күткендей тына қалып еді, редактор: «Болмады. Мағжан бәрібір шығады, оның күні туады әлі», деді отырғандардың кейбіріне, маған да ұлы ақынның суретін беріп жатып. Көңіл күйі нашар екенін алабұртып қызарған жүзінен, онсыз да үлкендеу ернінің түсіңкіреп кеткенінен-ақ аңғаруға болатын еді. Сөйтіп, жерлес жазушы берген Мағжан портретін осы уақытқа дейін сақтап келіп едім. Бұл орыс жазушысының қазақ ақыны Мағжанды, оның шығармаларын кереметтей бағалап, оның дарынына бас игені деп түсінемін. Коммунистік партияның түкірігі жерге түспей, “үндеместін” ықылық атып тұрған шағында орыс жазушысының мұндай ерлігін ауызбен айтып жеткізу қиын. Мағжан өлеңдерін журналына бастыра алмаса да, Иван Шухов ел таң қалатын ерлік жасап еді.

Алла жазса, отыз жыл бойы құпияда сақтап келген дүлдүл ақынның сұлу келбеті енді экранға шығады, Мағжан халқымен қауышады! Ол туған еліне, аңсаған бауырларына жырдан шашу шашады! Ауылымның абыздарынан, құймақұлақ қарияларынан жинаған, Мағжан аға үйіндегі Зылиха жеңгемнен алған қолжазбалар енді Мағжан болып жыр төгеді, сыр төгеді ағыл-тегіл. Көгілдір экраннан қайран ақын күңіренген қайғысын да, күмбірлеген күй-қуанышын да өзінің Сарыарқасына, Жолдыөзегіне ақтарады енді. Өйткені, ол бұл күнді аңсап, сағынды ғой. Біз оның бауырлары, жерлестері жыр дүлдүлін сағындық. Оның өр дауысын, арман мен үміт толы қасиетті жүрегінің лүпілін сағындық. Мұның бәрі оның өлеңдерінде өрнектелген.

1988 жылдың 31 желтоқсаны. Күн боран, аязы да қатты. «Нива» машинасымен Қызылжардан «Бастомар» кеңшарына қарай жол тарттық. Қасымдағы жолсеріктерім – кинооператор Валерий Василевский мен жүргізушім Алексей Котума. Телестудия шаруасының үнемі күйіп-жанып жататынына үйренген жолсеріктерім жаңа жыл қарсаңындағы мынандай өте шұғыл сапарымызға қиналыс білдірген жоқ. Ұйтқыған жыңды боран күшейді, бір жақсысы – жол асфальт, Қызылжар мен Омбыны қосатын үлкен жол осы. Біз бұл жолмен 100 шақырымдай жүріп Булаево қаласына жеткеннен кейін, «Бастомар» кеңшарына қарай баратын жолға түсеміз. Ол жолмен де бірсыпыра жер жүруіміз керек.

Бастомар ауылына ел орынға отырған кезде жеттік-ау. Бұл кезде боран да толастай бастаған. Қар ауылдың үстімен жүріп кеткендей, сорайған электр сымдарының бағаналары көрінеді, әр жерде антеналар қараңдайды. Ауылға кірген бір ізді көрдік те, сол сораппен жүріп, бір үлкен үйдің ауласынан бір-ақ шықтық. Үйге кірсем, өзіме таныс азамат – «Бастомар» кеңшарының директоры алдымнан шықты. Осы үйдің иесі екен. Келген жайымызды айттым. Мағжан ағамыз халық жауы деген жаладан ақталып, егемен ел болғандығымыздың арқасында ортамызға оралып отыр. Мағжан Жұмабаевтың Сәлтай деген інісі болған. Ол кісі осыдан он шақты жыл бұрын дүние салса керек. Сәкеңнің отбасы қазір «Бастомар» кеңшарында тұрады, ол кісінің Бибізайып деген әйелі мен Болат деген ұлы бар деп естіп келдік. Ойымыз – алдымен, оларды Мағжан ағаларының елімізге оралғанымен қуанту, екінші, ұлы ақын жайында Бибізайып апамыздың көрген-білгендері, естігендері болса киноға түсіріп, жазып алу. Сөйтіп, Қызылжар теледидарынан көрсетеміз деген мақсатымыз бар.

Шаруашылық директоры біздің бұл хабарға үй ішімен масаттанып, қуанысып қалды. Мініп келген машинамызды

осы үйдің ауласына қалдырып, өзіміз жаяулап Бибізайып апайдың үйіне бет алдық. Оның қай тұста екенін алдында сұрастырып алғанбыз. Боран басылыпты. Ауыл көшесін қар бітеп тастаған. Оппалап жүріп іздеген үйімізді таптық-ау. Іздеп келген адамдарымыздың бәрі де үйде екен. Біз үшін бұл да қуаныш болды. Амандық-саулықтан кейін келген жайымызды айтып, Мағжан бауырларының ақталғанын жеткізіп, сүйінші сұрадық. Бибізайып апай жылап жіберді.

Менің байқағаным, апайдың мына жылауында оның өмір бойы көрген қорлығының зары бар. Кеңес өкіметінің осы әулетке жасаған қырып-жою сияқты айуандық әрекеттері жүрекке шемен боп қатқан ғой. Бибізайып апайдың көкірегінен қуаныштан гөрі мұң мен өзекті өртер өкініш басымырақ шығып жатқандай. Ғұмыр бойы өксумен жүрген апайды да, тіпті Мағжан ағамыздың бүкіл әулетін де түсінуге болады. Мағжан алаштың ақыны еді. Ол халқымыз өзге елдермен терезесі тең, тәуелсіз ел болсын деп армандады. Мағжан ағамыз қазақтың мұңын мұндап, жоғын жоқтағаны үшін жазықсыз жапа шекті. Мұнымен қоймай, ақынның жүзден аса ағайын-туғандары, бауырлары, құда-жекжаттары атылып, айдалып, кеңес өкіметінің түрмелеріне тығылғанына не дерсің?! Бибізайып апайдың қуанышы мен қайғысы аралас жылауында бір әулеттің емес, халықтың қасіреті жатыр-ау. Шындығы солай.

Бибізайып апай ұлы Болаттың қолында тұрады екен. Келіні сырқаттанып қалыпты. Мен Болатпен және оның ұлы Дулатпен таныстым. Болат келіншегімен аталмыш шаруашылықта қызмет етеді екен, ал Дулат заңгер болуға талаптанып жүр десті осындағылар.

Бибізайып апай жас кезінде келбетгі, сұлу адам болғанға ұқсайды. Жасы жетпістен көп асса да, «сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді» демекші, кәрілікке онша бой алдыра қоймаған кескіні мен жанарының оты онша суалмаған көзі бойындағы қайрат пен қажырды аңғартып-ақ тұр.

- Мен ол кісіні алғаш рет 8 жасымда көрдім,- деп бастады әңгімесін Бибізайып апай. - Мағжан менің туған нағашым болады, апасының – менің шешемнің амандығын білемін деп келген ғой біздің үйге. Менің үшінші сыныпта оқып жүрген кезім. Мен ғұрыптас туыстарымыздың балаларына:

- Жақсы оқындар, сендердің замандарың туды, жаңа өкімет орнады, - деп, бізге қағаз, қарындаш берді. Балаларыңды оқытыңдар, оқудан олар қалмасын, деп әкейге тапсырып кетті. Біз оқу оқып жүрдік. Уақытта тоқтау жоқ қой, өмір өтіп жатты. Мен де өсіп, бойжеткен қыз болдым. Ел ішінде әкеммен құда болғысы келетіндер шыға бастады. Әкей мені өзінің ұнатқан кісісіне бергісі келіпті. Осы кезде Бекен атам:

- Бибізайып өзімнің сүйегім, туған қарындасым Рәзиядан туған. Сүйек жаңғыртайық, менің балама қызыңды бер,-деп әкемнен сұрайды. Туыстық қанымыз тым жақын деп көнбеген болу керек, әкей бергісі келмеген соң мені Сәлтай (шын аты Сәлімжан) алып қашып әкетті. Бұрын көңіл қосып қойғанбыз ғой.

- Сәлтай – Мағжанның туған інісі. Мен бұл үйге 1929 жылы келін боп түстім. Мен барғанда бұл үйде екі айғыр үйірлі жылқы, сиыр, қой - бәрі бар екен. Бір айдан соң біздің үйге Қызылжардан Мағжан қайын ағам әйелімен бірге келді. Онда ел Майбалықта жайлауда отырған. Мағжанның ақын деген атағы жер жарып, халық «Батыр Баян» дастанын, басқа да өлеңдерін жатқа айтып жүретін кез еді. Оның келгенін естіген ел-жұрт тайлы-таяғымен шығып қарсы алды. Қайын аға мен Зылиха абысын мініп келген солқылдақ қара тарантасқа жегілген арғымақ та, күміспен көмкерілген ат әбзелдері де, қарасаң көз тоймайтын. Қайын ағамның кескін-келбеті тамаша сұлу, үстіне кигені кестелі ақ шалбар, ақ кәстөм, басында ақ қалпақ, қолында зерлеп жасалған ақ таяқ. Зылиха абысыным да жасында көрікті

адам болған. Үстінде біз ол заманда бұл төңіректе көрмеген алтын жіппен оқаланған ақ жібек көйлек, алтын жіппен оюланған қамзол. Басында алтын қалпақ. Бойы Мағжан қайынағадан сәл кішілеу, талдырмаш, мойылдай көздері жайнап тұратын, дөңгелек жүзді, сұлу кісі еді.

Бекен атам баласының келу құрметіне жеке ақ үй тіктірді. Қайын ағам мен оның келіншегі сол үйде тұрды. Әке-шешесімен, туған-туыстарымен қауышып, екі-үш күндей болды. Ағалары мен інілері бәрі де бір-бір шаңырақ еді. Мағжан қайынағаны бәрі де кереметтей күтіп, сыйлады, қонақ етті.

Сары қымызды молырақ сапыртып, кесесіндегіні ақырын шайқап отырып ішетін еді. Қымызды қай қазақ жақсы көрмейді, қайын ағам да қымызқор болатын.

Ол кісі Қызылжарда партия мектебінде сабақ береді екен. Жуырда бір шаруаммен Алматыға жүрмекшімін, сол сапар алдында өздеріңмен кездесіп, амандасайын деп келдім деп, өзінің асығыс екенін айтты. Сол кеткеннен кейін бір ай болды ма, болмады ма, маусымның іші ме, әлде шілденің іші ме, ол кісіні НКВД ұстап алып кетті. Содан Мағжан қайынағаны көргеміз жоқ. 1930 жылдың қысында әйелі Зылиха мен інісі Сәлтай ол кісіні іздеп, Мәскеуге кетті. Мәскеуде бұлар Әлихан Бөкейханов ағаның үйіне барса керек. Есігін қағып, мен Мағжанның Сәлімжан деген інісімін дегенде есіктің арғы жағынан Әлихан аға: «Сен Мағжанды іздеп келген інісі болсаң, ақынның бір ауыз өлеңін оқып бер», депті. Сәлтай есіктің сыртында тұрып Мағжанның «Сасықкөлім – туған жерім» деген өлеңінің бірнеше шумағын жатқа оқиды. Әлекең бұларды қуана құшақтап қарсы алады. Ауылдан Мағжанға арнап әкелген қазы-қарта, құрт-майын, киім-кешегін Әлекең көріп шығады да: «Мынаны да қосып қойыңдар», деп бір пар сары ботинканы шүберекке оратып салғызады. Кейін Мағжан: «Сендерге маған келуге көмектескен кім екенін білдім»,

депті. Әлиханның бір ботинкасының бас жағында молырақ қажалған жері бар екен. Түрмедегі Мағжан содан білсе керек.

Бутырка түрмесінің басшылары Мағжанды туыстарына көрсетпепті, онымен сөйлестірмепті, әйтеуір арнап апарған киім-кешегін, тамағын беріпті. Сәлтай (Сәлімжан) сөйтіп ағасының амандығын біліп қана қайтты. Кейін ол кісіні анда жіберді, мында жіберді десіп жүрді. Хат бірде келеді, бірде келмейді. Хатты ол жерден жөнді шығармады да. Сонымен уақыт өте берді.

Мағжан қайынағаның Әбәмүсілім, Қаһарман және Біләл деген үш бірдей ағасын ұстап әкетті. Біләл немере ағасы болушы еді. (Біләл – Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі әкімі Серік Сұлтанғазыұлы Біләловтің атасы – М.Қ.)

- Оларды не үшін, қандай қылмыстары үшін ұстап әкетіп еді?-деймін мен Бибізайып апайға.

- Әкелері болыс болған, байдың балалары, інісі Мағжан кеңес өкіметіне қарсы өлең жазып жүр, ол халық жауы ретінде сотталған деген жаланы бұл бауырларының бастарына үйіп-төккен де. Енді бұл пәледен қалай құтыласың? Одан құтылу жоқ. Ақыры «үндеместер» тамаша сырбаз жігіттердің көздерін құртты. Олардың бала-шағалары аңырап жетім қозыдай қалды далада. Мұхамеджан ағаны да соттады. Бұл кісі де Мағжанның туған інісі еді, айдаудан аман-есен келіп, Омбы облысының Қасқат деген ауылында тұрып, ол да өтті өмірден.

Ал бізді кеңес үкіметі быт-шыт қылды ғой. «Байдың баласы, ағасы халық жауы»деп жолдасым Сәлімжанды жеті жылға соттап жіберді. Атам Бекен, енем Гүлсім үшеуіміз Қызылжарға көшіп кеттік. Мұнда «Безбожная» деген көшеде бір бүкір ноғайдың үйінде пәтерде бір жыл ма, бір жарым жыл ма тұрдық. Мен ет комбинатына жұмысқа кіріп, қарияларымды асырадым.

Мағжан қайынағам бірде маған: «Бибізайып, қашан болсын, қандай жағдай болсын, әке-шешемді өзің күт. Өзіңнен басқамызға...» деп үндемей қалған еді. Мен одан әрі қазбалап сұраған жоқпын. Ол кезде ештеңе ойламаппын да. Енді ғана Мағжан ағаның көрегендігі есіме түседі. Заман да, тағдыр да бұлардың әулетін тоз-тоз етіп, быт-шыт қылатынын, еркек кіндіктілерінің бірі атылып, бірі айдалып кететінін Мағжан қайдан білген? Шындығында да, кеңес өкіметі «халық жауы» деген жаламен оның туысқандары мен бауырларының атқанын атты, қамауға алғанын қамауға алды. Сөйтіп, ақыр түбінде ата-енем менің қарауымда қалды.

Бекен атамның Қалижан деген баласы Пішпекте (Фрунзеде) тұратын еді, түнделетіп келіп әке-шешесімен мені Қырғызстанға алып кетті. Ол кезде біз күндіз жүре алмаймыз, қорқынышты. Үнемі үреймен жүргенің, ай, дүние-ай десеңші. Бәрін де бастан өткіздік. Онда біз айналадағы адамдардан қорқамыз. Бәріне күдікпен қарайтын едік. Қайсысы бізді ұстап береді, деген оймен жүргенің. «Біріміз - Қырымға, біріміз - Қытайға» дегендей, тірі қалғанымыз бас сауғалап елден безіп кеттік.

Пішпекте енемнің (Гүлсімнің) Қапар деген немере інісі тұрады екен. Соған бардық. Онда бізге кім баспана салып, дайындап отыр дейсің. Киіз үй тігіп, қала көшесінің бір қалтарыстау жерінде тұрдық. Бір жылдан кейін сеніп барған Қалижанымызды Ташкентке ауыстырып жіберді. Тағы да біз оның соңынан Өзбекстанға кеттік. Әндижанның арғы жағында Қарасу деген жерге орнықтық. Қазақ айтады ғой, «Бармаған жеріміз, баспаған тауымыз жоқ», деп біз де сондай жағдайға ұшырадық, айналайын.

- Жер-жерді жандарыңызға сая іздеп аралап, қашып-пысып жүргенде сіздер қалай күн көрдіңіздер? - деп сұраймын Бибізайып апайдан.

- Атаның алтын жүзік, сақиналарын сатып, тіршілік еттік. Сэлтайдың төрт мысқал жүзігі бар еді оны да өткіздік.

Өзбекстанда тұрып жатыр едік атам ауыра берді. Бір күні аяқ астынан: «Мені елге жеткізіндер, елге жетейін», деп Бекен атам ағайындармен пойызға мініп Қызылжарға кетті. Қызылжарда атамның үлкен ұлы Әбәмүсілімнің үлкен баласы Махмуттың үйіне пойызда бірге келген серіктері алып келіпті. Сонда баласы танымай: «Бұл кім?»депті. «Өй, әкеңді танымадың ба?» дегенде барып жыламсырап, атасын көтеріп алып үйге кіргізіпті. Сол үйде үш күн ауырып дүниеден өтеді, жарықтық. Атамды Қызылжардың демалыс саябағының арғы басындағы мұсылмандар зиратына жерледі.

- Апай, жұбайыңыз Сәлімжанды өкімет екі рет соттады дедіңіз. Сонда екі ретінде де таққан кінәлары сол бір айып па?

- Бірінші сотталғанда жағдай былай болған: Сэлтай Мағжанның соңынан қуынып Мәскеуге бару үшін қаражат керек болады. Сол үшін жолдасым өзінің екі биесін сойып, сатады. Бұл кезде бізді байдың есебіне енгізіп қойған екен. Малымызды тізімдеп қойған көрінеді. Тізімдегі мал колхоздың малы саналады. Жау болған соң малды қастықпен сатты деп Сэлтайды соттайды. Мезгілін өтеп түрмеден шыққаннан кейін ол жан сауғалап, айнала қашып жүрді. Ленинград циркіне барып, ат күтуші болып жұмыс істеді.

«Ел тынышталды, ауылға қайтыңдар», деп ағайындар хат жазған соң біз 1934 жылы Пішпектен келіп «Сталин» колхозына оралдық.

Жолдасым Сэлтай 1950 жылы колхозда бригадир болып істейтін еді, оған қарамағындағылардың кейбіреулері наразылық білдіріп: «Сәлімжан – байдың баласы, халық жауы Мағжанның інісі, ол Кенесары туралы поэма жазған, екі інісі Америкада жүр, бізге қысым көрсетіп отыр. Біз мұны құртамыз!» деп Сэлтайдың үстінен шағым түсіріп, 25 жылға

соттатты. Оны Қызылжардың түрмесінде екі жыл отырғызды да, Семейге жөнелтті. Соңынан іздеп барып жүрдім. Ол кісі Мәскеуге, Алматыға арызданып, ақыры республикалық сот оның 10 жылын қысқартты да, 15 жылын қалдырды. Сөйтіп жүргенде Сталиннің өліміне байланысты ма, әйтеуір, елге бір жылымық леп жеткендей болды. Соның әсері ме, Сәлтай аман-есен ауылға оралды ғой. Бұл, ұмытпасам, 1955 жыл болатын. Ол колхозда жұмыс істеп жүрді. Мағжан ағаны 1960 жылы ақталады деген қағаз да шықты, соған да қуандық. Ол кісінің ақталып, өлендері кітапқа басылып шықса, Сасықкөлдің басында бір той жасар едім, деп - еді Сәлтай, ағасының құрметіне. Оған тағдыр жеткізбеді, ажалға кім қарсы тұра алған – Мағжанның інісі Сәлтай 75 жасында қайтыс болды. Ол қайтқалы да, міне, 13 жыл болды.

- Сіз Мағжан ағамызды бала күніңізде, жас кезіңізде көрдіңіз ғой. Сол бір сәттерді есіңізге түсіре аласыз ба?

- Ол кісі жаз жайлауға келеді. Әкесі бір үлкен отауды арнайы тіктіріп, Мағжан аға әйелімен екеуі ғана сонда отырады. Біз шайын қайнатып есіктен береміз. Өзі сонда отырып жазады. Не жазатынын өзі біледі. Өлең жазады. Жаңа жазған өлендерін біз оқимыз. Сонда майдың өлеңін де жазды.

- Сол өлендердің есіңізде қалғаны бар ма? - дедім Бибізайып апайға. Ол кісі сонда :

Май кірді, жер құлпырды,

Гүлдер жайнап,

Жібектей көкорайлар

Жатқан жайнап.

Суықтан тоңып өлген

Шыбын-шіркей,

Тіріліп, қанат қағып,

Быж-быж қайнап,

-деп өлеңді нәшімен, өзінің мақамымен оқи жөнелді.

- Есіңізде қалған тағы қандай өлеңдерін жатқа білесіз?-
деп едім апай «Туған жерім – Сасықкөлді» атады:

Алыстан мұнарланып шалқыған көл,

Бетінде күннің нұры балқыған көл.

Жарасып саф күмістей ақ көбігің,

Мап-майда мөлдіріңде қалқыған көл.

Айдын көл, ата қоныс, құт болған көл,

Сусын боп сұрағанға, от болған көл.

Кеше бірлік, ынтымақ түгел шақта

Бейне бір сенің басың сүт болған көл.

Ақиық ақын Мағжан ағамыздың Сасықкөлге арнаған өлеңін Бибізайып апай ерекше шабытпен, даусын көтере бір мүдірместен жатқа оқып шықты. Шіркін туған жер, Сасықкөл осы әулеттің ең қасиетті мекені-ау. Мына кісінің өлеңді оқып отырғандағы кескін-келбетінің өзгеріп сала беруін қара, қалай құлпырып кетті, деп іштей таң-тамаша болдым. Манағы айтып отырған қайғылы уақиғаларын бір сәт ұмытқандай, ғажайып, жаймашуақ күйге еніп, Сасықкөл өңіріндегі базарлы шақтарын, көкорай шалғынды жайлауын есіне түсірді білем апай.

- Апай, Мағжан ағамыз бала күнінде қандай болды екен?

- Үлкендердің айтуына қарағанда, ол кісі жасында бала болып, асыр салып ойнамаса керек. Үнемі өзімен өзі болып, ойланып-толғанғандай жүретін көрінеді. Өте момақан бала болыпты. Шешесі бала кезінде Мағжанды көршінің үйінен елеуіш сұрап әкел деп жіберсе, ол оқтау, болмаса басқа затты алып келеді екен. Далада жүргенді ұнатқан. Табиғатты ұнатып, гүлді шөптерді қызықтайтын болған.

Ол 3-4 жасында ағалары оқыған сабақты тыңдап отырып, бірден қағып алады екен. Сондай зерделі болыпты. Атасының оң тізесінде отырып, үлкендердің әңгімесін тыңдауды жақсы көрген. Елдің айтуы бойынша Жұмабай ағамыз: «Түбінде менің атымды шығаратын осы Мағжаным болады», дейді екен.

Қарағым, осы келгеніңе көп рахмет! Біз Мағжан ағамыздың жазықсыздан-жазықсыз халық жауы атанғанына қорланып жүрдік, япыр-ай, біз, ұрпағымыз ел бетіне бұқпантайламай, тура қарайтын күн болар ма екен, деп армандаушы едік. Алла арманымызға жеткізді, шүкірлік етеміз ғой. Өкініштісі, халық жауы, халық жауының туысқандары деп қанша бауырларымызды жер жастандырды сұрқия саясатты үкімет, оның жандайшап, қолшоқпарлары. Мен соған налимын. Өзімнен туған жалғыз балам бар, одан туған немерелерім бар. Өздерің көріп отырсыңдар, бәрі де қуанып жүр. Енді осы жастардың өмірлері бақытты болса екен. Бұлардың көңілдеріне кірбің түспесе екен деп тілеймін. Айналайын, талабың таудай болсын, бізді қуантқандай, өзіңді Алла қуантсын, - деп Бибізайып апай ризашылық сезімін білдіріп жатты.

Біз манағы ізімізбен машинамызды қалдырған үйге келсек, үй иелері ас дайындап қойған екен. Түн жарым болғанда Қызылжарға қарай жолға шықтық. Бір жақсылығы – боран басылған көрінеді. Әр тұсын қар ұстаған асфальт жолмен үлкен машиналар жүріп, із салып тастапты. Сол ізге біз де түсіп, Қызылжарға таң ата жеттік-ау.

Осылайша ұлы Мағжан туралы алғаш ұйымдастырған телевизиялық хабарымды 1989 жылы қаңтардың 4 - жұлдызында солтүстікқазақстандықтардың назарына ұсындым. Орыс жазушысы, жерлесіміз Иван Шухов 1965 жылы маған сыйлаған Мағжанның портреті де осы жолы теледидар арқылы жарық дүниеге шықты. Халықтың қуанышында шек болған жоқ. Ел-жұрт ақиық ақын Мағжанды мен тірілтіп әкелгендей сезімде болды десем, еш өтірік емес.

Ол хабардан кейін телестудияға хаттар көптеп келе бастады. Көрермендерден бізге жолданған хаттардың тақырыбы – ұлы ақын, жерлесіміз Мағжан Жұмабаевқа арналған. Сондай хаттың бірі Булаев қаласынан келіпті. Хат

иесі Зейнолла Олжабаев екен. Зекең көп жылдар бойы аталмыш ауданда, оның кейбір шаруашылықтарында басшылық қызметтер атқарған, облысқа танымал, ел ішінде абырой-беделі бар азамат екенін жақсы білуші едім. Ол өз хатында былай деп жазыпты: «Мағжан Жұмабаев – бүкіл қазақ халқы мақтаныш ететін дарабоз ақын. Ол Булаев ауданындағы Сарытомар ауылында туып-өскен. Сондықтан Мағжан ағамыз, ақын ағамыз бізге, булаевтықтарға жерлес болады. Мен секілді ауданның барша жұртшылығы аса қуаныш құшағында, тебіреніс үстінде. Өшкеніміз жанды, өлгеніміз тірілді. Мағжан ақынның жырлары біздің аспанымызда қалықтап тұратын болады енді. Мен осы ауданның «Қарақоға» кеңшарында бас зоотехник болып істеп жүргенде Мағжан үйіндегі Зылиха шешемізбен үш жылдай көрші тұрдым, дәмдес болдым. Сол уақытта Мағжан ағаның азды-көпті еңбектерін Зылиха шешейден алып, оқып, тамаша өлеңдерінен сусындаған адаммын. Ал дарынды ақынның бір өлеңі қылаң берсе, елендеп, естігім келіп армандап жүретін азаматтың бірімін.

Жуырда жерлес ақынымыз Мүтәллап Қанғожиннің дайындап, жүргізген телехабарынан Бибізайып апайымыздың естелігін естідім. Отбасымен отырып апайдың әңгімесін тыңдап, қатты тебірендік, көзімізге жас алдық. Бұрынғылар: «Өткен күнде белгі жоқ», деуші еді. Өткен күнде белгі бар екен, дедім Бибізайып апайдың әңгімесін тыңдап отырып.

Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы жуырда бірінші рет Қарағанды облысының «Орталық Қазақстан» газетінде жарық көрді. Оны газетке беруші – Жайық Бектұров ағамыз. Ол кісі сол газеттің бір данасын маған беріп жіберіпті. Мұны сіздерге жазып отырған себебім, «Батыр Баянның» маған да қатысы бар. Баян батырдың қазіргі ұрпағының бірі менмін – алтыншы ұрпағымын. Баяннан – Бұлан – Мұсабай – Баспығұл – Олжабай – мен, Зейнолла.

Ал, шындығында, менен асқан бақытты жан бар ма қазір? Өмірге менің табынып жүретін ақыным қайтып келді, онымен бірге бабам да тірілгендей болды. Кезінде мен Баянның ұрпағымын деп айтуға қорқып, қорғаштанушы едім.

Шүкір, енді менің алдым да ашылды. Менің ендігі тілегім: «Молодежный» совхозына, Булаев ауданына Мағжан Жұмабаевтың аты берілсе, құба-құп болар еді», деп жазыпты Зейнолла Олжабаев бауырымыз.

Мағжан Жұмабаев ағамызды осы төңіректе көзі көрген, білген адам бар ма екен деп сұрастырғанымда бір егделеу адам: «Осы совхозда («Молодежный») Қабиден деген қария бар. Мағжан ағаны көрсе, сол кісі көрген шығар, онымен жолығуыңызға болады», деді. Мағжанның ауылынан дарабоз ақынды білетін адамның шыққанына қуанып кеттім. Сонымен Қабиден ақсақалмен кездесудің сәті түсті. Амандық-саулықтан кейін ол кісі:

- Мағжанды бірнеше қайта көргенім рас. Бірақ ол ағаймен сізбен сөйлескендей, ауызба-ауыз, жақын барып сөйлескен адам емеспін, айналайын. Ал қалай, қандай жағдайда көргенімді айтайын,- деп бастады ол әңгімесін.

- Мағжан аға Сасықкөлдегі ауылына Қызылжарда қызмет істеп жүрген кезінде пар ат жеккен қара пәуескемен Зылиха жеңгей екеуі бірге келетін. Мен сол тұста 11-12 жас шамасындамын. Ауылдың үлкен-кішісі тайлы-таяғымен бірі қалмай, Бекен атаның үйінің жанына жиналушы еді. Балалар жағы пәуеске арбаға, оған жегілген қара арғымақ аттарға қызыға қараушы ек. Ол кезде мұндай салтанатпен жүретін адамдар жоқтың қасы. Мағжан аға мен Зылиха жеңгемізді алдын ала тіктіріп қойған ақ шаңқан үйге түсіретін. Мағжан ағаның да, Зылиха жеңгенің де үстеріне киген киімдері ашпақ. Жеңгеміздің қамзол, көйлегі алтын-күміспен өрнектелген, оқаланған болу керек – көздің жауын алады. Олар ауылдастарымен құшақтасып, қауышып жатады, біз балалар меймандардан көз жазбай, әрбір қимыл, іс-

әрекеттеріне қызықтай қараумен боламыз. Мағжан аға сұлу кісі еді. Орта бойлы, аққұба жүзді, шашы қап-қара, бұйра болатын. Таңертең ақбоз атқа салт мініп, орман аралап кететін еді. Мен ол кісіге жақындап, қасына баруға ұялушы едім. Жасқаншақ болдым ба екен? Неге жанына барып, сәлем бермедім екен, деп ойлаймын қазір.

Мағжан ағаның ақшаңқан үйде отырып жазған өлеңдерін балалардан алып оқитынмын. «Шіркін-ай, Мағжан аға сияқты болсам!» деп армандаушы едім. Жалғыз мен ғана емес, біздің ауылдың барлық балалары менше армандайтын. Бірақ Алла біздің бәрімізге бірдей талантты бере-бере ме? Өміріміздің өзі быт-шыт болды. Колхоздастыру, аштық, сталиндік репрессия, одан Отан соғысы килікті. Бәрін де бастан өткердім. Қазір «Молодежный» совхозында тұрамын, соғыс ардагерімін,- деді Қабиден Аханов ағай.

- Осы совхоздың атын нақақтан опат болып кеткен ақын ағамыз Мағжан Жұмабаевтың атымен атаса, қандай ғажап болар еді. Мұндай ұлыларды кейінгі ұрпақ білуі керек қой,- деп қария жүрегінің тереңінде жатқан ойының ұшын шығарып қалды.

Досым, ақын, журналист Владимир Шестериков маған бір күні телефон шалып:

- Біздің редакцияға («Ленинское знамя») бір адамнан хат келді. Ол өзінің хатында Мағжан Жұмабаевтан сабақ алғанын айтады. Өзі телестудиядан алыс тұрмаса керек. Пушкин көшесіндегі 40-үйдің тұрғыны көрінеді, - деді.

Иә, ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың оқушысынан келген хатты оқығанда бір жағынан көңілімізді қуанып кернесе, екінші жағынан таң қалып, таңырқаушылығымыз да болатын. Жерлес ақынымыздың өмірі мен шығармашылығы жағынан әлі де оқырманьына белгісіз болып келе жатқан ақтандақ тұстары мол. Кімге болса да бұл белгілі жәйт, Мағжан ақынның еңбектері түгіл оның есімін атаудың өзі өте қауіпті болды ғой. Алпыс жыл бойы аты аталмаған ұлы

суреткердің өмір жолында да, жыр-дастандарының жазылу тарихында да сыры беймәлім құпиялары баршылық. Жиырма-масыншы ғасырдың әйгілі жазушыларының бірі Максим Горькийдің және оның әйелі Пешкованың көмегімен ақын тұтқыннан босап шығады. Карелия тайгасындағы лагерьден бостандыққа шығысымен «Туған елім қайдасың?» деп Қызылжарға бір-ақ тартқан ғой. «Мағжан сен тар жерден шықтың, Ленинградта бола тұрайық. Дем алып, тынығып, өз-өзіңе келіп алған дұрыс», деп кеңес берген Зылиха жеңгемізге:

- Құрысын бәрі де. Елге жетейікші, - деген көрінеді. Мағжан ағамыз туған қаласына аман-сау келісімен осындағы Пушкин атындағы мектепке мұғалім болып орналасады. Жоғары сыныптарға орыс тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Хатта көрсетілген мекен-жай бойынша Владимир Шестериков екеуіміз және қасымызда кинооператорымыз бар – бәріміз Пушкин көшесіндегі 40-үйге келдік. Хат иесімен әңгімелесіп отырмыз. Жас шамасы жетпістерге еркін келген, бірақ әлі де пысық тұлғалы, қарапайым орыс әйелі. Аты-жөні Татьяна Павловна Нетесова екен. «Жуырда «Ленинское знамя» газетінің бірінші бетінде өзіме таныс адамның суреті басылыпты. Олай қараймын, былай қараймын, қайда көргенімді ұмытыпшын. Газетте аты-жөні бар шығар деп, оқысам, Мағжан Бекенұлы Жұмабаев деп жазылыпты. Сосын барып есіме түсті. Бұл кісі менің мұғалімім болған.

Бұрын бұл мектепті Ручкин мектебі деп атайтын. Соғыстан бұрын ол мектепті қос қабатты жаңа үйге көшірді де, мектепке А.С.Пушкин атын берді. Ұмытпасам, 1936-37 оқу жылы болу керек, мен 6-сыныпта оқыдым. Мағжан Бекенұлының сырт кейпі өте көрікті, әрі байсалды көрінді бізге,- деді Татьяна Павловна.- Біздің сыныптың балалары қазақ азаматының сабақ бергенін бірінші көруі. Сондықтан алғашқы күні ол кісімен кездескенімізше бәріміз сырттай

олқысынып жүрдік. Өзін Мағжан Бекенұлы Жұмабаев деп таныстырған сәттен-ақ балаларды өзіне баурап, орыс тілінде мүлтіксіз сөйлейтінін танытып тастады. Ол сөйлеп тұрғанда оның түріне қарамаған адам орыс деп қалатындай еді. Мағжан Бекенұлы өте мәдениетті, сыпайы, ешкімге дауыс көтермейтін адам болатын. Орыс тілі грамматикасы бойынша сабақ өткізгенде тақтаға мысалдарды ойынан жазатын еді. Сыныптағы 30 оқушы бұл ұстазымыздың сабағын бар ынтасын салып тыңдайтын болды. Сол тұста біздің сыныптың орыс тілі мен әдебиетінен үлгерімі де әжептәуір көтерілді. Сабаққа жүрдім-бардым қарайтын оқушылардың өзі талпыныс үстінде екенін көрсеткен.

Ол ұстазымның орыс әдебиетінің классиктері Пушкин, Лермонтов, Некрасов шығармалары туралы өткізген сабақтары менің әлі күнге есімде. Мағжан Бекенұлы ол ақындардың шығармаларын жатқа оқитын еді».

«Менің әкем мен шешем оқымаған, қараңғы адамдар болған. Екі қолдың күшімен күн көріп, бала-шағаларын асырап, тәрбиеледі. Ал мен болсам оқуға зерек болдым. Пушкиннің, Лермонтовтың өлең-поэмаларын көп оқитын едім. Қолдары жұмыстан босағанда әке-шешем сол кітаптарды маған оқытушы еді. Менің әдебиетке құштарлығымды байқаған Мағжан Бекенұлы бір күні мектепте «Таня, сен Пушкиннің «Ескерткіш» деген өлеңін оқышы», дегені әлі есімде. Ұстазымның маған ол өленді неге қалап оқытқанын осы күнге дейін түсінбедім,- деді Татьяна Павловна ащы өмірінің іздері іспетті айқұш-ұйқыш әжімді жүзін сипап қойып.- Ол кісі біздің мектепте жарты жылдай ғана сабақ берді. Бір күні ұстазымыз Алматыға кетіпті, ол қазақтың керемет ақыны екен, деген қауесетті ғана естідік. Содан кейін Мағжан Бекенұлы Жұмабаевты көрген жоқпын». Татьяна Павловна жеті сыныптық білімімен соғыстың өрт-жалынды жылдары өзінің еңбек жолын бастауыш мектепте мұғалім болудан бастапты.

Соғыстан кейінгі жылдары қаламыздағы зауыттардың бірінде құрметті демалысқа шыққанша жұмыс істейді. Бір ғажабы оның әдебиетке, поэзияға деген құштарлығы, сүйіспеншілігі арта түспесе бір кеміп көрмеген. Жасының ұлғайғанына қарамастан, кітап оқуды өмір бойғы дағдыға айналдырып, оны рухани азық деп түсінеді.

Қазақтың ұлы ақыны, жерлесіміз Мағжан Жұмабаевтан дәріс алған орыс қызы, міне, осындай.

Мен 1989 жылы ақын ағамыз Мағжан Жұмабаевтың шәкірті болған Татьяна Нетесовамен болған әңгімемізді Қызылжар телеарнасынан көрсеткен едім.

Жүрген жерімде қарияларды жолықтырсам, оларды әңгімеге тартып, өткен-кеткеннен сыздықтап сыр тарта бастаймын. Біраздан соң қарияның көңілі көлдей болып, қаптың аузы шешілген тұста Мағжан жайынан да не біледі екен деп сұраймын ғой. Көпшілік қарттар ақынның есімін білгенмен, басқа ештеңе білмейтін болып шығады. Өйткені, ел-жұрт, әсіресе, қарттар жағы Мағжан атын атаса, бір пәлеге ұшырайтынын біліп, бұрыннан қорқып қалған, оның атын атауға әлі де сескенеді. Мұндай үрей, қорқыныш біздің байғұс қарттарымыздың миында, сана-сезімінде қорғасындай ұйып, қатып қалғанға ұқсайды. Мағжан ағамызды көрген-білген адамдар да азайды. Кейбір көргендердің жағдайы жоғарыдағыдай. Ұлы ақын жайында білгендерін сыртқа шығара алмай, о дүниелік болып кетті. 1990 жылдары көрші Қорған облысының қазақтар қауымы құрылтай өткізіп, соған мен де қонақ ретінде шақырылдым. Қасыма киноға түсіретін азаматты ерте барғам. Құрылтай өтетін жер – Петухово стансасы, бұл өзі аудан орталығы да. Қорған облысы қазақтарының құрылтайына қатыса жүріп, осы жақта тұратын, аталмыш жиынға келген қарттармен жолығуды ұйғардым. Мақсат – оларды әңгімеге тартып, өткеннен сыр сабақтау ғой. Қарттардың сөздері жақсы. Бұл жақта тұратын қандастарымыз ескіден келе жатқан қазақы

салтты да, өзімізге тән ерекшелігімізді де, қысқасы, менталитетімізді сақтап келе жатқан адамдар.

Халық дегенің қарақұрым. Осы көптің ішінен жұқалтаң келген, орта бойлы қара торы қарт мені әудем жерден көріп, қасыма келді. Сақал-мұртын әдемілеп қырған шалдың жүзінде әжім де онша байқалмайды. Ақсақалға сәлем беріп, жөн сұрастым. Ол кісі жуырда мені теледидардан көргенін айтты. «Сонда сіз Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» қиссасынан біршама өлең оқыдыңыз», - деді қарт.

- Иә, Мағжан ағамызды және оның шығармаларын халыққа таныстырып жүрміз,-дедім.

- Айналайын-ау, мен ол кісіні көрдім ғой-, деп шал көзіне жас алды.

- Түбім Керей, Шағалақ деп атайды біздің атамызды. Менің туып-өскен жерім мына Тауағаш ауылы,-деді шал ел жақты иегімен нұсқап. Мен елден 1928 жылы аласапыранда кеткенмін. Содан бері осы арадамын. Қорған облысының Макушин ауданында тұрғаныма 60 жыл болды.

- Бала-шағаңыз, өсіп келе жатқан ұрпағыңыз бар ма, ақсақал?-деймін, әңгімені әрі қарай өрбіткім келіп.

- Бар,төрт немерем қолымда, тұрмысым жаман емес. Атым – Тілембай, Балғабай баласымын. Жасым 83-ке келді. Көп жүрдім, көп көрдім. Есілкөл жағында да болдым.

- Манағы бір әңгіменізде Мағжан Жұмабаевты көрдім деп едіңіз. Бүгінде ондай текті адамдарды көргендер некен-саяқ.

- Оны көргенім,- деп бастады әңгімесін Тілембай ақсақал.-Қарақоға деген станса бар, соның арғы жағында бір Керейдің елінде болдым. Сол арадан кейін Есілкөлге көшіп барып, онда Мағжанның Қаһарман деген ағасымен көрші тұрдым. Біз сыйласып, біріміз аға, біріміз іні болып жүрдік. Қаһарман – ұзын бойлы, ірі кісі еді. Өте кішіпейіл. Бір күні таңертең Қаһарман келді біздің үйге. Мамыр айының іші

болатын. Мені құрдас деп атаушы еді. Құрдас, үйдемісің, деді есіктен кірер-кірместен.

- Иә, үйдемін, аға.

- Қарағым, сен жақсыны көргің келе ме? - деді.

- Е, неге көргім келмесін?! Жаспын, айхай жиырма бестегі кезім.

- Қарағым, жақсыны көргің келсе, Мағжан ағаң түрмеден шығыпты, соны көріп кел. Қарагер биемді жегем, ал құнаныңды жанына парға сал, балам Ғаділша, жеңген, үшеуің барып келіндер. Мен елге бара алмаймын. Көкмешіттен алыс емес, Безбожный деген көшеде Мағжанның үйі бар, сонда барасыңдар. Арбаға бір сүйретпе қымыз, бір тоқты саламын. Осымен барып қайт, шырағым,- деп тапсырды Қаһарман ағай. Менде екі сөз жоқ:

- Жарайды,- дедім. Сонымен үйден шыққан күні жүріп отырып Булаевтың түбінде бір қондық та, екінші күні сәске кезінде қалаға кірдік. Қызылжарға келсек, Мағжан үйінің терезесінен қарап отыр екен. Біз келгенде қақпаның алдына шыға келді. Қақпаны ашып, бізді қошеметтеп қарсы алып, үйге енгізді. Аз-кем отырып, атымды ағытайын деп далаға шықсам, Мағжан ағам оны өзі ағытып байлап қойыпты. Қандай кішіпейілділік десейші. Сосын: «Ана қойды соя қояйын», деп ыңғайландым. «Қарағым бір жыл болды қой соймағаным, өзім соямын, үйге кіріп отыра бер», - деді. Әлгідей болмай ол кісі қойды сойып, үйге кіріп, бәріміз әңгімелесіп отырдық. Сол үйде бір түн қондым. Мағжан ағамен түннің бір уағына дейін әңгімелестік.

- Байқап отырсам сіздің сөзіңіз осы үкіметке қарсы емес, тіпті жақын сияқты көрінеді маған. Сонда Сізді не үшін түрмеге жапты?- дедім себебін білгім келіп.

- Әй, қарағым-ай, мен әлі түрмеде отырмын, мен түрмеден шықтым деп ойламаймын. Мені бұлар бір жыл сынайын деп шығарып отыр,- деді Мағжан аға.- Менің мынадай өлеңім бар. Соның бір-екі ауызын айтайын:

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,
Сұм өмір абақты ғой саналыға.
Қызыл тіл, қолым емес кісендеулі,
Сондықтан жаным күйіп жанады да.
Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң,
Толғанып қарауым сол баяғыға.
Түйіннің тоқсан түрлі шешуі бар,
Әдемі ертегідей баяғыда.
Әдемі өткенді ойлап айнымасам,
Сұм өмір күшті уын аяды ма?
Ертегі уатпай ма баланы да,
Сөз сиқыр ғой, жазбай ма жараны да?
Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған,
Еркімен өзі-ақ отқа барады да,

- деп, өзімді өзім отқа салып тұрмын ғой, осымен кеттім ғой,- деді. - Мен Алашорда жағында болдым. Алаштың ерлері туралы мақала жазбақ болып, Көкшетауға барғанда бір ақсақалға кездесіп, ол маған бір түн бойы Батыр Баянның ерлігі, батырлығы жайында әңгімеледі. Үйге келген соң үш жүз жол қисса ғып жазып шығардым. Мұным үкіметке ұнамады, сонымен кеттім, қарағым, - деді Мағжан аға.

Жас кезім ғой, бір түнде сол өлеңді жаздырып алып келіп едім. 1941 жылы соғысқа кеттім. Майданда жүргенімде әйелім қайтыс боп кетіпті Үйімнің іші тоз-тоз болып, еш нәрсем қалмапты. Кеше Қызылжардың телеарнасынан Мағжанның «Батыр Баян» қиссасын бергенде мен сол жырға қосылып кетсем керек. Үйде құдағиым да теледидар қарап отыр еді. «Атама қараңдар, анау өлеңге қосылып кетті», деп күліп отыр. Қарағым-ай, ол ақын Мағжанның өлеңі ғой. Мен Мағжан ағаның бұл өлеңін жаттап алған едім.

- Ал, енді Мағжанды көрсеңіз, ол кісі қандай адам еді?- деп сұрадым.

- Аққұба, сұңғақ бойлы дер едім. Аппақ қудай кісі еді. Түрмеден шыққан адам ағармағанда қайтушы еді? Ол да бар шығар. Ал енді сөзге тамаша шебер, жәй сөйлеп отырғанда тақпақтап, өлең шығарып отырғандай сөйлейді екен,- деді қарт шынымен қайран болып.


- Мағжанға басқа туыстары да келе алмаған-ау?-дедім тағы да.

- Келе алмады. Қаһарман менімен бірге бір стансада тұрды, бірақ Қызылжарға келе алмады. Оның елде жүргенін біреу көріп қалса, «үндемеске» хабарлап қояды. Содан соң халық жауының ағасы деп ұстап әкетеді. Ол кісі осыдан қорықты.

Соғыстың қайнап тұрған кезінде Қаһарман ағаның әйелі Ғаділша деген ұлымен Макушиндегі менің үйімде болып еді. Оларды содан кейін көре алғам жоқ.

Мағжан ағаның кескін-келбеті, аздап ақ қырау шалған қара шашы күні бүгінгідей көз алдымда. Сөйлеген сөзі, өлең оқу мақамы, әдемі дауысы көңілімде, құлағымда саңқылдап тұр. Алашым, қазағым деп құрбан болған арысымыз ғой. Опасыз сұм дүние-ай!- деп қария көзіне жас алды. Тебіреніп кетті.

Мағжан 1938 жылы НКВД жендеттерінің қолынан мерт болғаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысының әр ауданынан арнайы милиционерлер шығып, ауылдардан ақынның шығармаларын іздестірген көрінеді. Ауыл қарттарының айтуынша, олар үй-үйді аралап, жастардан да, кәрілерден де Мағжан өлеңдері басылған газет-журналдарды, кітаптарды сұрастырып, тіпті кейбіреулерді қорқытып-үркітіп, ел-жұрттың үрейін қашырған екен. Елдің айтуына қарағанда, мұндай сорақылық әсіресе, Булаев ауданының Сарытомар, Ленин, Еңбекші қазақ және Сулышоқ ауылдарында аса қатты жүргізіліпті. Бір ақсақал Мағжанның бір топ өлеңдерін Құранның арасына жасырса керек. Жер үйдің төргі қабырғасында ілулі тұрған айнаның



сыртына қойған Құранды милиционер қолына алып, парақтарын ақтарғанда жерлес ақынның бірнеше өлеңдері шыққан ғой. Ауданнан келген органның адамы тауып алған өлеңдерді Құранмен қоса далаға алып шығып, ауыл адамдарының көзінше өртеп жіберіпті.

Мұндай сұмдық жайлар жалғыз Булаев ауданында ғана емес, басқа өңірлерде де болған деседі кәрікұлақ қариялар.

Ленин (қазіргі Есіл) ауданына қарасты Қарағаш және Алқа ауылдарына да милиционерлер барып, барлық үйді тінтіп шығыпты. Бұл туралы Алқа ауылының тұрғыны Атамбай Әсембаев айтып отырушы еді. Атамбай қария мұсылманша оқығаны бар, өз кезеңіндегі білімді адамдар санатында болса керек. Сол кісінің үйінен де іздеушілер Мағжан ақынның «Батыр Баянын» тауып алыпты. Атамбай ақсақал Мағжанның шығармалары бар ма сізде деп милиционер сұрағанда, өзі аңқылдап айтып қойыпты. Осы ауылда Әбілқас деген үлкен молда болды. Әлгі милиционерлер бұл кісіден де Мағжан өлеңдерін сұрағанда:

- Қарақтарым, мен өлең оқымаймын, аят оқимын,- деп бір-ақ қайырыпты. Ақын шығармаларын сол ауылдағы балалардан да тауып алыпты – оларды алдап-сулап, кейбіреуін қорқытқан ғой. Әйтеуір, не керек, асыл ағамыздың қолдарына түскен кітаптарын, өлеңдерін отқа салып өртеген екен милиция қызметкерлері.

Кенес өкіметінің ұлы ақынға осындай өшпенділігін көрген ел-жұрттың оны халық жауы демеуге лажы бар ма?! Мағжанның өлеңін сақтамақ түгіл, атын атауға да дәтін бармайтын заман туған. Өйткені, оның туған-туысқандары, құда-жекжаттары, жора-жолдастарына қоса, тіпті Мағжанмен табақтас болған, кездесіп, сөйлескен деген желеумен ондаған адамдар атылып, айдалып кеткен жоқ па?!

Шындығында, осынау жауыздықтың сыртында ақынның дара дарынын көре алмаған, оның өз тұсынан

озық білімпаз, Алланың ерекше жаратқан жаны екенін мойындағысы келмеген, көре алмаған, күншіл, қара ниет адамдар тұрған еді.

Қазақтың ұлы ойшыл ақыны Абайдан кейін дүниеге келген дарабозымыз Мағжан Бекенұлы Жұмабаев халық жауы деген жаламен сталиндік репрессияға ұшырап, 1938 жылы атылып кетті. Түркістан әскери округінің 1960 жылдың 8 шілдедегі шешімімен Мағжан өлгеннен кейін ақталды. Ал оның толық ақталуына тағы да жиырма жыл керек болды.

Тағы бір қасірет, міне, осында. Қазақтың Мағжанын сұқпаны сүймейтіндер әлі де бар болып шықты. Олар әлі де мықты орындарда мықтымсып отыр екен.

Ақыры әділет жеңді. Қазақ мәдениеті мен әдебиетіне аса зор еңбек сіңірген ұлы ақынның рухы енді ғана туған жеріне оралып отыр. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанды. Мағжан ақын Қазақ еліне жүздеген жылдар бойы аңсап күткен егемендігімізді ала келгендей болғаны да рас. Осындай қуаныш үстінде ақиық ақынға көрсетер құрмет те зор болуға тиіс. Мұнымен қоса Мағжан Жұмабаевтың туғанына 100 жылдық торқалы тойы да жақындап қалған.

- Біз қазір Мағжан, Мағжан, деп улап-шулап жүрміз ғой. Бірақ осы жерлес ақынның қолымызда еш шығармасы жоқ. Алматыдағы жазушылармен сөйлесем, эне-міне кітабы баспадан шығайын деп жатыр, дейді. Көпшілік жұрт ақынның шығармаларымен танысқылары келеді,- деді бір жиналыста облыс әкімі Владимир Гартман өкініш білдіре. Мәдениет басқармасын басқарып жүрген Виктор Лапухин көзі күлімдеп мен жаққа қарады да:

- Облысымызда Жазушылар одағының мүшелері бар – Қанғожин, Шестериков,- деді. Ол «ку» менде Мағжан Жұмабаевтың қолжазбаларының барлығын көптен білетін еді. Өйткені, ақынның жырларын ауылдағы шалдардан, Бибізайып апайдан, ақын, аудармашы Хамза Абдуллин

ағадан, тағы сол сияқты көзі ашық, көкірегі ояу адамдардан жинағанымды, өткен ғасырдың алпысыншы жылдары машинкаға бастырып, облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Әнуарбек Шмановқа, журналистер Дүйсенбі Әуелбековке, Тұрсынбай Кәкімовке және басқа да «аузы берік» азаматтарға таратқан едім. Ақынның өлеңдерімен осылайша танысқандардың бәрі де тамсанып айтып жүретін. Солардан ол да естіген болу керек. Мағжан ағамыздың бірлі-жарым өлеңін Владимир Шестериков та орысшаға аударған. Тамаша, деп ол да таңдайын қағушы еді.

- Егер Мағжан шығармаларын баспада басып шығаруға мүмкіндік тапсаңыздар, мен қолжазбадан құрастырып беруге дайынмын,- дедім. Орыс тілінде бұл кітапты ақын Владимир Шестериковтің әзірлеп беретініне сенімім барлығын білдірдім.

- Бұл дұрыс болды. Енді дереу кітапты бастырып шығару керек,-деді облыс әкімі.

- Жігіттер тездетіңіздер,- деп атаулы күнге уақыттың аз қалғанын ескертті. Кітапқа «Сарыарқаны сағындым» деген атау беріп, облыстық «Ленин туы» газетінің бас редакторы, досым Бақыт Мұстафинге апардым.

- Ақиық ақынның кітабын қатесіз, сапалы шығарайық. Бұл өңірде асыл ағамыздың кітабы тұңғыш рет шығайын деп тұр. Газетші көзіңмен қарап, үтір-нүктесіне дейін сүзіп шықшы,- деп өтіндім. Кітапқа редакторы Бақыт Мұстафин деп, есімін де жазып қойдым. Сонымен бір айдың ішінде Мағжан Жұмабаевтың «Сарыарқаны сағындым» деген жыр жинағы алғаш Қызылжарда оқырман қолына тиді.

Досым, орыс ақыны Владимир Шестериков та ұлы Мағжанды орыс тілінде жырлатып, «Летящее пламя» жинағын Қызылжар баспасынан шығарды. Сөйтіп, ел-жұртты аса дарынды ақын ағамыздың әсем жырларымен сусындаттық.

Солтүстік Қазақстан облысының зиялы қауымы Қызылжардың бір көшесін және бір алаңын Мағжан Жұмабаев атымен атауды ұйғарған. Халықтың бұл өтінішіне қалалық кеңес атқару комитетіндегілер оң көзқарас танытып, Мағжан атына лайықты алаң іздестіре бастаған-ды.

Тың эпопеясының 30 жылдық мерекесі тұсында Петропавл қаласының Куйбышев аудандық атқару комитеті Коммунист көшесі мен Интернационал көшесінің қиылысындағы алаңға ескерткіш қою жөнінде ұсыныс жасады. Ол монумент алаңның ортасында, Қарағанды политехникалық институты филиалы үйінің қасында бой көтермек еді. Сөйтіп бұл алаңды «Тың алаңы» деп атаймыз деп біраз жұрт шуылдасты да, соңынан бәрі ұмыт болып қалды. Бұл мәселемен қайтып ешкім айналысқан да жоқ. Әйтеуір, осы жерде бір дөңкиген тастың бірнеше жыл бойы жатқаны анық.

- Бұл алаңды бұрынырақта ғарышкер жерлесіміз Шаталовқа да берген, - деп шықты кейбір адамдар.

Бұл кезде Қызылжар қалалық халық депутаттары кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары болып Болат Сәрсенбаев ініміз істейтін еді. Бірде ол журналистермен кездесіп, алаңға Шаталовтың да, тыңның да аттары берілгендігі туралы ешбір құжаттың жоқ екенін жеткізді. Кезінде Куйбышев аудандық атқару комитеті ресми қаулы да қабылдамаған көрінеді. Қысқасы, бұл алаңға ешкімнің аты берілмеген болып шықты.

Әйтсе де, қаланың бір көшесін де, біз, зиялы қауым таңдаған алаңды да бірден Мағжанның еншісіне бере қою қиынның қиынына айналды. Себебі, ақынды қаланың көпшілік халқы білмейді. Сондықтан жұртшылыққа да, қалалық ономастикалық комиссия мүшелеріне де Мағжан Жұмабаевты кеңінен таныстыру қажет болды.

«Ленинское знамя» газетінің 1992 жылғы 23 мамыр күнгі нөмірінде жарияланған «Площадь Мағжана» деген мақаласын автор қалалық атқару комитетінің атынан қала тұрғындарынан пікір айтуды сұраумен аяқтаған екен. Сөз етіліп отырған алаң Мағжан Жұмабаевтың есімімен аталуы керек пе, жоқ па – пікір, міне, осы туралы болуы қажет.

Мұндай пікір айту үшін, алдымен, Мағжан Жұмабаевтың кім болғанын егжей-тегжейлі білген дұрыс. Оны білмей айтылған пікір әділетсіз болады.

Осы тұста «Қазақ тілі» қоғамы облыстық ұйымының басқарма мүшелері Мүтәллап Қанғожин, Қабдөш Қалиев, Қайырлы Тілеужанов, Зейнолла Әкімжанов, Сабыр Сеңкібаев, Газет Әбішев, Рәшит Бәдірленов және Рахмет Жұсыпов аталмыш мәселе және газетте жарияланған мақала жөнінде өз ой-пікірлерін былайша білдірген еді:

«Ең алдымен, Мағжан Жұмабаев – қазақ халқының ұлы ақыны, қазақтың Пушкині.

Сондықтан да жазықсыз жазаға ұшырап, республикамызда отызыншы жылдары орын алған зорлық-зомбылықтың құрбаны болып кете барған Мағжан Жұмабаевтың қоғамдық-саяси, педагогикалық және әдеби қызметі туралы тарихи шындық толық көлемінде қалпына келтірілгенде бұған бүкіл қазақ халқы қуанды.

Мағжан В.Лениннің еңбектерін, М.Горькийдің, Д.Мамин-Сибиряқтың шығармаларын қазақ тіліне аударған адам. Мағжанның сүйікті ақындарының қатарында Абаймен бірге А.С.Пушкин, М.Лермонтов, А.Блок, тағы басқа көрнекті ақындар тұр. Мағжан Гетенің, Гейненің өлеңдерін аударып, өзінің қазақ жұртына ұсынды. Мағжанның өз өлеңдерінің басты өзегі еңбекші халықтың ауыр халі, әйелдерді азат ету тақырыбы, қатыгездік пен озбырлықты жою болды, ұлт-азаттық күресін жырға қосты, қазақ халқын оқуға, бірлікке, терезесі тең жұрт болуға шақырды. 1918-жылы «Бостандық» деген өлеңінде барлық жарлы-

жақыбайларды дүр сілкіндірген Октябрь революциясын
жыр етті. Ал «Қызыл жалау» атты өлеңінде:

Жалындай жалау кімдікі,
Тұрағы – тарғыл тас қия,
Арбаңдаған Азия,
Жалындай жалау сонікі.
Ендеше, қазақ, сенікі!

Кімнің ұлы құл болса,
Тұлымдығы тұл болса,
Қанды жас жалау сонікі,
Ендеше, қазақ, сенікі!

- деп жазды. Осылай жырлаған ақынды еңбекші халықтың
жауы дегенге кім иланар?

Халықтың ардақты перзенті, асыл сөздің зергері Мағжан
Жұмабаев ортамызға қайта оралғанда қуанышымыз
қойнымызға сыймады. Оның 1989 жылы 5 тамызда Булаев
ауданындағы туған топырағында өткен әдеби күндеріне
Алматыдан арнайы келген қонақтарды айтпағанда, бір жағы
Түмен, Омбы, Қарағанды, Ақмоладан, Қостанай мен Орал-
дан қазақтар жиналды. Қалың қауым нақақтан қазаға
ұшыраған ұлы ақыны тіріліп келгендей қуанышқа бөленді.

Ал біз бүгін Қызылжарда Мағжанның атымен атауға бір
аланды қию керек пе, жоқ па деп, соны облыстық партия
комитеті органының бетінде сөз етіп, пікір жиып жүрміз.
Қазақ халқының Мағжанға деген сүйіспеншілігін
қорлағандық болып жүрмесін! Плюрализм керек қой, бірақ,
плюрализм тұтас бір ұлттың ақ ниетін аяғына таптата ал-
майтын шығар дейміз.

«Ресейдің кейбір саяси күштерінің итермелеуімен
ұлтаралық қатынасқа салмақ түсіріліп, казактар қозғалысы
етек алып, әр жерде сепараттық көзқарастар күшейген тұста
Нұрсұлтан Әбішұлының тапсырмасымен Әбіш
Кекілбаевпен бірге бір топ “дуалы ауыз” ғалымдарды ертіп

Орталық, Солтүстік облыстарды бірнеше рет араладық. Көптеген адамдармен кездестік. Сұрақ-жауап пікіралысулар өткіздік. Әртүрлі үлкенді-кішілі аудиторияларда тәуелсіздіктің, ұлттың, мемлекеттің мұң-мұқтаждары, сұраныс, талаптары, алдағы мақсаттар жайлы лекциялар оқыдық, кейбір жерлерде әртүрлі наразылық митингілерге қатынасып, сабырға шақырып, екпіндерін бәсеңдеттік, себептерін де зерттедік.

Петропавл қаласында жергілікті казактар Коммунистік даңғылын Мағжан Жұмабаев атына ауыстырғанына қарсы болып, наразылық митингісін ұйымдастырды. Жиналғандар алдына Әбекең шығып сөйледі. Қазақтың жерінде ешкім, ешқандай ұлт қысымшылық көрмегенін, қайта қазақ тілі, мәдениеті, дәстүрі шектеліп қалғанын ешкімнің шамына тимей ұғынықты етіп жеткізді. Мағжанның кім екенін айтты. Митингішілер райынан қайтты,- деп жазыпты белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов дарынды жазушы Әбіш Кекілбаев туралы үлкен мақаласында.

Халқымыздың біртуар азаматтарының Қызылжарға сапары дер кезінде, әрі аса сәтті болды. Ақын ағамыз тіршілігінде ешбір рахат көрмеп еді, япыр-ай, өлгенде де сол сәтсіздіктер көлденеңдей беретін болғаны ма?!-деп мойып жүргенім рас еді. Жазушы Әбіш Кекілбаев, Қуаныш Сұлтановтар Мағжанның аруағын аспандатып-ақ жіберді. Халықтың жоғын жоқтап, мұңын мұндап жүретін асыл ұлдарына Жолдыөзек өңірінің елі-жұрты риза болысты. Біздің де еңсеміз көтеріліп қалып еді сонда.

Қызылжар – Мағжанның оқыған, қызмет істеген жері. Ол осы қалада жұмыс істеп жүріп, 1922 жылы Зылихаға – басына ауыр күн туғанда көмекшісі, іздеушісі болған адал жарға үйленіп, шаңырақ көтерді. Мағжан осында «Бостандық туы» (қазіргі «Ленин туы») газетінің редакторы болды. Халыққа білім беру саласында еңбектенді. Осылардың бәрін салмақтай отырып, біз, «Қазақ тілі»

қоғамының Солтүстік Қазақстан облыстық ұйымының басқарма мүшелері «Ленинское знамя» газеті 23 мамырда жариялаған «Площадь Магжана» деген мақала авторы атаған қаламыздағы аланды Мағжан Жұмабаевтың есімімен атаған өте орынды болады, бұл көптеген жерлестеріміздің, әсіресе, қазақтардың ойынан шығады деп білеміз».

Облыстағы газеттер мен телерадио журналистері ақиық ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы жиі жаза бастады.

Мағжанның немере інісі Ғаділша Қахарманов өзінің бауыры туралы: «Өкініші кетпес жәйт сол, Мағжан қаламы нағыз дер шағында тоқтады. 1927 жылы ол елге оралды. Оқытушылық қызметпен айналысты, жаңа жырлар туғызды. Саяси бет-бағытын түзетіп алған Мағжан ақындық шабытының кемел шағына да келген еді. Бірақ, тағдыр бұйрығы басқа болды. Жазықсыздан жазықсыз Карелия концлагеріне қамалды. М.Горький мен Пешкованың (Горькийдің әйелі) көмегімен одан 1936 жылы кесілген мерзімінен бұрын босанып еді, бірақ, бір жылдан аса уақыттан соң Алматыда ежовшылардың қанды шеңгеліне ілікті. Міне, жарты ғасыр бойы біз Мағжан ағамыздан көз жазып қалдық», деп еді егіліп.

Облыстық кәсіподақтар кеңесінің мәжіліс залында өткен ардагерлердің кездесуінде соғыс ардагері Виталий Михайлович Кошкин: «Қазақтың ұлы ақыны Мағжанға мұражай үйін осы қалада салу керек. Көп ақша кетеді деген сөзге мен қосылмаймын. Одан мемлекетіміз жарлы бола қоймайды. Бөлінген ақшаны ретімен жұмсаса болғаны. Себебі, сталиндік концлагерлерде болып, қорлық-зорлықты бастан кешкен ұлы ақын ақыры атылып кеткен. Осындай жерлесімізді, тұлғамызды келешек жастарға таныстыруымыз керек-ақ. Мағжан Жұмабаев туралы мағлұматтар өзінің мұражайында – тарихта қалғаны жөн емес пе. Мен сіздерге мына бір оқиғаны айтқым келіп тұр. Романовтардың 300

жылдығы құрметіне патшалық заманда Петропавлда ескерткіш-мұражай үйі салынды. Міне, сол үй әлі тұр, дін аман. Қазір механикалық техникум үйі есептеледі. Бірақ, оның Романовтардың 300 жылдығы құрметіне салынғанын елдің бәрі біледі. Сіздер ақынның құрметіне алаң, көше оның есімімен аталу керек деп жатырсыздар. Оларың да көңілге қонады. Өте дұрыс. Сонымен бірге, қаламызда Мағжан Жұмабаевтың мұражайы болғаны да жақсы», деген болатын.

Мағжанның өмірі мен шығармашылығын насихаттауда Мәлік Мұқанов, Ұлжан Жұмабаева, Ерік Асқаров, Владимир Шестериков, Бақыт Мұстафин, Болат Қожахметов, Галина Райш, Зейнолла Әкімжанов, Өмір Есқали, Қилаж Мағазов, Виталий Кошкин, Қайролла Мұқанов және басқа да азаматтар ұлы жерлестеріне деген шынайы сүйіспеншіліктерін танытты. Жақсыбай Самрат, Әдия Ысқақова, Болат Бекенов, Сұлтанғазы Біләлов, Сабыржан Әбілмәжінов қала кәсіпорындарының ұжымдарында, оқу орындарында, телестудияда жиі болып, Мағжан ағамыздың қасіретті тағдыры мен бай мұрасын тілге тиек етсе, ал оның бауырлары Сұлтанғазы Біләлов пен Болат Бекенов әкелері атылып, айдалып кеткенде жастайларынан қорлық пен зорлықтың неше атасын көріп өсіп-жеткендерін жылармандай болып айтатын. «Халық жауының балалары болғандықтан бізге деген көзқарас та теріс болды. Сол себептен біз өзгелердей оқып, терең білім де ала алмадық. Үнемі көзге түрткі болып жүрдік», деп теледидардан мұнайып сөйлегендері жадымда.

Алқалы бір жиын облыстық қоғамдық «Долг» клубында өтіп, сонда сөз алған (бұл күнде марқұм болып кеткен) аяулы ағаларымыздың бірі Қилаж Мағазов Мағжан туралы: «Жолыңыз түсіп Ленинградқа бара қалсаңыз, алдыңыздан «мыс салт атты» Бірінші Петр шығып қарсы алады. Германияға сапар шексеңіз, Кобленц қаласында сізге

Бірінші Вилгельм биік тұғырдан қошемет көрсетеді. Оларды былай қойып, Қазақстанның бір қиырына аяқ бассаңыз, қабағы қатулы, қылышы қырық метр Ермак тұрады түксиіп...

Шет елдердің патшалары да, корольдары да, Ермак та қасиетті, қастерлі. Сонда қазақ хандары мен батырлары құбыжық болғаны ма? Неге жер төресі – Қызылжарда, Көкшетауда Абылай тұрмайды қасқайып? Жаужүрек қаракерей Қабанбайымыз бен қанжығалы Бөгенбайымыз қайда? Осыны ертеде-ақ ескерген Мағжан ақын өлеңі бүгінде ұлттық намысыңды оятар батырлық жыры емес пе?!» деп еді.

Ұлы ақынның лирикалық өлеңдерінің бір тобын менің досым Владимир Шестериков орыс тіліне аударып, оны кітап етіп шығарған болатын. Орыс тілді қалалықтар Мағжан өлеңдерімен осылай қауышқан еді. Осындай, көп болып қолға алған ісіміздің нәтижесінде арада көп уақыт өтпей, Коммунист көшесі мен алаң да Мағжан атымен аталатын болды.

1989 жылдың 18 қаңтарында облыстық «Ленин туы» газетінде белгілі ақын, аудармашы, жерлесіміз Хамза Абдуллиннің «Мағжан» деп аталған мақаласы басылды. Сонда ол кісі Мағжан Жұмабаев ағамыздың өмір жолы жайында әңгімелей келіп: «Мағжан 1918 жылы Омбы қаласында мұғалімдер курсын ашып, соның директоры болып қызмет атқарды да, 1919 жылы бірінші қазақ совет газеті «Кедей сөзінің» жауапты редакторы болып істеді. Кейін осы курс та, газет те Қызылжар қаласына көшіп келді.

Екі мекеменің екеуін де Мағжан өзі басқарды», деп жазды. Қызылжардағы мұғалімдер курсы деп отырғаны – бұрын педучилище болған, қазіргі Петропавл гуманитарлық колледжі. Қызылжарлықтар енді аталмыш оқу орнына ұлы ақынның есімін беру керек деген мәселе көтерді. Бұл да жеңіл шаруа емес екенін сезіндік. Облыстық, қалалық пар-

тия комитеттерінің және облыстық, қалалық оқу бөлімдерінің жауапты қызметкерлері бас болып, Қызылжардағы қоғамдық ұйымдардың өкілдері бар – бірсыпыра азаматтар педучилищеге келдік. Оқу орынының ұжымы біздің келетінімізден күн бұрын хабардар болған түрі бар. Себебі, ұжым мүшелері түгел жиналғанға ұқсайды. Мәжіліс залы халыққа лық толы. Жиналғандарға ресми және қоғамдық ұйымдар өкілдері жерлесіміз, ұлы ақын, педагог Мағжан Жұмабаевтың осы оқу орнының алғашқы директоры болғанын, жастарға бірнеше жыл дәріс бергенін және қазақтың Абайдан кейінгі тұлғалы ақын екендігін бірінен соң бірі шығып айтып жатыр. Оларда үн жоқ. Ауыздарына құм құйып қойғандай.

- Сіздер не дейсіздер? Мағжан Жұмабаев ағамыздың атымен осы училищені атасақ қайтеді? Сіздер қарсы болуға тиісті емессіздер ғой.

Көп үнсіздіктен кейін егделеу әйел төмен қарап отырып: «Біз ол адамды білмейміз, естіген де емеспіз». Осы тектес сөзді мұрындарының астынан тағы да екі-үш адам қайталады. Қызыл шытпен жабылған үстелдің орта тұсында отырған директор орнынан ырғала тұрып, шындығында да, біз Мағжан Жұмабаевты білмейді екенбіз деп екі қолын екі жаққа жайды. Жұрт шуласып тарай бастады. Лепіріп келген көңіліміз су сепкендей басылып, училищеден жыларман болып біз де шықтық. Ойлап тұрсаң, бұларға кінә де жоқ. Мұндағы оқытушылардың барлығы дерлік орыстілділер. Мағжанды ол тұста орыстар түгіл қазақтар да білмейтін.

Педучилищедің болған кездесуден кейін қалада әңгіме көбейді. Көпшілік жұрт Мағжан Жұмабаевтың өзі құрған оқу орнындағы бүгінгі педагогтардың білместіктеріне реніш те білдіріп жүрді. Бір жағынан бұл Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығын насихаттауға мықтап кірісу керек екенін ескерткендей болады. Бұдан былай қазақша, орысша шығатын газеттер ақынның өлеңдерін жиі жария-

лап тұрды. Осындай дарынды берген солтүстік өлкесі де
ғажап. Қызылжарда өскен, оқыған ақынды бүкіл түркітілдес
халықтардың бәрі біледі екен деп қуанып, мақтанып
сезіміне бөленген қалалықтар да көбейді.

Қысқасы, ұлы ақын өзінің тамаша лирикаларымен
жерлестерінің жан-жүректеріне біртіндеп еніп, қуанышқа
бөлей бастады. Жолдыөзек өңірі Мағжан жырларының
әсерімен шалқыды, шабыттанды. Қызылжарлықтардың
өтініш-тілегі бойынша Коммунист көшесі мен Интернацио-
нал көшесінің қиылысындағы алаң және Коммунист көшесі
Мағжан Жұмабаев атымен аталатын болып шешілді.
Қуанышшымызда шек болған жоқ. Өзім де аталмыш көшенің
бойында тұрушы едім. Осы мақтанып сезімінен туған жыр
еді:

МЕН МАҒЖАННЫҢ КӨШЕСİNДЕ ТҰРАМЫН

Мен Мағжанның көшесінде тұрамын,
Жаз дидарлы жарқыраған тұрағым.
Көңілімнің келтіреді ол хошын да,
Көкірегіме құйылады жыр-ағын.

Мен Мағжанның көшесінде тұрамын.
Таңды қарсы ап, Күнге сәлем қыламын.
Ұлы ақынға сиынамын құдайдай,
Маржан жыры қолымдағы Құраным.

Мен Мағжанның көшесінде тұрамын.
Қанып ішем оның кәусәр сыр-әнін.
Нұр бақытты халқыменен ақынның,
Тәуелсіздік салтанатын құрамын.

Мен Мағжанның көшесінде тұрамын.
Буырқанып, қайнап, тасып, тұнамын.
Орындалған арманы боп ақынның,
Алаңынан ағытам жыр бұлағын.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 13 тамыздағы № 695 қаулысымен Петропавл педагогикалық училищесіне Мағжан Жұмабаевтың есімі берілді. Қазір бұл оқу орыны – Мағжан Жұмабаев атындағы гуманитарлық колледж.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 23 қарашадағы №490 Өкімі бойынша Солтүстік Қазақстан облысындағы Булаев ауданы Мағжан Жұмабаев ауданы болып аталды. Егемен елдігіміздің арқасында Мағжанның күні туған жерінің аспанында жарқырады. Сөйтіп, ақын жырлары енді байтақ әлемді шарлап, оның өзі дүниежүзі халқының мақтанышына айналды.

Тағдыр – ай десеңші! Кеше ғана халық жауы деп келген Мағжан ақынның жұлдызы Қызылжар аспанында, Қазақия көгінде жарқ етіп, мәңгілікке жанып тұратын болды.

Өзімнің Солтүстік Қазақстан облысындағы «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы және облыстық телевизиядағы қазақ редакциясының бас редакторы қызметтерімді пайдаланып, ақиық ақынның мерекесіне дайындық және оны жақсы өткізу жайында теледидардан жиі-жиі насихаттап жүрдім.

«Құрметті солтүстікқазақстандықтар, дарынды ақын жерлесіміз Мағжан Жұмабаевтың жүз жылдық мерейтойы болатын мезгіл де күн өткен сайын жақындап келеді. Облыстық телерадиокомпанияның журналистері мен бейнетүсірушілері ұлы ақынның туған жері - Сасықкөл өңіріне жиі барып, ақынның дүбірлі мерекесіне әзірліктің барысымен Жолдыөзек өңірінің, Есіл бойының тұрғындарына хабардар етіп келеді.

Халқымыздың шын мәнінде мақтанышына, ары мен ұятына айналып отырған Мағжан Жұмабаевтың ғасырлық мерекесін дарабоз ақынның аты мен затына сай өткізу тек қана булаевтықтардың немесе, Жұмабаев атындағы шаруашылықтың ғана ісі емес, бүкіл солтүстікқазақстандықтардың да зор міндеті, абыройлы борышы деп түсінуіміз керек. Өйткені, Мағжан есімі бүгінде әлем кеңістігінде қазақ деген сөзбен бірдей қатар тұр десем артық айтқаным емес. Түркітілдес елдерде биылғы, 1993 жыл Мағжан Жұмабаев жылы атанып отырғанын да жақсы білесіздер. Осы сөзіміздің дәлелі ретінде өткен айда Түркияда, ондағы Стамбул, Анкара сияқты ірі қалаларда болып өткен Мағжан күндерін ерекше сезіммен айтуға болады. Ұлы ақынның мерейтойын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп айтып жүретін ұлан-ғайыр салтанат етіп өткізу қай-қайсымыздың болсын міндетіміз деуіміз керек. Бұл мереке біздің елдігімізге, тәуелсіздігімізге, тіпті азаматтығымызға сын. Әлемнің әр түкпірінен келетін тойшылар, меймандар Мағжанның елі мен жерлестері жайлы жақсы пікірде болып қайтқаны ләзім. Бұл жөнінде Мағжанның жерлестері, Сарытомар ауылының ақсақалы Елтай Кәкебаев пен аталмыш ауылдағы бөлімшені басқарып жүрген Серікбай Қапаров та орынды айтты. Бүгінде бәрімізге де белгілі болып отырғаны: ұлы ақынның мерейтойы көзінің тірісінде де, о дүниелік болғаннан кейін де аталған емес. Даңқты жерлесіміз, тамаша ақын ағамыздың өмірі де, өлімі де трагедия болғанын жақсы білеміз. «Таланттыға тағдыр өш» деген халқымыздың қанатты сөзі Мағжан ағамыздың барлық болмыс-тіршілігіне арналып айтылғандай. Ардақты ақынның өз басына, оның шығармаларына, тіпті осы өткізілгелі тұрған тойына байланысты қаңқу сөздер күні бүгінге дейін естіліп жатады.

Мұндай жәйттер ұлы адамдардың тағдырына, пешенелеріне бітетін секілді. Байқасаңыздар, күні осы

уақытқа дейін Александр Пушкин, Лев Толстой және басқа ұлылар жайында айтылып жүрген қисынды-қисынсыз әңгімелерде шет-шек жоқ. Біздің жерлесіміз, ұлы Мағжан туралы да осыны айтуға болады. Тіпті осындай дүбірлі тойды өткізудің қажеті қанша дейтіндер де табылып жатыр. Ойлап отырсақ, Мағжан Жұмабаевқа той-думанның қажеті жоқ, оған тойды өткіз, өткізбе – бәрібір. Мағжанның 100 жылдық мерекесі бізге, ұрпаққа қажет, оның ауданына, ауылына керек.

Ұлы суреткердің атымен Сарытомар ауылы мен кеңшарда қаншама тұрғын үйлер, мәдениет ошақтары, мешіт, дәрігерлік орталық, мұражай салынды. Ауыл, кеңшар және аудан орталығына дейін тас жол салынып аяқталуға жақын. Осындай жауапты да күрделі жұмыстарды уақытында атқаруда облыс, аудан әкімшіліктері мен құрылыс ұжымдары белсенділік танытып келеді.

Еліміздегі экономикалық қиыншылыққа қарамастан, Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың, Үкімет, облыс және аудан басшыларының ақын мерекесін, қазақ жырының тойын айта қаларлықтай етіп өткізуге талпынып жатқаны бәрімізді де қуантып отыр. Мағжан тойының бүкілхалықтық мерекеге айналатынына сенім мол», деп қызылжарлықтарға сөз арнауыма тура келген екен бір телехабарымда.

Мен 1961 жылы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика бөлімшесіне оқуға түстім. Осында Марат Әкбаров деген жігітпен таныстым. Ол екеуміз бірге оқыдық. Марат Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Булаев ауданының Ворошилов ауылынан екен. Өзі мейлінше ақжарқын, ашық, жолдастыққа өте жақсы еді. Ұзын бойлы, кескін-келбеті де адам қарарлық, қазақ жігіттерінің ішіндегі сымбаттыларының бірі. Бірде Марат мені пәтеріне шақырды. «Мен сені ақын Мағжан ағамыздың үйіндегі жеңгемізбен таныстырамын», деді ол.

Солтүстікқазақстандық азаматтарды Зылиха апай қуана қарсы алады, деді. Сонымен мен Тимирязев көшесіндегі Зылиха апайдың үйіне досыма еріп бардым. Амандық-саулықтан кейін Марат мені Қызылжардың азаматы, менімен бірге оқиды деп таныстырды апайға. Апай сұңғақ бойлы, дөңгелек жүзді, үлкен қой көзді адам екен. Кезінде аса ажарлы болғанға ұқсайды. Кезінде мұң мен бір жылылық сезімінің сәулесі қатар тұрды. Жас шамасы жетпістің аржағында болса да, жүріс-тұрысы ширақ, бойында тіп-тік ұстайды екен. «Жарады, айналайын, сен де біздің елден екенсің ғой», деп қуанып қалды. Дастарқан жайып, Марат екеумізге шай берді.

Бала күнімнен Мағжан ақынның жырын ауылдың үлкендерінен естіп өскеннен соң, енді ақынның жарын көріп, әңгімелесуге мүмкіндік болып отырғанына қуандым. «Ақын ағаның сізде сақталған өлеңдері бар ма?» деп сұрадым апайдан. Менде ауыл шалдарынан жазып алған біраз өлеңдері бар. Бірақ ол өлеңдер толық емес шығар. Мен олардан естеріне сақтап қалған жырларды ғана қағазға түсіріп алдым, оның өзі үзік-үзік, дедім.

- Қарағым, ауылыңның сол қара шалдарына мың рахмет айту керек. «Үндеместен» қорықпай, ақын ағанның өлеңдерін жадына сақтап жүруінің өзі батырлық қой. Мағжанның өлеңдерін көп адамдар жатқа білді уақытында. Енді олар да азайып барады. Қазір көзі тірілері шалы болсын, бәйбішесі болсын ол өлеңдерді дауысын шығарып айтпайды. Қорқады. Өктемдіктің батпаны езіп, ол бейшаралардың естерін кетірген ғой.

Мен қазір Мағжанның шығармаларын жинастырып жүрмін. Өзіміздің Қазақстаннан мәндіртіп ештеңе таба алған жоқпын. Ағаң халық жауы деп атылғаннан-ақ оның бүкіл шығармаларын өкімет пе, дұшпандары ма жойып жіберіпті. Тіпті газеттерде басылған өлеңдерін өткір ұстарамен ойып тастаған. Ертең осы Алматыдағы орталық

кітапханаға барып, Мағжанның өлеңі басылған газетті алып көрсен, мен айтқан жайға тап боласың.

Менің алатын зейнетақым 20 сом еді, оны жуырда 40 сомға жеткізіп берді. Сол 20 соммен Мәскеуге, Ленинградқа, Ташкентке, Қазанға, Уфаға барып, Мағжанымның шығармаларын архивтерден, газеттерден іздестірдім. 1914 жылы кішкене ғана кітапша болып шыққан Мамин-Сибиряктің «Ақбозатын» Мағжан қазақпалаған болатын, соны және күні бүгінге дейін басқа жазушының аудармасы болып кеткен Максим Горькийдің бірнеше әңгімелерін таптым. Сол жақтан оның көп дүниесін тауып әкелдім. Қарағым мен өзі арабша ғана оқыған адаммын. Мені қинап жүргені, әр уақытта өлеңдері араб әрпімен де, латын әрпімен де, қазіргі кириллицамен де газеттерге, журналдарға басылғаны. Мен латын мен кириллицаға келгенде көп бөгелемін. Кәрілік те бар, қолым, саусақтарым тез шаршап қалады. Дәптер, қағаз сатып алуға ақшам жетінкіремей қалғанда кітапханаға келген адамдардың қалдырып кеткен қағаздарын жинап аламын. Соны пайдаланамын. Қазір қолымда Мағжанның үш кітаптық шығармалары бар. Соларды машинкаға бастырттып жүрмін. Машинисткаларға да ақша төлеу керек қой. Менде ақша жоқ. Сондықтан олар машинкаға басқан өлеңдердің бір данасын өзіне алады, солай келістік. Мағжанның баспадан шыққан кітабын көрсем арманым болмас еді,- деп апай көзіне жас алды.

- Сізге қол ұшын беріп, көмек жасаушылар бар ма?-деп сұрадым апайдан.

- Құдайға шүкір, Мағжанды қадірлейтін інілері үйге келіп, менің халімді біліп, ақшадай көмектерін жасап тұрады,- деді апай.- Олжас Сүлейменов, Мұрат Әуезов, Сәкен Жүнісов тағы осы сияқты жазушы, ақын азаматтар келіп тұрады.

Осы мен отырған пәтерді айналайын Ілияс Омаров алып берді, - деп ризашылығын білдіріп, рахметін айтып отырды.

Сол күні Марат екеуміз Зылиха апайды Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театрына апарып, «Еңлік-Кебек» спектаклін тамашалап қайттық. Мен бұл кісімен әр кездескен сайын өзінің және жұбайы Мағжан Жұмабаевтың өмірінен үзік-үзік сыр тартып жүрдім. Әбден таныс-біліс болғаннан кейін, апай мені өзінің бір бауырындай көріп кетті. Бұл кісінің ақжарқын мінезі маған қатты ұнады.

- Қарағым, мен бүкіл өмірімді Мағжанымның жолына сарп етіппін, - деп еңсесін көтерді ол бірде. Өзіне-өзі қайрат бергендей болды ма, қалай? Сосын сүйікті жарын көз алдына әкелгендей жайдарыланып, өңінде бір жылылық пайда болды. Осы бір сәтін пайдаланып мен де:

-Апай, Мағжан ағамызды басқалардан қызғанған жоқсыз ба жас уақытыңызда? - деп қалдым.

-Жо..о..қ. Мағжан ағаң халықтың Мағжаны еді ғой, қарағым. Рас, біздің үйге ақын ағаңды сұрап қыздар көп келетін. Ол басқа бөлмеде жұмыс істеп отырады, кейде дем алып жатады. Мен ағаңа барып, жастар келіп тұр деймін. Кірсін деген соң, келген адамды Мақаң отырған бөлмеге кіргіземін де, өзім ас үйге барып, шай дайындаймын. Менің оларда шаруам болмайды. Ақын деген, айналайын, сезімнің, сұлулықтың адамы. Мен оған шектеу жасасам, жақсы өлең қайдан жазылады? Мақаң да ренжімей ме?! Онда бір-бірімізге деген сүйіспеншілігіміздің де оты өшпей ме?! Мағжан ағаңның «Гүлсім ханымға» деген өлеңі бар:

Бота көз, сиқырлы сөз, Гүлсім ханым,
Әр жерде өткізсек те өмір таңын,
Кей уақыт көзіңізге көзім түссе,
Ойнайды аласұрып неге жаным?!

Бота көз, сиқырлы сөз, ханым Гүлсім,
Көктегі күн күлмесін, Гүлсім күлсін!

Гүлсім – Күн, көкте ақырын жүзе білед,-
Сүйдіріп, күйдіргенін қайдан білсін!

-деп нақышына келтіріп, әдемі мақаммен Зылиха апай өлеңді жатқа оқып берді.

- Бұл өлеңнің кімге арналып жазылғанын ешкім білмейді. Мағжан ағаң бұл өлеңді өзімен бір кезде Петропавлда қызметтес болған, математика пәнінің мұғалімі Гүлсім Акчуринаға (күйеуінің тегі бойынша) арнаған. Мағжан қатты ұнатқан Гүлсім татар театрына аты берілген Ғалиасқар Камаловтың қарындасы еді. Гүлсім Камалова медбике болып Балқан соғысына да қатысқан, жан сұлулығы мен тән сұлулығы бірдей деуіме болады. Мағжан ағаң Гүлсімге қанша өлең арнап шығарса да, еш көптігі болмас еді. Өзім іштей мақтанып сезіміне бөленуші едім. Мағжанның сұлу Гүлсімге арнаған өлеңін Пушкиннің Анна Кернге арнағанындай дейді көпшілік. Сөйтіп Мағжан сұлулықтың, махаббаттың тамаша суретін сөзбен салып кетті ғой, - деді апай.

- Осы күнде Мақсұтбек Майшекиннің сөзіне жазылған Шәмші Қалдаяқовтың «Бәрінен де сен сұлу» деп аталатын әні халық аузында айтылып жүр. Әдемі ән. Осыны кейбіреулер Мағжандікі деп жүр, - деп едім апайға, ол:

- Майшекин бауырым Мағжанның «Сен сұлу» деген өлеңіне ұқсас етіп жазған шығар. Меніңше, оның да сыры бар ғой деймін. Мағжан ағасының шығармалары түгіл, өзін де жойды дұшпандары. Мақсұтбек пен Шәмші інілері Мағжанның атын осылай бір шығарып, мынау қайдан шықты дегізгілері келген де. Дұшпандары шошыды. Ал қазақ халқы Мағжан тіріліп келгендей қуанды емес пе?! Бұл өлеңнің шығу тарихы былай болған еді,-деп апай әңгімесін жалғастырған: - Мағжан көңілденіп отырған бір сәтінде: «Сенің Гүлсімге шығарған өлеңің қандай тамаша, ал маған арнаған өлеңің адамның көкейіне қона қоймайды, ұзақ па, қалай?» дедім. Бір жағынан назым, бір жағынан еркелігім де

бар болатын. Бірде Мақаң маған: «Мына өлең қалай, Зықаш, тыңдашы», деп “Сен сұлу” деген, маған арнаған өлеңін оқып берген.

Зылиха апай сол өлеңді нақышына келтіріп әндетіп айтты да, көңілі босап, көзіне жас алды. Мен Мағжан ағаның «Сен сұлу» жырын апайдың қолжазбасынан алып, қойындәптеріме түсірдім. Кейін Мағжан Жұмабаевтың 100 жылдық мерекесі қарсаңында оның алғаш рет «Сарыарқаны сағындым» жыр жинағын Қызылжарда шығарғанымда аталмыш өлеңді де сол кітапқа енгізген едім:

Білем анық: жанға жайлы Май сұлу,
Жарқ-жұрқ еткен майда нажағай сұлу.
Қызықты орман, көңілді еркін кең дала,
Күміс табақ көкте жүзген Ай сұлу.

Кешкі ескен жібек жылы жел сұлу,
Хош иісті түрлі-түсті гүл сұлу.
Әдемі аспан – төбедегі көк шатыр,
Асқар тауы, дариясымен жер сұлу.

Сылқ-сылқ күліп, сылдыр қаққан су сұлу,
Көлге қонып қаңқылдаған қу сұлу.
Бейне айнадай жарқыраған айдыннан
Күн шығарда көтерілген бу сұлу.

Шаңқай түсте өткір алтын Күн сұлу,
Жымындаған жұлдыздармен түн сұлу,
Толып жатыр түрлі сұлу дүниеде,
Бәрінен де маған, сәулем, сен сұлу!

- Сіздер Ташкентте қай жылы тұрдыңыздар? Мағжан ағаның көптеген шығармалары сонда жарық көрді ғой,- дедім апайға.

- 1921 жылы біз қосылғаннан кейін Қазақстанның сол кездегі астанасы Орынбор қаласына келдік, осында оның “Педагогика” атты кітабы баспадан шықты. Біз Орынборда көп тұрған жоқпыз. Мақанды бір институтта лекция оқысың, деп Ташкент қаласына шақырды. Сонда «Сана» деген журналда Мақанның «Батыр Баяны» басылып шықты. «Батыр Баянды» оқыған жұрт біздің үйдің есігін босатпай қойды. Ташкенттегі оқыған азаматтардың көбі Мақанның қолын ұстап, ризашылықтарын, қуаныштарын білдіріп жүрді. Біздің үйге көп келетін Мұхтар Әуезов болатын. Ол біздің үймен жиі араласып, Мағжанмен көп әңгімелесетін еді.

- Сонда олардың әңгімелері не туралы болады?- деп қоям апайға қарап.

- Мен олардың әңгімелеріне араласпаймын ғой. Кейде құлағым шалып қалатыны: Мақанның өлеңдері туралы болады. Көбіне Мұхтардың даусы шығып жатады. Мақанның өлеңдеріне баға беріп жатады-ау деймін Мұхтар. Біз Ташкентте тұрғанда үйімізге ақын-жазушылар, үкімет адамдары жиі келетін еді. Сұлтанбек Ходжанов та Мақаңа келіп, екеуі ұзақ отырып, әңгіме-дүкен құрысатын. 1929 жылы Мағжанды Мәскеудің Бутыркасына қамады. Ол сол түрмеде бір жыл отырды. Содан кейін 10 жылға соттап, Карелияға жер аударып жіберді. Мағжанды іздеп соңынан 14 рет бардым. Сотталғандар көбіне ағаш кеседі екен. Сол кесіліп, бұтағынан тазартылған бөренелерді өзеннің боймен ағызып жібереді. Мен бірнеше рет сол ағып бара жатқан салға отырып та бардым Мақанның лагеріне. Бірде салдан түсетін жерден түсе алмай қалып, әйтеуір, өзен жағасында жүрген жұмысшылар менің мүшкіл халімді көздері шалып, жағаға шығуыма көмектесті. Әйтпесе салмен ағып, ұзап кетіп қалатын едім. Мағжандардың тұратын орындарын жиі-жиі ауыстырып, өзгертіп отырды. Әр сапарымда Мақанның қай жерде екенін таба алмай, тайга ішінде әркімнен

сұрастырып, сандалып жүргенім, басқа амалым бар ма?! Ол да менің келуімді зарыға күтіп жүр ғой деп, тезірек жетсем, қауыпсам деймін Мақаңмен.

Лагерь басшылары біздің жолығуымызға рұқсат берді. Жаздың тамылжыған тамаша күні болатын. Төңірек қарағайлы, қайыңды орман. Көкорай шалғын. Біз отырған тұстан күмістей сылдырап су да ағып жатыр. Бір кезде Мақаң:

- Зықаш, бізді түгендейтін уақыт болып қалды, кетейік,- деді. Мен болсам сағынышымды баса алмай, Мағжаннан айрылғым келмей тұрмын.

- Тұра тұршы, мына дүние саған қарап тұр, бір нәрсе күтіп тұрған шығар...- деп, құшақтадым оны. Сонда Мақаң мені құшып тұрып:

- Көңілге қайғы қалдырмас
Қандай да болса ешнәрсе,
Көкорай шалғын, ағын су,
Әдемі досың әсіресе.

Сен келдің мені іздеп достықпен,
Мен жүрмін зарығып, қастықпен.

Қайғы басқан жүрегім,
Енді оянбас ешкімге.
Қасірет тартқан жанымды
Уата алмас ешкім де,

- деп қолма-қол осы өлеңді әнімен шығарып айтып еді-ау,- деп мұнайған еді апай.

- Ол кісі ән де шығарушы ма еді, есіңізде қалған әндері бар ма?

- Қысқа жазылған өлеңдерінің көбі әнмен, мақаммен орындалатын. Қызылжардың қазақ-татар клубында қазақ, татар жастары Мағжанның өлеңдерін әнімен шырқаушы еді.

Көбіне сырнайға қосатын. Біздің Мақаңның әндерін тынысы кең, дауысы ашық қыз-жігіттер орындайтын еді Қызылжарда.

- Мағжан ағамыз қандай музыкалық аспапты ұнататын еді?-дегенімде апай:

- Ағаң домбыра тартатын, мандалинде ойнайтын. Күй сандықта да ойнайтын. Мағжан өте алғыр, зерделі болды да, бір көргенін, естігенін жадына жақсы сақтап алатын. Мен де ән-күйді жақсы көремін. Жас кезімде сырнайшы қыз атанғаным бар. Мақаңа сол өнерім де ұнап қалған шығар?-деп жадырай күліп алды Зылиха апамыз.

- Апай, Сіз Максим Горькиймен қалай кездестіңіз? - дедім бірде білген сайын білуге құштарлана.

- Мен Карелиядан қайтарда Мағжан маған Горькийге жазған хатын берді. Осы хатты атақты жазушыға жеткізуімді сұрады. Мен Мәскеуде КСРО Жазушылар одағын басқарып отырған Горькийге бардым. Ол кісі мені жылы шыраймен қабылдап, Мағжанның хал-жайын сұрады. Себебі Мағжанды бұрыннан жақсы білетін. Горькийдің әңгімелерін қазақ тіліне аударып, Мәскеуде «Сұңқар жыры» деген атпен кітап қып шығарған болатын. Ол Мағжан ағаңа Лениннің шығармаларын қазақ тіліне аударуды тапсырған еді. Ақын ағаң Владимир Ильичтің де біраз еңбектерін қазақшалаған.

Ал Мағжанның жазған хатын Халықаралық Қызыл крест қоғамын басқарып отырған өзінің әйелі Екатерина Пашковаға апарып беріңіз деді маған Горький. Мәскеуде Пашкова ханымның жұмыс орнына барып, ол кісінің қабылдауында болып, танысып, келген шаруамның жайын айттым. Ол өте мәдениетті, сыпайы, кішіпейіл адам екен. Иә, сөйтіп Пашкованың көмегімен Мақаңның 10 жыл мерзімі 7 жылға қысқартылды. Мағжанның лагеріне жарты жыл сайын барып тұрдым, бір жолын босатқаным жоқ. Өзім Ленинградта тұрдым. Мағжанмен бірге бір лагерьде

отырған Париж университетінің түлегі, профессор Фетисов: «Менің жақсы досымның әйеліне қамқорлық жасай гөріндер», деп хат жазыпты таныстарына. Мен соларды паналап, қолымдағы алтын жүзіктерімді, сырға, білезіктерімді сатып, күн көріп, Мақаң бостандыққа шыққанша Ленинградта тұрдым.

Өткен ғасырдың 20-шы жылдарының аяғында Мағжан секілді қазақ халқының біртуар азаматына қиналғанда сүйеніш бола білген адал жары – Зылиха Жұмабаеваға ризашылық сезімдемін. Баяғыда жер аударылған «декабристердің» кейбіреулерінің сүйікті жарлары заманы мен Сібірдің кәріне дес бермей, махаббатының соңынан іздеп барған екен. Ал менің қасымда отырған қарапайым қазақ әйелі – Зылиха апай сол аңызға айналған әйелдерден кем бе? Таң қаламын, қайран қаламын мен апайымның өжеттігіне, Мағжан ағама деген махаббатының күдіреттілігіне! Өзінің мөлдір махаббатын жалаудай көкке көтеріп, оны өмірінің соңына дейін бірде-бір рет төмендетпеген ұлы жүрек – Зылиха апайым-ай, деймін іштей. Көңілім қобалжып, тамағыма бір нәрсе кептеліп қалғандай болады. Ол сүйікті Мағжаны туралы әңгімесін жалғастыра береді. Айтудан бір жалықпайды.

- Мағжан ағамыз 1935 жылы Максим Горькийдің көмегімен бостандыққа шығып, туған жеріне, өзінің Қызылжарына аман-есен оралғанда ақынға қамқорлық жасап, қиын кезде қол ұшын берген адамдар болды ма?

- Мақаң сол тұста: «Сәкен Сейфуллин Қазақ үкіметін басқарып жүр ғой, менің Қызылжар техникумына оқытушы болып жұмысқа орналасуыма оның көмегі болған шығар», деп жүрді.

Мақаң Қызылжарда Қазақстан Жазушылар одағын басқарушылардың бірі – Сәбит Мұқановпен жолығып, жайдары жарқын жүзбен екеуі көп әңгімелессе керек. Мақаң: «Мен бүгін Сәбитпен кездестім, Жазушылар одағына

мүшелікке өтуге өтініш жазбақшымын», деді. Ол үйге керемет қуанып келді. Сол күннен бастап, күні-түні өлең жазумен болды. Содан арада қанша уақыт өткенін білмеймін, Мақаңды техникумнан шығарып жіберді. Одан кейін бір орыс мектебіне оқытушы болып орналасып еді, одан да қуғындаса керек. Мұңайып, қайғырып келді ол. Мен іштей не болғанын сеземін де, сыр бермеуге тырысамын. Мағжан ағанның кінәсі сол – баяғы «Алашы». Кеңес өкіметіне қарсы жаулығын қоймайды, деп сенімсіздік білдіреді-ау деймін. Қызылжардан Алматыға бардық. Сәкен Мағжан астанаға келсін деп емеурін танытқан болу керек. Мұнда да сол «Алашы» алдынан шығып отырды. Өлкелік мұражайда істеп жүр еді, одан да бір күні босатып жіберді. Алматыда жұмыс істеуге мүмкіндік болмаған соң қала төңірегіндегі аудандарға барып тұрдық. Мақаң бір ауылда медпунктті басқарды. Ол лагерьде жүргенде оқып, дәрігерлік мамандықты үйренген-ді. Бірақ мұнда да ағаңа жұмыс істетпеді. Ақыры не керек, 1937 жылдың 30 желтоқсанында Мақаңды екінші рет қамауға алды.

Ағаңды тұтқындап, үйден шығарып әкетіп бара жатқанда: «Зықаш, менің кеңес өкіметіне, қазақ халқына жасаған жамандығым жоқ, маған тағылған айыптың жазасын өтегем, құдай да бір айыбы үшін екі рет жазаламайды, мен босанып келемін. Егер келе алмай қалсам: «Бөрі қаншығын жеді!» деп ойла. Мұны есіңнен шығарма, ұмытпа!» деді Мағжаным есік алдында. Боздап мен қалдым. Көрдің бе, қарғам, ақыры бөрілер оны жеп тынды. Мен енді ойласам, Карелия лагерінен аман-есен туған елге оралған Мақаңды Қызылжардан Алматыға қамқорсып, алдастырып шақырып апарған екен-ау... Ақкөңіл Мағжан ағаң солардың сөзіне сенді ғой...

Мен башқұрттың халық жазушысы Сәйфи Құдаштың «Волчонок съел волчицу» деген үлкен мақаласын оқып едім. Ол 1988 жылы «Дружба народов» журналының 12 са-

ныңда жазылған еді. Бұл оқиғаның растығына енді көзім жеткендей болды.

Осы арада белгілі журналист, жазушы Нөгербек Мағзұмов ұнтаспаға жазып алған Әлімхан Ермеков пен Сәбит Мұқановтың әңгімесі есіме түсті. Ермеков:

«Содан сөзден – сөз шығып Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаевтар туралы әңгіме қозғалсын ба?...Сәбит: «өзім тірі тұрғанда Жұмабаев жарық дүниеге шықпайды. Ол менің тап жауым», - деп бет қаратпады. Мен де өзімше түсіндірмек болып: «Сол әлгі өзіңіз көрмей жауығып жүрген Бөкейхановыңыз да, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаевтар да қарақан басының камын ойлап, өмірлерін қатерге тікпеген ғой. Ұлтым десе несі айып екен? Халық дейсіздер, сол халық дегендеріңіз ұлттан құралмағанда қайтушы еді, - деп дәлелдеп-ақ тырысып, едім, иілмеді. Ал менің тағы бір таң қалғаным, өзі Мағжан өлеңдерін жатқа біледі екен және менің адам болуыма көп жәрдемі, септігі тиді» - деп, онысын жасырмай айтып отырды.

«Сәбит сіз қалай десеңіз олай деңіз, олардың ақталатынына, жарық дүниеге шығатынына менің көзім жетеді. Қазіргі жастар көздері ашық, парықтай алатын, ояна бастаған білімді адамдар. Олар ақиқатын ашар, әділдігін айтар, әлі-ақ» - дедім. Мен әлі де сол пікірдемін, қарғашым деген сол жолы Әлекең. (Ұнтаспадағы сол әңгіменің мәтіні «Сарыарқа» журналының 1997 жылғы 3 нөмірінде «Алаштың арда ұлы» деп басылған екен).

Апай біраз үнсіз отырды. Мен де тіл қатпадым. Менің Зылиха апаймен талай кездесіп жүріп байқағаным, Мағжан ақынға қастандық жасаған адамдарға лағнет айтып, қарғап-сілеу, балағаттау дегенді ол кісінің аузынан естіп көргем жоқ. Апай сондай сабырлы, салиқалы, ішкі жан дүниесімен адамгершілікті жоғары ұстайтын, мәдениетті, ерекше адам еді.

Арада біраз уақыт өткеннен кейін Зылиха апайға көңілімде жүрген жұмбақ сырдың тиегін шешкізім келді. Ол – ақын Мағжанның Карелия лагерінде жүріп дәрігерлік мамандықты игеруі. Бұл күнде де, ол күнде де дәрігер болу үшін техникумда, институтта оқу керек. Бұл мамандықтың оқуы да ұзақ мерзімді, 5-6 жылдай емес пе?! Дәріс беретін адамдар да ғалымдар болып келеді ғой. Осы жөніндегі сауалыма:

- Мақанның дәрігер мамандығын игеріп алғанын естіген жұрттың бәрі де таң-тамаша қалады. Ол, алдымен, Карелияда тайгада ағаш кесті, оқытушылықпен де айналысты. Мен бір барғанда Мақаң маған медицина жөніндегі кітаптардың тізімін берді. Осыларды тауып әкеліп беруімді сұрады. Лагерде дәрігер, ғалым жолдастары, достары бар екен, солардың сілтемесімен олардың таныстарына қажетті кітаптардың барлығын тауып алып, Мақаңа келесі барғанымда жеткізіп бердім. Ол лагерьде жүріп дәрігерлік мамандықтың қыр-сырын оқып, үйреніпті. Сөйтіп тайгадағы бірнеше лагерьдің учаскелік дәрігерлік пунктіне басшылық жасады,- деп еді Зылиха апай.

Дәрігерлік мамандықты үйрену өте қиын екені кімге болсын белгілі жәйт. Бірақ сол қиындыққа қарамастан, алған мақсатына жетуіне қарағанда Мағжан ақын өте еңбекқор, алған бетінен қайтпайтын қайсар, табанды, ерік-жігері күшті адам болған екен. Бұл кісі ғылым-білімнің қырын да, сырын да еркін меңгерген, білмейтіні жоқ, яғни, феномен болған ғой, асылым-ай!

- Ол өзі келбетті, көркем болды, үстіне киген киімдері де тамаша бір жарасым тауып тұратын. Кейде мен көшеге шығуға дайындалып жүргенде ол: «Әй, Зықаш, көшеге қалай болса-солай киініп шықпа, ұят болады» дейтін. «Мені кім таныр дейсің?» деп, өзімше жеңістік бермеген боламын. Сонда Мақаң татаршалап: «Сини Мағжанның хатини икэндигини пишкә кирсәң артыңнан тани бит!» деп күліп

алушы еді,- деп апайдың өзі де ақын ағаның сол бір екеуара айтылатын қалжыңды сөзін есіне түсіріп, мәз болып қалып еді.

- Сіздің тіліңіз татар тіліне қарай ыңғайланып тұрады екен. Татар емессіз бе?- деп сұрадым бірде.

- Жоқ, менің әке тұқымымда өзбек қаны болу керек. Медреседе татар балаларымен татарша оқыдым. Қызылжарда татарлармен көп араласып жүрдім. Содан болар,- деп еді Зылиха апай.

- Біздің Мақаң өмірі бір адамға қысастық жасап, ешкімнің көңілін қалдырып көрген жан емес еді. Бар кінә оның керемет ақын болғандығынан ғой. Өзінен асып кетіп бара жатқан адамды кім жақсы көрсін,- деп еді қайран апайымыз.

Ұмытпасам 1968 жыл болу керек. Алматыда Үкімет үйінің кең залында Қазақстан жазушыларының алтыншы құрылтайы өтіп жатқан. Мінберде ұлы Ғабең - Ғабит Мүсірепов кіріспе сөз сөйлеп тұрған еді. Біз Зейнелғаби аға екеуміз залдың орта тұсында отырғанбыз. Алдыңғы қатардан күркіреген дауыс залды кернеп кеткендей болды.- Тұрындар, орын беріндер, Мағжан ағаның үйіндегі жеңгей келді, - деді әлгі дауыс. Бәріміз қарай қалдық. Батыр, жазушы ағамыз Бауыржан Момышұлы Зылиха жеңгесіне орын беріп жатыр екен. Зылиха апайым залдың ортасымен келе жатқанын Бәукең ағамыз бірден танып, қарсы алып, қошемет көрсетті.

Кейін Зылиха апайыммен жолыққанда: - Түнеугүні жазушылардың құрылтайына келу себебіңіз не? - дедім. Ол кісі мырс-мырс күліп алды да: Мақаңның рухы Қазақстан жазушыларымен бірге болсын деген ойым ғой. Бәукең, айналайын, мені анадайдан көріп: Мағжан үйіндегі жеңгей келе жатыр, тұрындар, орын беріндер, - деп, жұртты «Мағжан!»,- дегенімен селт еткізді. Сол сәтте Мақаңның рухы түгіл, залға өзі кіріп келгендей әсер болды. Ол тұста

басқа да халық жауы болып кеткендер ақталғанда, Мағжан ағаң не бір құйтырқы саясатпен ақталмады. Сондықтан Мақаңның аты жазушылардың құлағына жете берсін деген ниет еді, - деді апай.

Бауыржан Момышұлы сізді қайдан біледі?-деймін тағы. Әй, қарғам-ай, Бауыржан және сол сияқты қазақ жастары Мағжан ағаңды іздеп үйге келетін. Солардың көбі қолымнан дәм де татты. Оларды көрсем де мен қазір танымаймын.

Бауыржан, айналайын, ғұмыр-жасы ұзақ болсын, Мақаңды да, мені де зал толы жазушылардың көзінше бір көтеріп тастады. Нағыз қазақ деп Бәукеңді айт! - деді жігерлене сөйлеп. Бауыржанымды, оның бала-шағаларын Мақаңның аруағы жебеп-желеп жүрсін. Бәукеңе, рахметтен басқа айтарым жоқ-деп керемет ризашылығын білдірген Зылиха апай.

Бір күні Қызылжарға Әминә Шалабаева апай келіпті. Бұл кісі қазақтың белгілі ақын қызы, біздің жерлесіміз, Мағжан Жұмабаев ауданының тумасы. Менің алғашқы өлеңдер жинағым - «Ақ қайыңдар аралы» кітабымның редакторы осы ақын апай болған еді. Әмина апай маған телефон шалды. Амандық-саулықтан соң ол кісі мұнда келу себебін айтты. Осыдан үш-төрт жыл бұрын Зылиха апайдың Сабыржан деген інісінің қыздары: «Саған қамқоршы боламыз», деп Зылиха апайды азғырып, оны Қызылжарға көшіріп алыпты. «Жасың болса келіп қалды, қартайғанда асырап-сақтайтын біз боламыз, әр уақыт қасыңнан табыламыз», дейді ғой қарияға.

Алматыдағы пәтерін Қызылжардағы бір пәтерге айырбастатып алыпты. Қамқор боламыз деген «бауырлары» апайды өлім халіне жеткізе жаздаса керек. Зылиха апайдың мұндай пәлеге ұшырағанынан құлағдар болған Олжас Сүлейменов Әмина ақынның дереу Қызылжарға барып қайтуын өтінеді. Олжас ол тұста Қазақстан Жазушылар

одағын басқарып тұрған болатын. Шындығында да, Зылиха апайдың жағдайы өте мүшкіл екен. Әрі науқас, әрі тамақтан тарыққан қария өлім халіне жеткен көрінеді. Қызылжардағы осы жағдайды естіген Олжас Омарұлы Әмина апайға Зылиха жеңгемізді тезірек Алматыға жеткізуін сұрайды. Ал кезінде қазақтың ардақты ұлы Лияс Омаровтың тікелей көмегімен қол жеткізген екі бөлмелі пәтерден Зылиха апай Қызылжарда айрылып қалды. Оның «қамқоршы» болып жүрген сіңлілері пәтерді аттарына түсіріп үлгіріпті. Сөйтіп, Әмина апай Зылиха жеңгемізді астанаға алып кетті. Әмина апай екеуіміз Қызылжардың сотына, лауазымды адамдарына жүгіріп, жүгінсек те, пәтерді Зылиха апайға қайтарып әпере алмадық.

«Олжас деген Олжас қой!» деп бір мықты ақынымыз айтпақшы, Алматыға барған соң Мағжан үйіндегі жеңгесіне Олжас Омарұлы тағы пәтер алып беріпті. Зылиха апайымыз өмірінің соңына дейін сонда тұрды. Бір қуаныштысы, өмір бойы нешпәтүрлі қиыншылықтарды бастан өткеріп, армандаған мақсатына жетті. Апай көзінің тірісінде сүйікті жары, ақиық ақын Мағжанның баспадан шыққан өлеңдер жинағын көріп, кеудесіне басып, кітапты сүйіп, қуаныш құшағына енгенінің куәсі болғанымыз бар. Зылиха апай сонда Мағжаны тіріліп келгендей күй кешкен еді. Адамның басына түскен осындай сәтті ауызбен айтып жеткізу де оңай емес. Әйтеуір, керемет қуаныш!

Ғабен Жаңажолдан Алматыға қайтар сапарында Қызылжарға келгенде оны үйіме шақырып, шаңырағымды көрсетіп, төріме отырғызсам, сөйтіп, қадірлі ағамды мейман етсем деген ой мені мазалай берді. Оған себеп бірнеше күн бойы жазушының қасында жүріп аға мен іні сияқты қарым-қатынаста болып, осы кісіге ықыласымның ерекше түсуінен шығар. Әйтеуір, көңілімде қылаң берген сәуле іспеттес пиғылымды облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Әнуэрбек Шмановқа оңаша айттым. Ол кісі менің бұл

ойымды құптады. Сөйтіп, Ғабит аға Қызылжарға келгенде біздің үйде қонақ болатын болды. «Бұрын бұл кісі Қызылжарға келіп жүріп, ешкімнің үйінде мейман болмаған еді, сенің жүрегіңнің түгі бар екен Ғабенді қонаққа шақырып отырған», деді маған кейбір ағаларым. «Дұрыстап дайындал, ұятқа қалып жүрме, ол кісі өте паң, кірпияз ...ұлы адам ғой, ұлы адам», деп кейбір үлкендер менің бұл ісімді жастық көзсіздігіме балайтын сияқты.

Дастарқанымыз жаюлы, меймандар келетін мерзімге бір сағат қалғанда аяғы ауыр жүрген келіншегімнің толғағы қысып, аяқ астынан апалаң-топалаң болдық та қалдық. «Жедел жәрдем» Зүбәйраны (әйелімді) аналар босанатын үйге алып кетті. Меймандарды күтісуге дереу Құсни деген қарындасымды алдырып, көрші апайды да шақырттым. Сөйтіп айтулы уақытта келген меймандарды да қарсы алдық. Ғабит ағаның қасына ерген жолдастары Ғафу Қайырбеков, Алексей Белянинов және Әнуэрбек Шманов, Мәркен Сандыбаев, Уәп Рақымжанов, Дүйсенбі Әуелбеков, домбырашы Серікбай Құсайыновтар түнгі сағат үшке дейін мәжілістесіп отырды. Ғабенді әдебиет жайлы көп айтып, қазақ әдебиетінің тағдыры, ана тіліміздің болашағы оны көп толғандыратыны айқын көрініп тұратын. Біздің үйдегі мәжілісте де Ғабит аға әдебиет, тіл туралы әңгімелеуден жалыққан емес.

- Әнуэрбек, осы үйдегі келін қайда? Шақырындаршы мында, - деді Ғабит аға бір кезде. Отырған меймандар маған бір, асүй жаққа бір қарасып қалды. Менде үн жоқ, қысылып, терлеп кеттім. Әнекең маған жымия бір қарады да, болған жайды баяндап берді. Жұрт дуылдасып, шуласып, өздерінің осы үйге мейман болып келістерін ғажап бір жақсылыққа балап, мені құттықтап, қуанысып жатыр.

Ғабит аға маған да, келініне де ақ тілектерді аса бір ыстық ықыласпен, қуанышпен төгілтті. Өттең, данышпан ағаның сол аталы сөздерін магнитофонға түсіріп алсамшы.

Жастық па, жаңғалақтық па, ұлы адам үйімде қонақ болады деген іштей қуаныштан бәрін ұмытып кеткенмін бе?! Әйтеуір осы бір кемшілігімді өзіме кешірілмес күнәдей көремін де жүремін әлі күнге.

Түннің бір уағы болғанда Ғабит аға Әнуәрбекке және қасында отырған жолдастарына көңілді кейіппен қарап: «Біз бүгін мына інімнің үйінде әдемі мәжіліс құрдық-ау», деп өзінің адал, ақ көңілін, туған елдің азаматтарына деген сүйіспеншілігін білдіріп еді. Меймандарды шығарып салып, үйге енгенімде телефон қоңырауы безілдей қалды. Трубкадан медбиби айқайлап тұр:

- Сүйінші, ұл туды! - деп. Әйелім ұл тапса, атын Мағжан деп қоямын деуші едім, ойлағанымды Алла берді деп есім қалмай қуандым. Сөйтіп, 1974 жылдың жазында Мағжаным келген еді өмірге. Бұл да Мағжан ақынға деген ерекше сағынышымнан, жүрекжарды сүйіспеншілігімнен туған шешімім еді. Ол, шүкір, бүгін орындалып отыр.

Кейін Әнуәрбек Шманов:

- Әй, свольшп, бәріміз шуылдап, ұл туса Ғабит деп қояды десек, сен өз дегеніңнен таймапсың. Мен сенің ақынға деген тәтті сезіміңді жақсы түсінем. Бірақ, Ғабит ағаң ренжиді ғой. Ол кісі саған ренішін білдіре қоймас, бірақ, ішінде ғой, ішінде,-деді даусын бәсеңдетіп. Өнекең біраз үнсіздіктен кейін:

-Ну, молодец! Мағжан ол, Мағжан!-деп менің қолымды қысты.

* * *

«...Ал енді Сасықкөлде өткен тойдан соң Мүтәллап Қанғожиннің Есілдің Оңтүстік батысындағы Қызылжардан 100 шақырым жердегі өзінің туған ауылы Қарағашқа апарып той өткізуі барлық Мағжанды сүйген елді қуантты. Бұл – тек Мүтәллаптың ғана емес, күллі қазақ халқының Мағжанға деген махаббатын айшықты көрсететін құбылыс сияқты болды.»

*Хамза Абдуллин. («Мұстафа мен Мағжан –
Тұран елінің даналары» кітабы, Алматы, 1989 жыл).*

Иә, мен данышпан ақын Мағжан өлеңдерімен бала күнімнен сусындаған адаммын.

Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын.
Күнге ғана бағынам,
Өзім күнімін, өзім – от,
Көзім қысық, сөзім де – от,
Өзіме өзім табынам.
Жерде жалғыз тәңірі – от,
Оттан басқа тәңірі жоқ!

– деп жырлаған ақынға қайран қалып, қайта-қайта оқушы едім. Ол тұста Мағжан өлеңдерін жұрттан жасырып оқитынмын. Ал мені Мағжан өлеңіне дуалаған – менің ауылым, Қарағашым, осындағы от ауызды, орақ тілді аталарым. Шалдар көбіне домбыраға қосып, ақырын ғана ыңылдап айтып отыратын еді. Сонау 50-жылдардағы колхоз басқармасы Баян Епкеев те, колхоз партия ұйымының хатшысы Жұныс Мағзұмов та Мағжан өлеңдерін әнімен, мақамымен айтып отыратын. Өлеңнің авторы туралы ешкімге ештеңе айтпайтын.

Бұлар өткен ғасырдың басында ашылған Әділбай мектебінің түлектері еді. Қайраткер жерлесіміз Қайсар Тәштитов та аталмыш орыс-қазақ мектебінің түлегі болатын. Мектеп қазіргі Аралағаш ауылы төңірегінде тұрған. Біздің ауылдың бірсыпыра азаматтары осында оқып, Мағжанның, Міржақыптың өлеңдерімен де осы оқу орнында достасқан.

Ұлы ақынның өлеңдерін мен де қариялардан жазып алатын едім. Мағжанға деген сүйіспеншілік солай басталған-ды.

1989 жылдың жазында Мағжан Жұмабаевтың ортамызға қайтып оралуын облыс басшылары, жалпы ел болып оның

туған жері – Сасықкөл жағасы мен Сарытомар даласында мерекелемекші болды. Осы тойға дайындық жұмыстары жүріп жатқан тұста Мағжан тойын мен неге туған ауылымда өткізбеймін деген ой келді де, елде кеңшар директоры болып жүрген Біржан Кенжегозинмен ақылдастым. Той жабдығын өзім көтерем, сен тек ұйымдастыру жағына қол ұшын берсең болды деп едім: «Аға, сізге көмектеспегенде кімге көмектесемін», деп білегін сыбанып шыға келді. Қуанғаным-ай! Мың болғыр, өзінің текті атаның баласы екенін танытып тастады. Әкесі Балғожа ағамыз да ақынжанды, адамды тани білетін, ақылға бай, сөзге шебер адам еді.

Мағжанға арнап туған ауылым Қарағашта той өткізетінімді халық депутаттары облыстық кеңесі атқару комитетінің төрағасы Балташ Тұрсынбаевқа айттым. Ол алдында таңданып қалғандай әсер байқатты. Таңданатын да, таңырқайтын да жөні бар. Сырт қараған адамға мен Мағжанға кіммін? Бес қайнаса сорпамыз қосылмайтын адамдармыз. Менің ол кісімен жақындығым да, туыстығым да жоқ қой. Бірақ, ұлы ақынның қасиетті рухы мені өзіне тәнті еткізіп, жақындатып тұр.

Сарытомардағы Мағжан тойы керемет дүрілдеп өтті. Менің ауылым Қарағаш – ойдым-ойдым ақ қайыңды орман ішіне орналасқан. Ормандар алыстан сағым теңізінде жүзіп бара жатқан кемелердей, немесе, аралдардай көз тартатыны бар. Алты ай жаз бойы жауын жаумаса да, бұлар өз бояуынан айнып көрмеген. Сұлу жер! Нағыз ақындар жайлайтын мекен.

Қарағаш туған жер – ауылым,
Қарағаш – дарқан ел – қауымым.
Таң болып қалар ең бір көрсең,
Көкшенің тетелес бауырын.
Көк белес, нулы орман жан-жағы,
Ол қашан кемелге толғалы.

Төсінен ақ жамбы шашылған,
Шіркіннің базар-ау, бар маңы,
— деп жырлаптын бір кезде Қарағашымды. Ауылым ол кезде Ленин аудандық шаруашылық бірлестігі болып тұрған. Шамасы 300-ге таман түтіні бар іргелі ауыл. Бұл ауылдан талай-талай есімдері елге танымал адамдар шыққан. Қазақстан комсомол-жастарының 1930-жылдар-дағы бірінші басшысы болған Қайсар Тәштитов, Солтүстік Қазақстан және Көкшетау облыстарында Қазақстанның ауыл шаруашылығы құрылысын ұйымдастырушылардың бірі, әрі бірегейі болып танылған Самеке Епкеев, соғыстан кейінгі жылдарда Қазақстанның солтүстік облыстарында қазақ жастарының ана тілінде оқуларына, олардың институттарда оқып, жоғары білім алуларына сүбелі үлес қосқан Өмірзақ Ғайсин және басқа да біртуар азаматтар көп еді.

Негізінен мал шаруашылығымен айналысқанмен, ауылдағылар астық та өндіретін. Жері құнарлы.

Қарағаш ауылының үлкен мәдениет үйіне жұрт сыймай кетті. Ауылдың үлкен-кішісі түгел жиналған. Алматыдан, Қарағандыдан, Ақмоладан, Ақтөбе, Атыраудан және басқа облыс, аудандардан, көрші ауылдардан келген қонақтар қаншама?! Облыстық партия комитетінің хатшысы Нелли Александровна Иванова Қарағаштағы Мағжан тойын ашып, құттықтау сөзін сөйледі.

Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, осы мерекеге жазушылар делегациясын бастап келген жазушы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері Сәкен Жүнісов:

- Жолдастар, қарағаштық бауырлар, қаумалаған халайық! Қуаныштарың құтты болсын, ардақты перзентің, асыл ақының — Мағжанның орталарыңа қайтып келген қуанышымен құттықтаймын! Ал енді Мағжан ағамызға, оның тамаша қасиетті рухына арнап той өткізіп отырған Мүтәллап бауырымыздың адам қайран қаларлық ісі —бүкіл қарағаштықтардың, күллі халықтың ұлы Мағжанға, оның

сан сырлы, сымбатты, терең ойлы, өрнекті поэзиясына деген сүйіспеншілігінің символы сияқты, жолдастар. Мағжан Жұмабаевқа арналған қазақ-совет әдебиетінің күндері ұлы ақын туып-өскен Қызылжар өңірінде алғаш рет өтіп отыр. Өйткені, Мағжанның түнекті дүниеден ақталып келгеніне де бірнеше ай ғана болды. Осыған бүкіл ел болып қуанып жатырмыз. Бұрын бұл Солтүстік Қазақстан облысында бүкіл республикамызға белгілі үш алып жазушымыз бар еді. Олар Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов және Иван Шухов болатын. Енді олардың алдында бүкіл түрік жұртының ақиық ақыны, сіздердің жерлестеріңіз, бауырларыңыз Мағжан Бекенұлы Жұмабаев тұратын болды. Бұрындары біз әр қазақ міндетті түрде ұлы Абайдың өлеңдерін оқуы керек, білуі керек десек, енді жасымыз бар, жасамысымыз бар – бәріміз де дүлдүл ақын Мағжанның да жырларын оқып, білгеніміз дұрыс болады. Абай өлеңін жатқа білмейтін қазақ – қазақ емес деп жүрген едік, енді Мағжан өлеңін білмейтін қазақ – қазақ емес дейтін боламыз. Ол үшін ана тілімізде сөйлеп, ана тілімізде оқиық, жолдастар. Мағжан шығармаларын орыс тілінде емес, өзіміздің қазақ тілінде, Мағжанның тілінде оқығанға не жетсін. Аударманың аты аударма ғой. Мағжан ақын енді тек қана сіздердің ақындарыңыз емес, ол бүкіл Қазақстанның ақыны болады. Ол осыдан Көкшетау, Қостанай, Атырау, Ақтөбе, Алтай, Алматымен қауышып, бұдан асып, бүкіл қазақ жерін аралайды. Одан әрі орыс елін аралап, Еуропаға жол тартады. Сөйтіп біздің дарабоз ақын күллі әлем жыршысына, ақынына айналады.

Қарағаш та – ақынның ауылы, біздің Мүтәллап ақынның ауылы. Мағжан аталарыңның орталарына оралғанына қуануларың тіпті орынды-ақ. Сіздер Мағжанды бізден де артық білуге тиістісіздер. Өздеріңізге жерлес, туыстас ақынның тамаша сырлы да, отты өлеңдерінен алған әсерлерін Мүтәллап та жанына сіңіріп келген ғой. Мағжан

тойын өзінің ауылында да өткізіп отырғаны оған деген ғажайып сүйіспеншіліктен, сағыныштан туған деп түсіну ләзім. Тойларыңыз құтты болсын, ағайындар!

Қазақстан Жазушылар одағының жанындағы Мағжан Жұмабаев атындағы Қазақстан жазушылар қорының директоры, М.Мақатаев атындағы сыйлықтың лауреаты, талантты ақын, жерлесіміз Ерік Асқаров та Мағжан ақынға деген жүрек лүпілін жиналған қауымға жеткізіп еді.

- Қадірлі ауылдастар, тойларыңыз құтты болсын! - дей келіп, ол Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасының кіріспесін:

- Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,

Сұм өмір абақты ғой саналыға.

Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,

Сондықтан жаным күйіп жанады да.

Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң,

Толғанып қарауым сол баяғыға.

Түйіннің тоқсан түрлі шешуі бар,

Әдемі ертегідей баяғыда.

Әдемі өткенді ойлап айнымасам,

Сұм өмір күшті уын аяды ма?

- деп тамаша бір шабытпен жатқа оқыды да, Мағжанның 1938 жылы репрессияға ұшырап атылып кетуі жалғыз Мағжан ақынның трагедиясы емес, бүкіл халықтың трагедиясы. Трагедияның сорақысы 1960-жылы Мағжан ақталғаннан кейін де үн-түнсіз жабылып қалуында. Сол жылдары Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлиндермен бірге жарыққа шықпауында. Арада 20 жыл өткеннен кейін ғана Мағжан ақын ортамызға оралып отыр,- дей келіп, той өткізіп отырған Қарағаш ауылының азаматтарына, ақын ағасына ризалық сезімін өзінің суырыпсалма өлеңімен білдірді. Ел дүрілдете қол соғып, Ерікке қошемет көрсетті.

Сөз алған ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың немересі Ұлжан Жұмабаева былай деді:

Кең дала, көресің ғой, анау жатқан,
Жібектей жасыл шөптер бетін жапқан.
Асқар тау, балдан тәтті сулары бар,
Әне сол анам еді мені тапқан!

-деп, Мағжан атам өзінің жері, өзінің елі туралы осылай жазған. Менің аяулы ақын атам өте бауырмал, ақкөңіл, биязы мінезді адам болған. Ол Мәскеуде оқып жүргенде, оған институтта қалып, осында сабақ беруін өтінгенде, жоқ, мен ауылға барып, балаларды оқытамын, деген екен менің Мағжан атам. Менің бар арманым осы депті. Мұны маған Мағжанның сүйікті жары, менің Зылиха апам айтты. Зылиха апам қазір менің қолымда, Алматыда тұрамыз. Мен өзімнің атымнан, Зылиха апамның атынан Мүтәллап ағаға Мағжан ағасының құрметіне той өткізіп отырғанына көп рахмет айтамын. Құрметті Қарағаш ауылының азаматтары, бүкіл ел болып Мағжан атамның рухын аспанға көтеріп жатқандарыңызға ризашылығымды айтып, басымды иемін.

- Мағжан біздің қазақ поэзиясын ғарыштық биікке шарықтатқан ақын, - деп бастады өз сөзін халық жазушысы, төкпе ақын Гафу Қайырбеков.- Біз әлі Мағжанның деңгейіне жете алмай келеміз, жолдастар. Ұлы жерлестеріңіздің орталарыңызға қайтып оралуына қуанып, қошемет көрсетулеріңізге қарағанда, қарағаштық бауырлар, сіздер де ақынсыздар-ау деп қалдым. Иә, шындығында да, ақынның ауылы ғой. Мына отырған өздеріңіздің балаларыңызды азамат, ақын еткен – сіздер. Қазақстанның қай қиырынан болсын ақындар келе қалса, Қарағашқа ат басын тірейтін болады. Себебі бұл ақынның ауылы. Ұлы ақын Мағжан тойын кереметтей тойлап отырған да ақынның ауылы. Гажап! Мен өзі сезімнің адамымын ғой. Сіздердің ақын Мағжанға деген ыстық ықылас, сүйіспеншіліктеріңізге қуанып та, толқып та тұрмын, бауырлар. Бұл өзі адам ауызбен айтып жеткізе алмайтын құбылыс. Сіздер Мағжанға деген халықтың сағынышын

білдіріп тұрсыздар. Мағжан жеңісінің алғашқы күндері жасасын!

Құрметті Рақа! (Рахманқұл Бердібаев ағамызға күле қарады) Бүгін мына ақынның ауылында өзіміз бір қазақша көсіле сөйлейікші. Мынандай қалың елдің алдында ақынның бүйірі қызып, өлең оқығысы келеді ғой. Мағжанның «Күннен туған, гүннен туған пайғамбар» деген өлеңі бар. Мен де «Күннен туған» деп Мағжанға арнап өлең жазып едім, соны сіздерге оқиын:

Рас қой, күн перзенті шынында ақын,
Бәрінен күннің оған нұры жақын.
Жердегі құдайлардың басын иіп,
Бәрі де алдына кеп жығылатын.
Өйткені, оның оты шарпылмайтын,
Тірлік жоқ шарпылғанда балқымайтын.
Тас та жоқ, тақыр да жоқ, өзге түгіл,
Алланың елшісіндей аты да айқын.
Қолына қалам алса құдіретті,
Ұршықтай үйіреді ол, жер мен көкті.
Ұшқан құс, жүгірген аң, жүрген адам,
Бәрін де көз алдында көлбеңдетті.
Не дерсің тәңірі демей оны сонда,
Жерге бір келіп-кетер, анда-санда.
Болады жер де жесір, ел де жесір,
Болмаса бір ақыны анда-санда.
Сондай жыр үйреткен-ді Мағжан маған,
Мейлі оны адам дерсің бағы жанбаған.
Алайда ақындықтың аруағын,
Көтерді ол биігіне армандаған.
Не керек ол қазақты бір шулатты,
Салды да ауызына мың шумақты,
Ана тіл, ана жырдың бұлағынан,
Таңдайын талайлардың шылқылатты.

Ондайлар жер бетінде көп тұрмайды.
Көп тұрып, атына кір жұқтырмайды.
Сондықтан аз ба, көп пе алдарқатқан,
Ақынға жөн болады алғыс айтқан.
Сүйегі қалды қурап сан ант атқан,
Бір кезде ақынды атқан, ақылды атқан.
Басына күнде жақсы бір кезек күн,
Ақынның ақ бесігі сол бөбектің.
Әумин !-деп тебіреніңдер, аққайыңдар,
Арманға сан көп айтқан сен де жеттің.
Ал енді шайқалыңдар, қарағайлар,
Басыңа биік-биік тарады ойлар.
Тарады асыл жанға ақын сөздер,
Соны айтып құмтөбенің бірі айғайлар.
Арулар қақтырыңдар ән қанатын,
Тән балқып, қызығына жан қанатын.
Түсетін маржан десе Мағжан аты,
Оралды енді бүгін қайран ақын.

Ғафа-ағаң поэзия пырағымен аспан-көкке қанат қаққандай, шалқып, тасынып кетті дерсің. Әрбір сөзін ашық, айқын оқып, тыңдаушысын мақамымен де тәнті ететін ақынға жұртшылық өре-түре келіп, қол соғып тұрды.

- Өлеңді түсінетін аудиторияда оқу керек екен-ау!-деді шаттанып, шабытттанған Ғафу аға.

- Ардақты бауырлар!- деді академик Рахманқұл Бердібаев ағамыз, - Қазақ жерінің сонау 10-ғасырда ғұмыр кешкен данышпан ғалымы, дүниежүзіне білімнің шампырағын жаққан әл Фараби өзінің бір атақты ақын замандасы қайтыс болғанда: «Біздің халқымыздың ақыл-ойының кемері бір елі түсті-ау», деген екен. 20-ғасырдың басында өмір сүрген қазақтың ұлы адамдарының Шәкәрімнің, Ахметтің, Мағжанның, Жүсіпбектің, Міржақып Дулатовтың 70-80 жыл бойы аты аталмай, шығармалары оқылмай келсе,

біздің халқымыздың ақыл-ой, парасатын бірнеше елі төмен түсірген.

Өзеннің суы шалқып ақса, дарияның суы шалқып ақса, кең далада шөп өседі. Елдің де көркі болады, жердің де көркі болады. Егер өзеннің суы сарқылып қалса, жаңағы көріктен айрылады. Бейнелеп айтсақ, халықтың сөзін айта-тын, намысын қорғайтын, рухын білдіретін – ақын. Осынау ақындардың, ойшылдардың осыншама уақыт көзден ғайып болып кетуі қиын заманда біздің қазақ халқының рухани дамуына сонша залал келтірді.

Бірнеше буын өкілі, үш буынның өкілі деуге болады, сол адамдарды білмеді. Қасиетімізді, елдігімізді танымады. Тіліміздің, тарихымыздың, елдігіміздің, намысымыздың жақсы сөздерін ести алмады. Сондықтан да біздің ақыл-ой, парасатымыз бірнеше елі төмендеп кеткен еді. Міне сол ұлылардың оралуымен, соның ішінде ұлы ақынымыз Мағжан Жұмабаевтың оралуымен, сол дариядай болып аққан халық парасаты өзінің кемеріне келе бастады. Міне, сол толысқан парасатымыз құтты болсын! Абайдың сөзі бар:

«Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге бола ма ондайларды,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған».

Қазақ жері қандай кең болса, дарынды, данышпан адамдары да көп болған. Әр өнердің биіктері болған. Гете айтады: «Адам баласы Жаратқанмен таласа алмайды. Үлкен тауларды жасай алмайды, үлкен өзенді орната алмайды. Ол адам баласының қолынан келмейді. Нағыз сұлулықты табиғат жасайды. Бірақ адамның да қолынан келетін биіктіктер бар. Адамның да қолынан келетін тереңдіктер бар», дейді. Тереңдіктер, биіктіктер деген – өнер.

Қазақ жерінде күйдің де биік жерлері бар. Анау Құрманғазы, мынау Тәттімбет шертпе күйдің күмбезін

шығарып кеткен. Үлкен дарынды әннің мұнарасын соғып кеткен Біржан, Ақан бар. Одан биік әніміз жоқ. Сол сықылды адамның ақыл-ойы жеткендей поэзияның да биіктері бар. Сол биіктеріміздің біреуі Шыңғыс тауы болатын болса, Абайдың елі болатын болса, қазақ поэзиясының тағы бір биігі – дәл осы өлке – Солтүстік Қазақстанның осы бір тамаша өңірі. Поэзия биігіміздің қайтып оралуы құтты болсын!

Патшаның Сарайы да, ұлылардың мәңгілікке жасаған ескерткіштері де жойылады. Уақыттың қатал сынына төтеп бере алмайды. Қазақ халқы айтпақшы: «Дүниенің бәрі жойылады, дүниенің бәрі жаңаланады. Туу бар жерде – өлу бар. Бірақ екі-ақ нәрсе өлмейді. Ол – ақынның аты, ғалымның хаты», деген.

Міне, Мағжан Жұмабаевтың оралуы өте бір мәні бар, терең құбылыс. Бұл демократияны тереңдету кезеңіне сәйкес келіп отыр. Тұншыққан ойлар, айтылмаған сырлар, өксікті армандар жарыққа шығатын заманға келіп отырмыз. Міне, осы заманымыздың қарқынына сәйкес өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілді дейміз. Мағжан Жұмабаев туралы жаңа-жаңа жазыла бастады. 70 жыл бойы ол қара тақтада жазылып келген. Енді оның аты бұдан былай қарай алтын әріптермен жазылатын болады. Мағжан Жұмабаев неге осыншама қиыншылыққа түсті? Ақмолла Мұхамедиядтың сөзі бар. Діни мағыналы сөз болғанымен де, керек сөз, терең мағынасы бар:

«Қайғылы пендесіне құдай жақын,
Жылатар пендесінің асыл затын.
Кімді артық сүйсе, соны артық қинар,
Достың естиін деп мінәжатын».

Мағжанның сонша азапқа түсуі, өмірінің ерте қиылуы,ылғи белсенділердің, жұлқындылардың сынына ұшырауы

кемдігінен емес, оның артықтығынан. Артық жаралғандығынан, халықтың жүрегіндегі сөзді, ойды айта білгендігінен және тайсалмай еркін айтқандығынан. Ғасырлар бойы халқымыз жинаған даналықты келешек қауымға бергісі келгендіктен. Шынын айтқанда, халқымыздың намысын айтқандықтан. Сол намысымыздың қайтып оралғандығы құтты болсын!

Мағжан Жұмабаевтың өлеңі – қазақ сөзінің ескерткіші. Дүние жүзінің поэзиясында орын алатын қазақ өлең өнерінің үлгісі.

Ерте замандарда ақындыққа да тәуап етіп іздеп барады екен. Мұрат тауы дейтін болады екен де, сол тауға барып түнейді екен. Мұрат тауының бұлағынан су ішеді, сонда әлгі адамға ақындық даритын болған. Менің ойымша бұдан былай қарай Мағжан күндері өте береді. Түбінде, ақын боламын, сөз өнеріне жетемін дегендер орны осы жер болады. Тау дегеніміз бейнелі сөз. Бұл жер – жазық болғанмен, өлеңнің тауы! Сол мұрат тауларыңыздың орнағаны құтты болсын!

Мағжан арман еткен елдің ішінде отырмыз. Енді Мағжанның ізбасарлары туу керек. Әр нәрсе өзінің келешегімен жақсы. Орталық Қазақстан, Солтүстік Қазақстан – қазақ поэзиясының орнаған жері. Анау Бұқар жыраудан бастап, бүгінгі Сәкен Жүнісов, Ғафу Қайырбековтерге дейін қазақ өнерінің інжу-маржанын, қазақ сөзінің ең асылын жасаған ел бұл Сарыарқа. Соңғы жылдары қазақтың өлеңінің ғимаратын соққан елден жазушылар аз шыға бастады. Оның себебі не? Оның себебі – мектептердің азайып кетуі. Қазақтың тілін, мәйегін, дәнін оқитын адамдардың азаюы. Мен ауызша сөйлегенді тілді толық білгендік деп ойламаймын. Кітап тілін білу керек. Сол көшіміз үзіліп қалғандай болды. Қазақтың барлық жері бізге бірдей. Ал әдебиетімізді жасаған елдің керуенінің іркіліп қалғаны өте ауыр еді. Мағжандардың, Ахметтердің

қайтып оралуынан сол тоқталып қалған көш қайтадан жүрер деп ойлаймын. Ол үшін ана тіліндегі мектептер көбеюі керек. Қазір барлық техникалық институттарда қазақ бөлімдері ашылып жатыр. Енді біздің тіліміз бастауыш, орта мектептің тілі емес, ғылымның тілі болады. Кешегі Абайлар, Мағжандар салған дәстүрді орнату керек. Әрбір тілдің 50 шақты қызметі бар дейді. Сол бір қиыншылық жағдайда 50 шақты қызметінің жартысынан астамы жоғалып кетті. Соны орнына түсіруіміз керек.

Мағжанның айым, күнім деп бағалаған тілі аман болсын, соны жаратқан елі аман болсын!

Осылайша шешеннен шешен тізгін алып, Қарағандыдан келген сыншы, филология ғылымының докторы Бақыт Кәрібаева, Ақтөбеден келген Қойсын Дүйсенова, Есілкөлден келген Баян атты қарындасымыз ақын Мағжан жайында ойлары мен толғаныстарын тілге тиек етті.

Мағжан Жұмабаевтың шығармаларын жинап, оны насихаттап келе жатқан ақын, аудармашы Хамза Абдуллин Мағжанның бұрын көпшілікке белгісіз болып келген өлеңдерін оқып берді.

Ал белгілі қазақстандық орыс ақыны, жерлесіміз Владимир Шестериков Мағжан Жұмабаевтың өзі аударған «Бұлбұл» деген өлеңін жиналған халықтың назарына ұсынды. Ел В.Шестериков ақынға риза болды.

«Ах, птичка милая, поведать
Спешу тебе в слезах о той,
За кем пошел навек бы следом,
Разлуку выстрадал душой.
Слетай к возлюбленной, в край дальний
И под окном ей с ветки спой,
Как полон я тоской—печалью,
И прежде, чем лететь домой,
Разбереди моей любовью,
Рулады мастерски верша,

Чтоб дивной трелью околдована,
Зажглась огнем ее душа.
Мне исцеленьем будет лучшим
Твоя лишь песня, может быть...
Лишь песней можно тронуть душу
И целый мир заморозить!

Ақын, жерлесіміз Есләм Зікібаев ақиық ақынға арнаған өлеңін оқып, жиналған қауымды қуантып тастады:

Қазақ десе,
Қарс айрылып жүрегін,
Азап көрсе ел,
Шын шағылып жүдедің.
«Ел!» - деген ер біреу болса,
Нақ өзі,
Екеу болса,
Сол екеудің бірі едің.
«Өзің тәңірі табынатын өзіңе,
Сөзің – құран, бағынатын сөзіңе»...
Дәті барып қарамайтын дұшпан да
От ұшқындап,
Жалын шашқан көзіңе.
Сенің атың – тарқамайтын думандай,
Желбірейді Жеңіс күнгі тулардай.
Неге екенін?...
Мен өзімді көремін
Өзіңменен бір Анадан туғандай.
Сайран далам сал сағымы ойнаған,
Сен де, мен де қызығына тоймаған.
Жұтқанымыз – ерке Есілдің бір суы,
Құт-нәріміз –
Сарыарқаның нұр, нуы...
Екеуімізді туыстырмай қоймаған.
Елдес ағам,

Жерлес ағам,
Жан ағам!
Кімдер сені көзі қиып қамаған?
Аруағыңа енді құлдық ұрады,
Тірі жүріп жаны өлгендер, тәні аман.
Тіршіліктің жүрсе де еміп нәрінен,
Құтылмады Тәңірінің кәрінен.
Өлгеніңмен,
Өмір сүріп жүргеннің
Көкте Күндей биік тұрсың бәрінен,
Мағжан аға!
Олар сенен әлі кем!

Тойға келген қонақтарды сол уақтағы Ленин аудандық атқару комитетінің төрағасы Мейрам Едіресов те құттықтады. Мағжан атамыздың тойына келіп, оның өмірі мен ғажайып жырлары туралы көсіле сөйлеп, көңілімізді көтергендеріңізге рахмет, десті қарағаштық азаматтар Теміртас Баянов, Қамидолла Есембаев, Әбу Сердалиндер.

Ата-бабамның қыстауына, Балықты көлінің жағасына бірнеше үй тіктірдім. Ол кезде киіз үй табу да қиын еді. Көбіне мұндай той-домалақтарды палаткаларда өткізетін едік қой. Сәті түсіп, мұның да жөні келіп қалды.

Балықты көлінің аумағы 15-20 шақырымдай. Атақты Жолдыөзек бойындағы көп көлдердің бірі.

Атығай қоныс салған Жолдыөзекке...

Бір кезде жау да салған қолды Өзекке..

Айрылып байлығынан көп соққы жеп,

Көз жасы Атығайдың толды Өзекке! -

деп Мағжан жырлаған өлке. Көктемде Балықтыға Жылымды көлінен кішкене өзек арқылы су тасып, қайнап келіп жатады. Сондықтан мұны ел «Өзек» деп атайды. Мағжанның «Батыр Баян» поэмасындағы «қара өзек», «қанды өзек» осы деседі екен қариялар. Баянның інісі мен қалмақ қызын атқан

жер де осы тұста көрінеді-міс. Бұл – Балықтының батыс жағалауы, Алқа ауылының іргесі.

О заманда біздің ауылға атақты Ақан сері жиі келіп жүріпті. Елдің шаруасы жақсы, малға бай болғанға ұқсайды. Оның үстіне Байқадам деген атамыз Ақкиіктің белгілі биі. Бұл ауылда өнерпаз адамдар да көп екен. Солардың бірі – жылқылы бай, әрі өнерпаз, сері Садуақас деген атамыз. Ол кісі домбырасын алып күй тартқанда, сұлу шұбар аты билеп тұратын болған. Ақан сері Атығай ішіне келгенде Садуақасты қасына ертіп жүрген көрінеді.

Бұлтындай сүмбіленің ауып жүрмін,

Туысты Атығайдан тауып жүрмін. –

деп басталатын Ақан серінің өлеңі осы бір сөзімізді дәлелдейді.

Дарабоз ақынымыз, жерлесіміз Мағжан тойы да осы ата-бабамның шалқар даласында, айдынына күн қондырған кәусар сулы Балықты көлінің жағасында өтіп жатыр.

Ежелден сауықшыл ауылдың сауыққой жастары да тойдың өресін аспандатып жүр. Әншілік өнерімен бүкіл республикаға танылып қалған Сәлім мен Керей Садриевтер Ақанның, Біржанның әндерін, Мағжанның «Бәрінен де сен сұлу» әнін кезек-кезек шырқағанда Жолдыөзектің қыз қарағайлары мен кербез қайыңдары да: «Бізге бұл әндер ертеден таныс, бұл әндердің сиқырлы, сырлы сыңғырынан ләззат алғанымыз қашан?!» дегендей, бас изеседі. Құдіретті ақын жайлы ғажайып аңыз-әңгімелер айтып, сұлулық, мәңгілік өмір жырын жырлайды.

Бір алаңда палуандар қазақша күрестің көкесін танытып, қызбаланған жұртшылық кепкелерін көкке атып жатқан шуы да, дуы да өзінше қызық.

Сәйгүліктер тұяғымен күй ойнатып, Нөгербек (қыстау аты) даласын ұршықша үйіріп барады. Бірде қатарласа, бірде сондарына қарай шыққан қиқу, көтерме айқай, қазақы

жүйріктердің делебесін одан сайын қоздыратындай. Мәреге бұрын жеткен аттардың иелері өзі шапқандай, өзі озғандай мээ-мәйрам.

Біздің қазақ той өткізсе, алды-артына қарамай, барын салады ғой. «Қазақ бір құшақтаса, мол құшақтайды» демекші, бәрі де мол болды. Шүкіршілік. Облыстың басшы қызметкерлері Н.Иванова, Б.Тұрсынбаев, З.Беева, Ә.Ысқақова, М.Едіресов Мағжан тойының өту барысында азаматтық ортақ ниет танытты. Ауылдастарыммен араласып, бірге тойлады. Сөйтіп, Мағжан ағамыздың тойының бір бұлағының көзін ашқандай болдым. Ұлы ақынның рухын Қарағаштағы ауылдастарым төбесіне көтерді, жүрегіне ұялатты. Мағжанның аруағы жебеп жүрсін лайым!



ЖЫР ЖҰЛДЫЗЫ

Мағжан Бекенұлы Жұмабаев – ұлы Абайдан кейінгі қазақтың ұлы ақыны.

Ол 1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі Мағжан Жұмабаев атындағы ауданға қарасты Молодежное селосынан екі шақырымдай жердегі Сасықкөлдің жағасында туған. Ақынның әкесі Бекен қазан революциясына дейінгі кезеңдегі ірі қазақ байларының бірі, Қызылжар өңіріне кеңес өкіметі келгенше Полудин болысы болған адам. Бекеннің жеті ұлы, екі қызы болған. Сол балаларының үшіншісі – Мағжан. Ол төрт жасынан ауыл молдасынан хат танып, кейін Қызылжардағы М.Бегішев апқан медреседе 5 жыл оқып, оны 1910 жылы бітіреді.

Жас Мағжан өзінің ақындық дарынын ауылда, Қызылжарда жүргенде-ақ танытып, ел-жұрттың аузына іліккен еді. Ақынның жырына тақырып, тіліне тиек болған – туған жерінің, Жолдыөзек өңірінің әсем табиғаты, ақ балтырлы қайыңдары, көкорай шалғыны, айнадай жарқырыған көлдері. Осылардың бәрі жас ақынды сұлулық, әсемдік құшағына тартып, шалқытып, толқытып, тебіrentкені анық. Мәселен, ақынның” Жаз келді” өлеңі де табиғат әсемдігін жырлайды:

Жел жалығып, хал жиып,
Қалғып қана тербелер.
Жұмсақ қана жымыып,
Жібек қанат жаз келер.

Көк алтынға көмілген,
Ауаға алтын себілген.
Алтын емес себілген,
Жаздың шашы төгілген.

Әне, ерке жаз келер,
Ал, балалар, қарандар.
Ойнап алтын шаш берер,
Ал, балалар, тарандар.

Қайғылансын, күрсінсін!
Енді ұзамас, ерір қар.
Еркетай жаз бір күлсе,
Күлмей шыдап кім қалар?

Сұлу жаздың лебізі,
Қар түгіл, мұзды балқытар.
Көл, өзенің, теңізің
Ойнатар, бәрін шалқытар.

Алтын сәуле тұр сүйіп,
Жел маужырып тербелер.
Жұмсақ қана жымыып,
Жібек қанат жаз келер.

1911 жылы Мағжан Жұмабаев жерлес досы Бекмұхамед Серкебаевпен бірге Уфа қаласындағы атақты «Ғалия» медресесіне оқуға түседі. Бұл туралы Бекмұхамед аға 1973-жылы жазған өмірбаянында: «Қай жағынан алсақ та Қызылжардағы «Шалақазак» медресесі Уфадағы «Ғалия» медресесінен әлдеқайда төмен еді. Мұнда, Қызылжарда біржақтылық – гуманитарлық пәндерге басымдылық байқалды. Сол себепті Мағжан Жұмабаев екеуміз Уфаға баруға шешім қабылдадық», деп атап өтеді.

Мағжан бұл оқу орнында башқұрттың көрнекті ақын-жазушылары Шайқызада Бабич және Сәйфи Құдашпен бірге оқиды. Мағжан бұлармен етене дос болады. Қазақ, татар, башқұрт шәкірттерін оқу-ағарту, әдебиет және мәдениет істеріне тарту мақсатында «Шымыттыр» атты қолжазба журнал шығарып тұрады. «Ғалияда» бірге оқыған

сабақтастары туралы: «Шайқызада мен Мағжан екеуі біздің медіресе мақтаншптары болды. Біздің ең озық ұстазымыз, ұлы Ғалымжан Ибрагимовтің өзі Мағжанмен есептесе білді. «Қазақ қызы» романының бірінші бетіне өз шәкірті Мағжан өлеңінің бір шумағын эпиграф ретінде алды. Шын мәнінде бұл уақытта Шығыстың барлық білімін меңгерген жас Мағжан өз замандастарын таң қалдырды. Ол араб-парсы және түркі текті тілдерді жетік білді, тіпті ортағасырлық ұлы парсы ақындарының өлеңдерін аударды» деп, жазды Б.Серкебаев ағамыз.

Мағжан Жұмабаевтың әдебиеттегі алғашқы тырнақалдыларын 1911-1913 жылдарға жатқызуға болады. Оның шығармалары қазақ және татар тілдерінде шығатын барлық газет-журналдарға басылып тұрды. Ол “Айқап” журналының редакциясында істейді. Шығармалары “Қазақ” газетінде жарық көреді. 1912 жылы Қазан қаласында ұстазы, татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимовтің көмегімен «Шолпан» атты тұңғыш жинағы басылып шығады.

Ғалымжан Ибрагимовтің ақыл-кеңесімен Мағжан орыс тілін үйреніп, орыс және еуропалық білімнен сусындауға ынта қояды. Уфадан Қызылжарға оралған Мағжан осында қазақтың атақты ақыны, «Оян, қазақ!» жыр жинағымен бүкіл елге танымал болған Міржақып Дулатовпен кездеседі. Мағжанның көктен тілегенін жерден беріп, орыс тілі мен әдебиетінің асқан білімпазы Міржақып Мағжанды орысша оқытып, үйретеді. Міржақып ағасы Мағжанға Омбыға барып орысша оқуға кеңес береді. Осыдан соң Мағжан Жұмабаев Омбыдағы мұғалімдер семинариясына түсіп, 1916 жылы оны медальмен, үздік аяқтайды.

Мағжан Жұмабаевтың әйел-ана тақырыбына арнаған өлеңдері 1910 жылдан бастап қазақ газеттерінде жиі жарияланып тұрды. Өмірдің мәні һәм сәні, күні мен айы, тіршіліктің негізі, шаңырақтың тірегі әйел-ананы, әйел-аруды бар болмыс бейнесімен шұрайлы тілмен бейнелеп берді.

Өмірімнің қап-қараңғы түнінде,
Еш не білмес түсім бе, я өңім бе?
Оң менен сол, от пенен су айырмас,
Күшсіз, әлсіз есім білмес күнімде,

Кұшағыңа алдың, сүйдің сен, анам,
Ренжу жоқ, барлық сөзің: «Жан балам!»
Ыстық-суық, желге-күнге тигізбей,
Асырап, сақтап, болдың анам, баспанам,
- деп жырлады «Анама» деген өлеңінде.

19 жасар Мағжанның алғашқы өлеңдер жинағы оның бүкіл болмысын көрсетіп бергендей болды. Осы кезден бастап-ақ жас дарынның есімі тек қазақ оқырмандарына ғана емес, татар, башқұрт және басқа да түркі тілдес халықтарға танымал бола бастады. Сөйтіп, қазақ елінің көгінде шын мәнінде Шолпандай жарқыраған бір жарық жұлдыздың туғаны күмәнсіз еді. Ғажайып жырларымен туған халқын қуанышқа бөлеген, Абайдың ізін басып, жыр сүйер қауымды ойлы да өткір және кестелі, өрнекті өлеңімен тамсандырып, таң қалдырып, әлем әдебиетіне Мағжан Жұмабаев келді.

Ақындық жолына айқын түскен Мағжан өзінің білімін, дүниетанымын бұрынғыдан да кеңейту ниетімен Омбыда оқып жүргенде ол орыстың, батыстың әдебиеті мен тарихын көп оқып, көп зерттейді. Пушкиннің, Лермонтовтың, Гегенің, Байронның және басқа да көптеген орыс-батыс ақындарының шығармаларын тәржімелеп, қазақ оқырмандарына таныстырады.

Әлемдік әдебиеттің кәусар бұлағынан және халқының ғасырлық даналығынан сусындағаны оның рухани Интеллектуалдық мәдениетінен, поэзиялық шеберлігінен жарқырап көрінеді.

Мағжанның қоғамдық-саяси көзқарасы қалыптаса бастаған тұста Ресей империясында да, оның отары болып

отырған Қазақстанның қоғамдық-экономикалық және саяси тіршілігінде де сан қилы өзгерістер болып жатты. Қазақ жерін капиталистік қатынастар жайлай бастаған еді. Оның есесіне орыстың прогресшіл мәдениеті де елімізге еркін енуде болатын.

1905 жылғы орыс революциясының дүмпуі Қазақстанға да жеткен. Бодандықтан бостандыққа ұмтылушылық сарыны ел арасына тез тарап кетуге сол кездегі Мағжан Жұмабаев сияқты қазақ интеллигенциясы өкілдерінің әсері тиді. Азып-тозып, күйзелген елдің жай-күйі ақынды ерте алаңдатты. Сол ауыртпалық пен мүшкіл хал кешкен халқының ортасында жүргеннен кейін Мағжанның жанын ел қасіреті аяздай қаритын:

Азамат! Анау қазақ қаным десең,
Жұмақтың суын апар, жаным десең.
Болмаса, ібіліс бол да у алып бар,
Тоқтатам тұншықтырып қанын десең.

Екінің бірі, басқа жол жоқ! Буырқанған сезім тасқыны, ұлттық намыстың ғаламат дауылына айналып, қазақы марғау тірлікті ұйқысынан шошытып оятқан, өршелене шыққан дабылды дауыс бүкіл тіршілік атаулыны селт еткізгендей. Халық өлеңдерінің мазмұнымен бірге оның ырғақ үйлесімін, ішкі рухын, әуезділік әсемдігін жанымен қабылдаған ақын кейде ән-күй ғана түсіндіре алатын сезімдерді сөзбен жеткізеді. Мағжанның ақындық ерекшелігі де осы!

Қалай дегенде де, Мағжан өзіне дейінгіге де, кейінгіге де ұқсамайтын, өзіндік қолтаңбасы бар ақын. Ол өмірді біртұтас құбылыс, көрініс ретінде, ал адамды сол ұлы табиғаттың, жаратылыстың бір туындысы, бөлшегі ретінде қабылдайды. Құбылыстың мәнін кең көлемде, жалпыға бірдей қалыпта тани білу үшін ол, алдымен, не нәрсенің болса да мән-мазмұнын бағдарлап, әрдайым жалпы адамзатқа тән әуенге бой ұрады, табиғаттың өз заңына ғана

бағынатын құбылыстың ішкі астарына үңіледі. Дүниені философиялық тұрғыдан таниды.

Мағжан Омбы семинариясын тәмамдағаннан соң біраз жылдар бойы шығармашылықпен айналысады. 1918 жылы Омбыда “Балапан” деп аталатын қолжазба журналын шығаруға басшылық жасады. Ол “Бостандық туы” газетінің жауапты редакторы, Омбы қаласында ашылған қазақ мұғалімдерін дайындайтын курстың директоры (ол кейін Петропавлға көшіріліп, педтехникум болған, қазір ақынның өз атындағы педагогикалық гимназия) болып істеген. Бұл кезде Сәбит Мұқанов та аталмыш курста оқитын. «Мағжан Жұмабаев курстың директоры бола тұра, орыс тілінен, қазақ тілінен, педагогикадан және діни оқудан дәріс берген. «Біз ислам қағидаларын жадымызға сақтаумен қатар, Мағжан Жұмабаевтың басқаруымен намаз оқуды да үйрендік», деп жазды Сәбең кейін «Өмір мектебінде».

Мағжан Жұмабаев 1920 жылдары Мәскеудегі шығыс әдебиеті институтына түсіп оқиды, әрі қызмет істейді. Мәскеуде Мағжан М. Горькийдің “Сұңқар жыры” кітабын қазақ тіліне аударып, бастырып шығарады. Қазақ, өзбек және түркмен әдебиеттерінің үш томдық жинағын В. Брюсовтың тапсыруымен баспаға дайындайды. Шығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде «Қазақ әдебиетінің тарихы мен қазақтың әдеби тілінің стилистикасы» деген тақырыпта лекция оқиды. Осы еңбектерін де баспаға дайындайды. Аталмыш оқу орнында Мағжанның алдынан жыр құлагері атанған Ілияс Жансүгіров, филология ғылымының докторы, профессор Бейсенбай Кенжебаев дәріс алады. Бейсенбай ағамыздың Мағжан ақын туралы жазып қалдырған «Ұстаз» деген естелігі «Лениншіл жас» газетінде басылды.

Мағжан 1922 жылы Ташкентке барып, «Ақ жол» газетінде, «Шолпан» журналында қызмет атқарады.

Өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарында-ақ жалпақ елге есімі мәшһүр болған М. Жұмабаевқа «Өлеңдері ескішіл» деген айып тағылады. Осы тұста Жүсіпбек Аймауытов оны ақтап «Лениншіл жас» журналына көлемді мақала жариялайды. Бірақ ретсіз сынау тоқтамайды. Шындыққа кереғар сындарға қарамастан, ақынның өлеңдерін кітап етіп шығару туралы қаулы қабылданады.

М.Жұмабаевты даттаған мақала 1925 жылы 14 қаңтарда «Еңбекшіл қазақ» газетінде де жарияланған. Сыңаржақ сыннан көңілі жабыққан ақын оған жауап ретінде «Тілші» газетіне «Сәлем хат» деген өлең жазады. Бұл хатқа С. Мұқанов «Сәлемге – сәлем» деп жауап қайтарады. Осылайша Мағжан біраз уақыт бойы орынсыз сынның құрбанына ұшырайды.

Ұлы ақынның әлеуметтік үні зор өлеңдеріне қоса, публицистикалық шығармалары да аз емес. «Ақан сері» еңбегі «Сана» журналының 1923 жылғы 1 санында жарияланған. Мағжан Ақан жөнінде тың мәліметтерді 1922 жылғы Көкшетау сапарында жинаған болса керек. Себебі мақаланың басында Мағжан Ақан туралы білгендерін айттып, жазып берген бірнеше азаматтарға алғыс білдіруді парызы деп санаған. Мақалада Ақанның өксікті өмірі, шығармашылығы, тарлан тұлғасы айқындала түседі.

Мағжан Жұмабаевтың 1920-жылдардағы жыр жолдарына үңіле қарап, зейінмен зерттей оқысақ, байқайтынымыз халқымыздың ғасырлар бойы тырнақтап жинаған асыл қазыналарын – әдебиетін, тілін, мәдениетін, әдет-ғұрпын, әнін, күйін жоғалта көрме, айрылып қалма деп ескертеді. Ұрпағым, сендер сол мұрадан көз жазып қаласындар-ау, деп зар қағады.

Қазақ жастарын өнер-білімге, жоғары мәдениеттілікке шақырады. Жастарды ізгілікке, инабаттылыққа меңзеген ерекшелік Мағжан поэзиясында тұтастық тауып, айшықталып тұрады.

Романтик ақынның қиыннан қиыстырған өлең-жыры болмысты тура беруден аулақ, керісінше, қиял әлеміндегі суреттер, көңіл толғаныстары арқылы мұраттарды, дәуір тынысын көркем бейнелеу еді. Ол өмір құбылысын емеуірінмен, тұспалмен беру тәсілдерін (символмен) еркін пайдаланды. Мұны Мағжан сол кездегі орыстың жаңашыл ақындары Александр Блоктан, Велемир Хлебниковтан, Валерий Брюсовтан, Дмитрий Мережковскийден, Федор Сологубтан үйренген. XX ғасырдың басында орыс ақындары поэзияға жаңа леп, соны қозғалыс, ерекше ырғақты күй – саз әкелген болатын. Мағжан Жұмабаев орыстың осынау жаңашыл дүлдүлдерімен иық түйістіріп, олармен жарысып жыр жазды, әдемі ырғақтар тудырды, қазақ өлеңіне жаңа түр, өлшемдер әкелді. «Мағжанның осындай түршілдігін бағалаған екі-ақ адам болып еді. Олар Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытов», деген екен көрнекті ақын Ғафу Қайырбеков.

Мағжан патшалық заманның қатыгездігінен, үстемдігінен бұғып, қорқып қалған халқын ұлы ерліктерге, бостандық, теңдік үшін күрестерге жігерлендіру үшін еліміздің тарихын, хандарының, батырларының ерліктерін тамаша да әсерлі жырлайды.

“Батыр Баян”, “Қорқыт”, “Қойлыбайдың қобызы” және басқа да жыр, дастандары – әдебиетіміздің алтын қорына қосылған шоқтықты туындылар.

Сөйте тұра ғажайып жерлесіміз, ұлы ақын, ұлы азаматтың мына фәни дүниеге сыймайтындай халге келуі қалай? Оны Мәскеуде де, Алматыда да, Петропавлда да, Талғарда да, тіпті Кегеңде де қуғын-сүргінге ұшыратады. Ол ақ түрмеде де, республикалық НКВД-нің қапасында да, Мәскеудің атышулы Бутыркасында да, Соловкидің, Карелияның лагерлерінде де отырады. Ақыры 1938 жылы қайран ақынды атқызып тынады. Оның себебі – Мағжан ақынның өзі өмір сүрген уақыттан, дәуірден ертерек туғаны,

оның талантына, дарынына, азаматтығына қатар тұратын замандастарының аз болуы. Мағжанның басты трагедиясы осында ғой деп ойлаймын. Әйтпесе ұлы ақын жайында қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезов: “Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. Бұдан соң Мағжанды сүйемін, еуропалығын, жарқырағын, әшекейін сүйемін.

...Бүгінгі күннің бар жазушыларының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін”, - деген екен.

Мағжан Жұмабаев – біздің рухани өлкеміздегі қияннан көзге түсетін биік шындырымыздың бірі де, бірегейі. Оны танып, қастерлеу – біздің елдік мәдениетіміздің айқын көрсеткіші.

Мағжан Жұмабаев туралы қазіргі кезде, шүкір, көп жазыла бастады. Ал тоталитаризмнің қалың сеңі жаңа сөгіле бастаған 1960 жылдары жазықсыз жапа шеккен бауырларымыз өз ортасына қайтадан келіп, қуаныш құшағына бөленіп жатқанда Мағжан атамыздың керісінше, бізден 25-30 жылға қайтадан алыстап кетуі кімнің болсын жанын жаншып, жүрегін жаралайды. Апыр-ау, Мағжан рухының осынша тапталуына не себеп? Кім кінәлі? Ұлы ақынға осынша өшіккен Құдай ма, заман ба, адам ба? Мұндай ой көкірегі ояу адамның барлығының жүрегін мазалайтын еді.

Сонау 1965 жылдары ҚазМУ-дің бір топ оқытушысы – профессор, филология ғылымының докторы Хайрулла Махмудов, ақын, аудармашы Александр Жовтис және ақын, аудармашы жерлесіміз Хамза Абдуллин студенттермен жиі кездесіп, Мағжан туралы лекциялар оқитын, оның өлендерін Олжас Сүлейменов, Александр Жовтистер орысша тәржімалап жастарға таныстыратын еді. Мағжан ақын және оның шығармалары туралы осынау қозғалысқа түрткі болған башқұрттың халық жазушысы, ақын Сәйфи Құдаштың Қазақстан компартиясы орталық комитетінің

бірінші хатшысы Д.Қонаевқа жазған хаты болатын. Сәйфи Құдаш бұл хатта Д.Қонаевтан қазақтың аса дарынды ақыны Мағжан Жұмабаевтың шығармаларының жарық көруіне қол ұшын беруін сұраған. Оның бұл өтініші іске аса қоймағанымен елдің зиялы қауымы арасында біраз әңгіме туғызған болатын. Кейін Алматы студенттері де іліп әкеткен еді.

Жоғарыда есімдері аталған ақын-жазушылар, ғалымдар сол жылы Мағжан ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы материалдарды “Простор” журналына басып шығармақшы болды. Бірақ дайындық жұмыстарын құпия түрде жүргізді. Бұл игілікті істі сол кезде әдеби журналды басқарып отырған редактор, жерлесіміз, атақты жазушы Иван Шухов аса қолдап, тіпті өзі басшылық ете бастады.

Ал енді осы арада айта кететін бір жайт, осы жұмысқа кеңесші, ақылшы болған академик, жазушы Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов еді. Жазушылар үйінің үшінші қабатында Ғабит аға әріптестерімен бильярд ойнайтын. Ғабенмен кей-кейде осында жолығысатындардың бірі – филология ғылымының докторы, профессор Хайрулла Махмудов болатын. Орыс тілінде ақын Мағжанның өмірі мен шығармашылығы туралы «Просторға» материал берген де осы ғалым. Ал ұлы Ғабен – И.Шуховқа, Х.Махмудовқа қолдаушы болған адам. Ғабит Мүсіреповтің шығармаларын зерттеуші, филология ғылымының докторы Әбділхамит Нарымбетовтың «Ғабит Мүсіреповтің қойын дәптерлері» деген мақаласында («Қазақ әдебиеті», 9 шілде, 1993 жыл) былай деп жазған: «Мағжан Жұмабаев туралы (ол ақталмай тұрған жылдарда жазылған - Ә.Н.) қойын дәптердегі пікірлердің мән-мағынасын бөліп атаған жөн. Ақын шығармаларын ауызға алуға болмайтын, тыйым салынған сол бір үрейлі жылдардың өзінде-ақ Ғабит Мүсірепов ешбір жаналғыш «әзірейілден» именбестен-ақ Мағжан өлеңдерін қойын дәптеріне жазып отырған. №337 дәптерінде Мағжан

Жұмабаевтың атақты «Шолпы» өлеңінің тексін толық жазып, аяғына 1975 жыл деп уақытты көрсетіпті. Сол дәптерде Мағжанның «Толқын» атты өлеңінің, №338 дәптерінде Мағжанның «Гүлсім ханымға» атты өлеңінің текстерін жазып қойған. Мағжанға тыйым салынған қатал дәуірдің өзінде-ақ Ғабит Мүсірепов ақын шығармасының күдірет-күшіне сүйсіне, табына отырып, оны қадірлей, құрметтей білген. Сол бір аса қиын-қыстау кезде ешкімнен қаймықпай, сескенбей, әдебиет туралы, оның дарынды өкілдері жайлы өз жүрегінің сеніміндей ой толғамдарын қағазға түсіріп отыруы Ғабит Мүсіреповтің азаматтық тұлғасының ірілігін, дарынының биіктігін, күдіреттілігін, тазалығын, болжампаздығын, қаһармандығын танытып, дәлелдейтін болса керек». Мен жоғарыдағы сөзіме бұдан артық дәлелдің қажеті жоқ қой деп ойлаймын.

ҚазМУ-дің филолог-студенттері Қазақстан Жазушылар одағының үйіне орналасқан “Простор” журналының редакциясынан шықпайтын болды. Бәрінің күтетіні Мағжанның портретімен, өлеңдерімен шығатын журнал. Журнал редакциясының әр қызметкерінің тұсында бұйра шашы бұрқыраған, екі көзі тостағандай, келбетті Мағжанның портреті ілулі тұратын. Ол тұстағы әңгіме де, сөз де Мағжанның өлеңдері туралы болатын еді. Бірде мен әдеттегідей редакция төңірегін торып жүр едім, журнал редакторы Иван Шухов кабинетіне қарай беттеп келеді екен. Мені көрген соң ба, әлде бір шаруасы болды ма, көпшілік қызметкерлер отыратын бөлмеге бұрылды, жолай мені де иығымнан қағып, бөлмеге ала кірді. Редакциядағылар әлде не күткендей тына қалып еді, редактор: “Болмады”, деді. «Мағжан бәрі бір шығады, оның күні туады әлі», деді отырғандардың кейбіріне, маған да ұлы ақынның суретін беріп жатып.

Орыс тілді оқырмандарға ұлы Мағжан жырын өте сәтті аударып, жеткізуде жерлесіміз, көрнекті орыс ақыны В. Шестериковтың да еңбегі зор.

БЕЙНЕЛЕП АЙТА БІЛГЕН АҚЫН

1890-1900 жылдары Константин Бальмонт, Дмитрий Мережковский, Зинаида Гипшиус, Валерий Брюсов, Афанасий Фет, Андрей Белый, Владимир Соловьев және тағы басқа да ақындар орыс поэзиясына символистік ағым әкелді. Мәселен, осы жылдары К. Бальмонттың қаламынан туындаған “Тыныштық” және “Күйіп жатқан үйлер” кітаптарының арқалаған жүгі де символистік (таңба, белгі, тұспал т.б) ұғымдағы поэзия болатын. Ақынның символистік жырларының алтын арқауы Күн болды да, оның күміс сәулесі әр өлең жолдарында көрініс беріп тұрды.

Бастау қара болғанға мен сенбеймін,

Түн болсыншы тіршіліктің анасы.

Күнге жауап берер, жүрек, сен деймін,

Көлеңкеңнің көрінбесін қарасы.

- деген шумақ та тұспалмен жазылған өлеңнен алынып отыр.

Қалай дегенмен де ғасырымыздың басында батыс-орыс әдебиетіне келген символистік поэзия жыр сүйер қауымның жүрегінен мықты орын алғаны рас. Жоғарыда есімдері аталған орыстың әйгілі ақындарымен қатар шыққан біздің жерлесіміз, айтулы ақын Мағжан Жұмабаев та әлем әдебиетінде болып жатқан жаңалықтардан құралақан қалған емес. Табиғатынан талантты, зерделі де сергек ойлы, батыс пен шығыс әдебиетін, оның тарихын, тіпті, жас кезінен бойына, жанына сіңіріп өскен қазақ ақыны өзі өмір сүрген дәуірдің қара түнек, ең бір қиын-қыстау кезеңін шығармашылығында ерекше айқын, бедерлі білдіріп, ол өзінің бұл әдісімен адамгершілік және көркем ойлаудың жаңа бір типтік түрін ашты деп есептеймін.

Ақын “Күншығыс” деген өлеңінде бірінші дүниежүзілік соғысқа араласқан батыс елдерінің жай-күйін, соғыстың

халыққа қасіреттен басқа ештеңе әкелмейтінін былай суреттейді:

...Күн батысты шаң басқан,
Шаң емес, қара қан басқан.
Тарсыл-күрсіл қанды атыс.
Көп білем деп бөлуге,
Көп күлем деп өлуге,
Жақын қалды Күнбатыс.
Дария еді ол өкірген,
Шапшып көкке лепірген,
Жемірілді кемері.

Бұл өлеңде үлкен көрегендік бар. Мағжан қазан революциясын іштей қуаттамайды. Оның себебі ол ұлттық дәстүр салтымызды, керек десеңіз тіліміз бен дінімізді табанымен таптап, өткен жерін қара күйік, қара өрт етіп кететінін біледі. Біздің түбінде ұлты да, тегі де жоқ “жасанды адам” болып қалатынымызды Мағжан осыдан 80 жыл бұрын біліп қойған. Сондықтан ол батыстың өркениеттілігінен гөрі Күншығыстың мәдениетін, тарихын үйренуге, соған сенуге шақырады. Немесе “Жиленді қара орман” деген өлеңіне үңіліп көрелік:

Жиленді қара орман
Қарағай, қайың аралас.
Мәңгі мылқау қара орман,
Көктегі күнмен шамалас.
Аппақ кебін бүркеніп,
Мылқау орман түс көрер.
Жел аза боп өртеніп,
“Әпсүн” оқып үшкірер.
Мәңгі мылқау кәрі орман,
Былық етпейді түс көрер,
Жел мінезді ессіз жан –
Маған түрлі ой келер.

Ұйықтасам мен орман боп,
Тәтті-тәтті түс көріп,
Бетімнен тұрса жел жүріп,
“Әпсүн” оқып, үшкіріп.

Бұл да Мағжанның тұспалымен жазған терең ойлы өлеңі. Мұндағы “Қара орман” жәй ғана өзіміз күнде көріп жүрген орман емес, ұлы орман. Мағжан ақынның “қара орманы” көктегі күнмен шамалас. Күнмен терезесі тең, немесе одан да зор. Одан да асқақ тұрған не? Ал ақын “қара орманға” ұқсап ұйықтап тәтті-тәтті түс көргісі келеді, онымен тілдескісі келеді. Иә, жиырмасыншы ғасырдың басында-ақ қазақ поэзиясының тың белең болып келген талантты ақын тәңірмен осылай тілдесуге талпыныс жасайды мұнда. Осы арада тағы бір айта кететін жәй мынау, ақынның табиғат құбылыстарының сырларына терең бойлап, олардың жұмбақ құпияларын біздің алдымызға жайып салады. Оған тірі адамдай мінездеме беріп, суреттеуі де бейнелеп, тұспалдап жазудағы ізденісінен туған жаңалық.

Мағжан Жұмабаев символист ақын деп 1920-30 жылдары баспасөздерде талай-талай сыналды да. Десек те символист Мағжанның қазақ әдебиетіне, оның ішінде поэзиямызға әкелген жаңалықтары орасан. Өлеңнің музыкалылығы, сыртқы түрі, бояуының айшықтылығы, бейнетұспалмен жазылуы – Мағжан Жұмабаев шеберлігінің нәтижесі.

Сыршыл ақынның атақты “Шолпы” өлеңі де символистік шығарма. Сезім тасқынына құрылған өлеңді оқып отырып, тамаша рахат құшағына, сұлулық аясына тап боласың. Сұлулыққа тап болу, ғашық болу адам баласының басына қонған бақыт.

Ендеше “Шолпы” өлеңі бізді сол бақытқа жолықтырады. “Шолпының” сылдырымен сіздің жүрегіңіз бірге соққандай, жаныңыз жадырап, айнала қоршаған мынау орта, жер-дүние

өзгеше әсем, өзгеше керім болып кетеді емес пе! Енді сол өленді оқып көрелік:

Сылдыр-сылдыр-сылдыр...
Қанымды қайнатты құрғыр.
Шық-шық жүрекке тиеді,
Құлпыра талқан боп сынғыр.
Сылдыр-сылдыр-сылдыр...
Өзекті өртеді құрғыр.
Әдейі іргеден жүреді,
Сұлу қыз санадан солғыр!
Сылдыр-сылдыр-сылдыр...
Жүректі жандырды құрғыр.
Кеудені кернеді жалын,
Сәулем, періптем, тез кір!
Сылдыр-сылдыр-сылдыр...
Есімнен аударды құрғыр.
Лебізіңнен еріп барамын,
Жаным-ай, жақында қол бер!
Сылдыр-сылдыр-сылдыр...
Талдым, қалды сұлдер.
Сыбырға айналды сылдыр,
Сылдыр-сылдыр-сылдыр...

Мұнда тек қана қыз шолпысының сылдыры. Басқа ештеңе де жоқ. Музыкамен берілетін дүниені дүлдүл ақын қазақтың сырлы, сиқырлы, әуезді тілімен қағазға түсірген. Не деген керемет! Қазақ әдебиетінде мәңгі қалатын хрестоматиялық шығарма қатарына өз басым “Шолпыны” да қосар едім. Мұндай құбылыс қазақ әдебиетінде бұрын-соңды болып көрмеген, біздің әдебиетімізге Мағжан ақын әкелген жаңалықтың бірі.

Мағжан Жұмабаев “Пайғамбар” өлеңіне эпиграф етіп Мережковскийдің “Дети ночи” өлеңінің:

Устремляя наши очи,
На бледнеющий Восток.

Дети скорби, дети ночи,

Ждем, не придет ли наш пророк,

- деген жолдарын алған екен. Өзінің бейнешіл әріптесіне еліктеді ме, әлде Мережковскийдің аталмыш өлеңіне «Күншығыстан шыққан пайғамбар мен!» деп жауап бергісі келді ме, әйтеуір ақын:

Күнбатыстан қараңғылық қаптаған,

Күні батып, жаңа таңы атпаған.

Түнеріп жүр түннен туған перілер,

Тәңірісін табанына таптаған.

Күнбатысты қараңғылық қаптаған.

Жалғыз жан жоқ қараңғыда лақпаған.

Білген емес иман деген не нәрсе,

“Қарын” деген сөзді ғана жаттаған.

Түн баласы түнерген түн жамылған,

Аллаға емес, әзәзілге табынған.

Інжілді өртеп, табанға сап Құранды,

Әділдікті күткен ессіз “қарыннан”.

Қап-қара түн,

Қайғылы ауыр жер жыры,

Қап-қара түн. Күңіренеді түн ұлы,

Күншығыста ақ алтын бір сызық бар;

Мен келемін, мен пайғамбар – Күн ұлы,

- деп кете беретін жолдар “Пайғамбар” өлеңінен үзінді. Мағжан ақын қандай өлең жазсын, не туралы жазсын ащы да айқайлап жазады. Ашынған жаны, тасыған қаны Мағжан өлеңінің әр жолынан көрінеді.

Патшалық заманның тегеурінді тепкісін бастан кешірген қазақ халқы, оның алтын айдарлы ақыны кеңес өкіметінің келгеніне қуанып, құшақ жайып қарсы алған еді, ол ойы мен арманы керісінше болып шықты. 1917 жылғы төңкерістен, азамат соғысынан, 1921-1932 жылдардағы аштықтан, зорлықпен колхоздастырудан зықысы шығып, азапқа түскен елді көрген, өзі де қуғындау көрген ақын «Пайғамбарды»

жазды. Тұспалмен жазды. Мағжан Жұмабаев ұлтшыл да, нағыз азамат ақын. Онда ұлттық намыспен әлем биігінен сөйлей алатын азаматтық үн басым. Оның көркем бейнелеудің бар қаруын түгел және толық әрі ұтымды пайдаланып, өзге ақындар айта да, пайдалана да алмайтын сиқырлы сөзді, батыл ойларды айта алатындығы Мағжанның өресін асқақтатып жібереді. Мағжан поэзиясынан бейнелеп айту, көркем ойды сұлу суретпен өрнектеп, ішкі-сыртқы сұлулықтың нәзік қылын бірдей тартқан үлкен суреткерді, ұлы ақынды танимыз.

1905 жылы Валерий Брюсов орыс символизміне арнаған “Қасиетті құрбандық” деген мақаласында: «Біз ақыннан “қасиетті құрбандықты” талап етеміз. Ол өзінің өлеңдерін ғана емес, өз өмірінің әр сағатын, сезімін сүйіспеншілігін, өшпенділігін, жетістігін “қасиетті құрбандыққа” жұмсауы керек. Ақын өзінің кітаптарын ғана емес, өз өмірін де қайта жаңғыртуға тиісті”, деген екен. Өздеріне осындай талап қойған символистер орыс поэзиясына талай-талай жаңалықтар әкелгені шындық. Ал біздің Мағжан Жұмабаевтың тек қазақ поэзиясына ғана емес, бүкіл түркі тілдес халықтар әдебиетіне, поэзиясына да әсері мол.

Мағжан өлеңнің сыртқы түріне, оның музыкалылығына, ұйқастарына көп өзгерістер енгізді, дедік. Бұған ақынның “Біраз Фетше”, “Александр Блокқа”, “Мені де өлім әлдиле” және басқа өлеңдері жатады. Қазақ поэзиясында үш, алты буынды өлең Мағжаннан бұрын болған емес. Және мұның әуезділігі де өзгеше естіледі. Мәселен, ақынның “Біраз Фетше” деген өлеңін оқиық. Ғашық болған екі жастың жібектей түндегі кездесуін ақын былай суреттеген. Оны ол символика тілімен, белгімен, тұспалмен жазған:

Жібек түн,
Бәрі тың,
Сайраған,
Жайнаған.

Екі жас —
Екі мас:
Жүрек мас,
Көзде жас!
Сүттей Ай.
Терең сай:
Бұлбұл,
Гүл-гүл,
Екі жан,
Ыстық қан
Жан ессіз
От сүйіс,
Орман
Тынған.
Белдер
Гүлдер
Күбір,
Сыбыр
Тұман —
Таң, таң! —

Француз және орыс символистерінің біразы жер бетінде ұлы, тарихи катаклизмнің (топан су, төңкеріс т.б.) болатынына елді сендіргісі келді. Ақыр заман болса екен, одан кейін жер бетінде жаңа өмір басталар еді, жаңа мәңгілік дәуір орнар еді деген қағидада болып келді. Олардың ойынша содан кейін адамзат тіршілігінде трагедиялық қайшылықтар мүлде жойылады. Орыстың көптеген атақты ақындары өмірден түңілген, өлімді аңсаған өлеңдер жазды. Жер-дүниені от алып кетсе екен, топан су басса екен, сонда жаңа тіршілік, бүгінгіден басқаша өмір құрар едік деген сарын басым жатты олардың өлеңдерінде.

Бір қуанарлығы, кемеңгер ақын символист Мағжан Жұмабаев өлім туралы қалам тартқанымен, өмірден

безініп, түңілгендік байқатқан жоқ. Мағжанның “Мені де өлім әлдиле” деген өлеңіне назар салайықшы:

...Балдырғанмен бастасын,
Сұлумен қол ұстасып,
Жас ұланмен жолдас боп,
Жас қайыңды қолға алып,
Баланы сүйіп бір қанып,
Жолаушымен мұңдас боп,
Мен де тезірек өлейін,
Әлі жасын демейін,
Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де өлім әлдиле...
Әлдиле, өлім әлдиле!

Адамның басына, не келіп, не кетпейді. Қуаныш та, қайғы да бұл тірлікте қат-қабат келіп жататын әдеті емес пе? Бір күні қуанасың, бір күні қасірет құшасың. Қу тірліктің қатпарында қандай құпия сырлар жатқанын кім біліпті. Оның саған не сыйлайтынын да білмейсің. Өмірде кездескен өкінішті сәттер де, жан дүниең құлазып, төңірегіңе қаның қарайып қараған кезде, бұл тірліктің не қажеті бар маған дейтін уақыт та болып тұрады. Ашынған тұста бәріміз де: «Құрысын!» дейміз... Содан соң... райымыздан қайтамыз. Әр жұмыр басты пенденің басында болатын осындай қайғылы жағдай арқалы ақын Мағжан Жұмабаевтың да төбесінде қара бұлт болып иірілмеді деп кім айта алады? Бірақ, Мағжанның қарапайым адамнан ерекшелігі – ол ақын. Сондықтан ақын қуанса да, қайғырса да, көкірегіндегі толғанысын ішіне сақтап тұра алмайды. Тезірек қағаз бетіне түсіреді. Жаңағы өлең де – жан ашуынан, қатты қиналғанда қасіретке ұшыраған ақынның жүрегін жарып шыққан бір сәттік сезім оты...

Мағжанның жан жары, сымбатты Зейнеп кенеттен қайтыс болып, жалғыз ұлы Гражданнан айрылса, оған қоса ақынның бар өмірінің өзі трагедия екенін ескерсек, оның

дәл осындай, тіпті бұдан да ащы өлең жазуына болар еді, бірақ мұнда ажарлы да әсерлі тосын ой бар. Ол ойды Мағжаннан басқа бұдан бұрын ешкім айтқан емес. Өмір мен өлім алмасып келіп жатады. Өлімнен ешкім құтыла алмайды. Мағжанның аузынан шыққан ащы өлім, суық ажалдың өзі ғажайып сүйкімді күйге енеді... Өлім десе де, асқак мінезді ақын өмірді жырлаушы. Оның күңіренуі, назалануы, жылауы мүмкін, бірақ ол ешқашан өмірден түңілмеген. Өмірден безінбеген. Өмірден безіну ақын үшін күнә. Ақиық ақын Мағжан Жұмабаевты күйгелек, жарық дүниені талақ етуші деп түсінбеу керек. Оның табынғаны да, жырлағаны да өзінің жайбасар, марғау мінезді қазақ деген халқы. Оның шетсіз, шексіз даласы, сұлу табиғаты, мөлдіреген аспаны. Сонда оның жырлағаны өмір екен.

Мағжанның “Мені де өлім әлдиле” деген өлеңін 1920 жылдары қазақ-татар жастары әнге қосып айтатын болған. Әуені романс тектес болып келеді екен. Әттең, кезінде таспаға жазылмай қалды. Ал ол әнді білетін және орындап жүрген адам дүниеден өтті.

Ардақты жерлесіміз, сегіз қырлы, бір сырлы азамат, ақын Мағжан Жұмабаев өзінің символистігі арқылы қазақ поэзиясына бірталай жаңалық енгізген реформатор.

Ендеше, орыс символистерімен терезесі тең тұратын, кейде олардан да жоғарылап кеткен қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев өз өмірінің, өз халқының тіршілік-тынысын, бүгінгісі мен келешегін бар болмысымен шығармаларына алтын арқау етіп тартты.

Мағжанды «Қазақтың Пушкині» деп атаған ақын хақында

Өзінің отты да уытты өлеңдерімен өр биікке көтерілген, тамаша талантымен танымал болған көрнекті орыс-кеңес ақыны Валерий Брюсов 1873 жылы Москвада туған. Жастайынан қаламын шабыт қайнарынан суарған ол замана ағымына көз тігіп, оған өз үнін қосып отырады. Таланты ерте танылған жас ақынның 1894-1895 жылдарының өзінде-ақ үш өлеңдер жинағы жарық көреді.

Ақын қай шығармасында болсын, өмір шындығын өлең тілінде бейнелеуге ұмтылады. Оның шығармашылығына елеулі бетбұрыс жасаған 1905 жылғы орыс революциясы ақынның ой-өрісін кеңейтіп, шын мәнінде де халық аңсауының пернесін дөп басқандай болды. Ол осы жылдары атақты «Болашақ гундер» атты өлеңін жазды. Брюсовтың қай лирикасын алсаңыз да, одан сол кездегі өмір үні мен жаңғырығы естіліп, көз алдыға айшықты өрнектеледі.

Ақын Қазан социалистік революциясын қуана қарсы алып, оның жеңістерін шабытпен жырлаған. Брюсов 1920 жылы большевиктер партиясына еніп, Кеңес үкіметі органдарында қызмет істейді. Оның революция жылдары жазған «Россия», «Үшінші күз», «Орақ пен балға», «СССР» атты өлеңдері оның нағыз шабытты туындылары болды.

Валерий Яковлевич Брюсов көп ұлтты кеңес әдебиетін өркендетуге үлкен үлес қосқан ақын. Шығыс әдебиеті институтын басқарып, шығыс халықтарының жас әдебиетшілерін оқытып, тәрбиелеген адам. Брюсов басқарған жоғары оқу орнында қазақтың ақиық ақыны Мағжан Жұмабаев та оқып, әрі осы институтта оқитындарға дәріс берген.

Мағжан аталмыш білім ордасының қабырғасында жүріп атақты Максим Горькийдің «Сұңқар жырын», Мамин – Сибиряқтың «Ақ боз ат» шығармасын және Владимир

Лениннің бірталай еңбектерін қазақ тіліне аударған. Бұлардың көпшілігін Мәскеуде кітап етіп бастыртқан.

Қазақ ақыны Мағжанның шығармаларын зор бағалаған Валерий Брюсов оны «Қазақтың Пушкині» деп атаған екен.

Ол Армения ақындарының өлеңдерін орыс тіліне аударып, жалпақ оқушыға жария етіп, бірқатар ақын-жазушылардың шығармашылығы туралы зерттеулер жазды. Сондай-ақ, Гете, Верхарн, Р.Роллан туындыларын орыс тілінде сөйлетті.

Талантты ақын, ғажап аудармашы, әдебиет зерттеушісі В.Брюсов 1924 жылы дүние салды. Бірақ оның өшпес өлеңдері, әдеби мұралары орыс әдебиетінің алтын қазынасына қосылған шоқтығы биік шығармалар болып, әдебиет әлемінде шоқ жұлдыздай жарқырайды.

Валерий Брюсовтың өзім аударған үш өлеңін оқырман назарына ұсынуды жөн көрдім.



БОЛАШАҚ ГУНДЕР

(Атилла, оның жұмағын тапта)

В.Иванов

Әлемді жапқан қара бұлт болып,
Қайдасыңдар, қаһарлы гундер.
Белгісіз сонау Памирден талып
Келеді дүбір, естіліп үндер.

Масайып алған, көшкіндей көштер
Ылдиға, бізге құлаңдар зулап.
Қыбырлап дене, жиналсын естер
Ойнасын бойда қанымыз тулап.

Талқаны шығып сарайлар сәнді,
Орнында қостар тігілсін самсап!
Тақытты залдың орнында әнді
Шырқандар, билеп, әлемді тамсаңт!

Кітаптар жалын құшақтап жансын!
Қуаныш нұры жүздерінде ойнап.
Ғибадатты үйге қызыл қан тамсын,
Сендер нақ сәби, жүрсіндер, тойлап!

Шатқалға, көлге, үңгірге түнек,
Апарар отты біз жаққан жаңа,
Сақтайтын сырды, құпия бөлек
Ақындар менен ойшылдар ғана.

Белгілі бізге жай еді ол да,
Өзгерер, мүмкін, төңірек құрып!
Сендерді, мені құртатын қолды,
Гимнімді айтып қарсы алам тұрып!

1901 жыл

БОЛАШАҚ

Қызықты бір роман – болашақ!
Өлке ол, тұманы торлаған!
Сарай ғой, құрылысы тамаша-ақ!
Кітап қой, мен оқи қоймаған!

1922 жыл

ТАС ҚАЛАУШЫ

Тас қалаушы, тағынған ақ алжапқыш,
- Не, тұрғызып жатырсың? Кімге балап?
- Қол бөгеме, ей, кірістік біз жалдап күш.
Жұмыс қауырт, жатырмыз түрме қалап.

Тас қалаушы, сенімді күрегің бар,
- Онда кімдер зарығар қалмай сүлдер.
- Ұрлықтың сендерге не керегі бар,
Бай ағаң да, сен де оны көрмейсіңдер.

Тас қалаушы, бітпейтін ұзақты түн...
Кірпік ілмей сарғаяр кімдер мұнда,
- Жұмысшыдай, менің де ұлым мүмкін...
Басы бүтін тиген ғой үлесі онда.

Тас қалаушы, тас қалаушы, ол мұнда,
Есіне алар қып көтерген әр кімді.
- Қалжыңдамай сақ болыңдар, орманда,
Білеміз біз барлығын да, тарт тілді

1905 жыл

ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ ДОСТЫҚ

«Сіз тамаша жақсы кітап жаздыңыз. «Горькая линияны» оқып отырып, автор өз ісіне мығым, дарынды адам екен деген ойға қаласың».

Максим Горький

«Біздің Иван Петрович, ғажап талантты жазушы. Адамға, оның еткен еңбегіне, туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілік және қайталанбас әрлі бояуымен төгіліп тұрған тілі қандай».

Қаныш Сәтбаев

«Сен әдебиеттің қасиетті ісіне өте беріліп, тайқақсымай, қаймықпай қызмет етесің. Шығармашылық өміріне жолдама берген қазақстандық жас орыс жазушылары Шуховқа қарыздар».

Ғабит Мүсірепов

Белгілі орыс жазушысы, жерлесіміз Иван Шуховтың шығармашылығы туралы өзі өмір сүрген ғасырдың ірі тұлғаларының айтқан пікірлері осындай.

Иван Петрович Шухов 1906 жылдың 31 маусымында Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданына қарасты Пресновка селосында өмірге келген. Петр Семенович пен Ульяна Ивановна Шуховтардың көп балалы шаңырағында 12 бала болған да, солардың ең кішісі Ваня (Иван) екен. «Адам ретінде, әдебиетші ретінде егер менің бойымда жақсы қасиеттер болса, алдымен шешемнен, содан кейін менің сауатсыз туысқандарымнан дарыған болу керек. Мен оларға міндеттімін» деп жазған Шухов.

Жазушының айтуы бойынша, Ульяна Ивановна өте қарапайым, ақкөңіл, кішіректеу ғана бойы бар станицалық казак әйелі екен. Жазушының әкесі Петр Семенович Шухов

атқарып жүрген жұмысына байланысты үнемі ұзақ сапарларда казак станицалары мен казак ауылдарын аралап, өзінің жеке шаруасымен қоса, барған елдің тіршіліктің тынысымен танысып, үйіне оралғаннан кейін өзінің көрген-білгендерін, елден естіген әңгіме-ертегілерді балаларына әдемілеп, қызғылықты етіп айтып отырады екен. Ол балаларына станица казактарының өлең-жырларын әнімен орындайтын көрінеді. Сөйтіп, Иван Шуховтың өзі айтқандай, «сауатсыз ата-анасы» ана тілін жақсы білуге, орыс тілінің бар асыл сөздерін пайдалана білуге дағдыландырған.

Әкесі кішкентай Ваняны қасына алып, казак ауылдарындағы достарына, «тамырларына» баратын болған. Сондағы көргендерін, естігендерін кейін жазушы өзінің шығармаларына пайдаланды.

Жазушыны туған жерінің табиғаты да қызықтыратын. Жасыл желек жамылған сау қайыңдар, қарағайлар, далаға арнайы жайылған кілемдей қызыл, жасыл, сары, ақ, көк гүлдер, жоңышқа, бетеге, бидайық және басқа да шөп түрлері көз тартады, көңілге қуаныш ұялатады.

Иван Петрович қай қырда жүрсе де өзінің туып, өскен Пресновкасын, оның сұлу табиғатын ешқашан ұмытқан емес. Ол бұл станицадан кеткенімен, онымен байланысын үзген жоқ. Осы өңірдің қасиетті топырағынан жаралғанын бір сәт есінен шығармайтын атақты жазушы Отанына әлсін-әлсін келіп тұрған.

Ол Пресновканың шіркеу-приход мектебінде оқып, мұны бітіргеннен соң Петропавл қаласындағы педагогикалық техникумда оқиды.

1926 жылы Иван Петрович Омбыға барып, рабфакқа түседі. Студенттік жылдар Шухов өмірінің ең ғажайып кезеңдері еді. Ол өзінің тұңғыш мақалалары мен өлеңдерін Омбыда шығып тұрған газеттерде жариялады. Үлкен қалада жаңалық та, жаңа қоғаммен келіп жатқан өзгерістер де мол болатын.

Уақыт, жаңа заман әсіресе, жастарға ерекше күш-қайрат әкелгені белгілі. Мұндай әсерден жас Шухов та құралақан қалмағаны кәміл. «Мен проза жазып үйрену үшін өлең жазып жүрмін» деген екен жазушы бір әңгімесінде. Шухов қалада жас әдебиетшілер ұйымдастырған үйірмелерге үнемі қатысып, өзінің жаңа заманға, туған елге деген толғаныс пен қуанышқа толы жырларын оқитын, басқа да өзі тектес ақын-жазушылардың жазған шығармаларымен танысатын. Жас әдебиетшілер осылай тәжірибе алмасып, бірінен бірі үйренетін. «Біз, жастар, бұл әдеби үйірмені ұйымдастырудағы мақсатымыз – өмірімізге келіп жатқан жаңа қоғам жайында көкейіміздегі ойларымызды, арман-тілектерімізді ішімізде сақтамай, халыққа айту, ел-жұртқа жеткізу еді. Осындай ой-мақсатпен ұйымдастырылған үйірмеміз «Бүкілресейлік пролетар жазушылар ассоциациясының филиалы болып шыға келді» деп жазды Шухов. Бірақ олардың бұл ұйымы өздерінің әлсіздігінен, тәжірибесінің аздығынан тарап та кеткен уақыттары болған. Дегенмен 1925 жылы рабфак студенттері Шухов, Трусов және Таежныйлар: «Омбыдағы ВАПП филиалы бұдан былай қарай өмір сүреді», деп сенім білдіріп, жариялады. Осы жылдың желтоқсан айында Омбы қаласынан Бүкілресейлік ВАПП-тың пленумына екі делегат шақырылды.

Омбыдағы филиал бүкіл Сібір өлкесіндегі жалғыз әдеби ұйым екен. Мұның мүшелері бұдан былай жұмысшы жастар клубтарында, институт аудиторияларында, зауыттар мен фабрикалардың цехтарында, мектептерде, түрлі кездесулерде ортаға шығып сөйлеп, жаңа қоғам, жаңарған заман жайлы өлеңдерін оқып жүрді. Аласа бойлы, қараторы жігіт – Иван Шухов жастық шақ, махаббат және комсомол туралы жырларын осындай жиындарда көсіле оқып жүрді. Жалындаған жас Шуховтың өлең жырлары осы тұста Омбыда шығып тұратын «Рабочие пути», «Красное студенче-

ство» және «Журнал крестьянской молодежи» басылымдарына жарияланып тұрды.

Шуховтың Омбыда достары көп болды, солардың бірі – Леонид Мартынов еді. Ол Мартыновпен жиі араласып, әдеби кештерге бірге барып, сахналардан жақсы жырларын ағылтып, жиналған жұртшылықтың құрмет, қошеметіне бөленетін.

Иван Шуховтың жиырмасыншы ғасырдың басында жасындай жарқылдап шыққан орыстың Есенині тектес ақыны Павел Васильевпен де жақын дос болғанын айта кеткен жөн болар. Шухов оны өзінің туған бауырындай жақсы көрді. Екеуінің арасындағы рухани жақындық поэзияда да анық байқалатын. Павел Васильевтің шымыр жыр жолдарының әсері Шуховтың өлеңдеріне тигені рас. Мәселен:

...Ірбітте иілген доға мен

Шана ғой біздерге керек-ті.

Қар – құйын жосылып даламен

Ақырып, толқытты жүректі.

Шухов Омбыда жазушылар Андрей Семенов және Антон Сорокиндермен достық қарым-қатынаста болып, ақындық, жазушылық өнердің сырлары мен қырларын бірінен бірі үйреніп, тәжірибе алды, үлкен жазушылыққа барар жолға дайындық жасады. Иван Петрович болашақта жазылатын шығармаларының сюжеттерін осында тауып, жазушылық мектебінен Омбы қаласында өтті деген дұрыс.

Мәскеудің Валерий Брюсов атындағы әдебиет институтына оқуға түскен Иван Петрович өзінің екі романын бірінен кейін бірін баспадан шығарып үлгірді. Біріншісі – «Горькая линия», ал екіншісі – «Ненависть». Бұл туындылар ұлан-байтақ Кеңес еліне тез танылып, Максим Горький аталмыш шығарманы Шолоховтың «Поднятая целинасымен» қатар қойды. Шухов КСРО Жазушылар одағын ұйымдастыру жөніндгі Горький комитетінің мүшелігіне

еніп, оның алғашқы съезін өткізу шараларын жүзеге асыруға қатысты.

Жазушының өткен ғасыр басында оқырманын селт еткізген шығармасы «Горькая линия» кітабы адамның туған жеріне деген махаббаты, адами асыл қасиеттерді ұлықтау, қастерлеу жайында. Орыс тілінің барлық сөлі мен дәнін мейлінше орынды пайдаланып, көркем етіп жазған шығарма. Романдағы Чиграй (Шағырай) қазақтың аса бір тұлғалы етіп көрсетілген ақсақалы. Халқымыздың ойлылық, парасаттылық, ұстамдылық және үлкен адамгершілік қасиеттері қазақ қариясының басына жинақталған.

Романдағы қазақ ақсақалының образы орыстың классикалық әдебиетіндегі ең тамаша сомдалған тұлға делініп жүр. Ол шындығында да солай. Халқымыздың ғажайып қасиеттерін дәріптеген, өзгеге үлгі, өнеге еткен Иванымызға ризашылық білдірген жөн! Шуховтың шығармалары бізге сонысымен құнды.

1936 жылы Иван Шуховтың басына бұлт үйірілген-ді. «Комсомольская правда» газетінде мақала жарияланып, онда жазушыға тұрмыс-тіршіліктегі әдепсіздігі жайлы айып тағылған. Жазушылар одағы мақаланың ізімен тексеру комиссиясын құрып, ол көп ұзамай жазушының туған станицасы Пресновкаға келеді. Мәскеуден арнайы тексеруге келген жақсы адам болып шығады, егер ол кісі болмағанда Шухов та құрдымға кетеді екен. Сол адамның ақылымен Иван Петрович Иосиф Сталинге хат жазады. Сталин Қазақстан компартиясын сол кезде басқарып отырған Мирзоянға Шуховқа бес бөлмелі үй беріп, өзін лайықты бір қызға үйлендіру керектігін тапсырады. Мұның барлығы да орындалыпты, тек үйлену мәселесін өзі-ақ шешсе керек. Иван Петрович шындығында, сұлуларды көргенде құты тым түсіп кететін көрінеді. Сұлу әйелді көргенде қандай еркек шыдап тұрады дейсің, бірақ Шуховтың құштарлығы ерекше болғанға ұқсайды.

Ұлы Отан соғысы кезінде Шуховтың қолына брон беріп, оны майданға алмайды. Ол өзінің жеңіл машинасы - «ЭМКА»-сын майданға бергенім деп әскери комиссариатқа тастап кетеді де, туған Пресновкасына келіп, аудандық газетті басқарады. Ол майдан шебінде фашистермен шайқасып жүрген жауынгер жерлестеріне барып, олардың ерліктері жайында «Правда» газетіне, облыстық, аудандық газеттерге очерктер, көлемді мақалалар жазады. Осы тұста жазушының қаламынан «Письма сибирским казакам» деген шығарма туындап, оны жауынгерлер «Василий Теркин», «Дым Отечества» сияқты оқоқтарда оқып, тамаша әсер алады. Бұл кітапқа жауынгерлер тарапынан сұраныс көп болады. Содан да болар, Иван Петровичтің бұл шығармасы Шолохов, Эренбург, Леоновтардың публицистикаларымен бір деңгейде деп саналып жүрді.

1950-жылдардың аяғында Шухов Алматыға көшіп келеді де, шығармашылық жұмысын әрі қарай жалғастырады.

1963-жылы Иван Петрович республикалық әдеби журнал «Просторды» басқарады. Ол журналға редактор болып келгеннен кейін-ақ басылымның таралымы көбейіп, Цветаеваның, Эфронның, Бальмонттың, Паустовскийдің, Марковтың, Эренбургтың,

Ю. Германның, Домбровскийдің романдарына, повестеріне және жырларына жол ашып, жарыққа шығарды. Бүкіл Кеңес еліне аты әйгілі болған «Простор» журналының әр нөмірін миллиондаған оқырмандары үнемі күтіп жүретін болды.

1965-жылы ҚазМУ-дің бір топ оқытушылары профессор, филология ғылымдарының докторы Х. Махмудов, ақын, аудармашы А. Жовтис және ақын, аудармашы, жерлесіміз Х. Абдуллин студенттермен жиі кездесіп, Мағжан туралы лекциялар оқитын, оның өлеңдерін Олжас Сүлейменов, Александр Жовтис орысша тәржімалап

жастарға таныстыратын еді. Жоғарыда есімдері аталған ақын-жазушылар, ғалымдар сол жылы ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы «Простор» журналына басып шығармақшы болды. Бұл игілікті істі сол кезде республикалық әдеби журналды басқарып отырған оның редакторы, жерлесіміз, атақты жазушы Иван Шухов аса қолдап, тіпті өзі басшылық ете бастады. Алайда, жоғары жақтағылар килігіп, Мағжан жырларын жариялауға тыйым салғанына қатты налып келгенің көргенім бар. «Мағжан бәрібір шығады, оның күні туады әлі», деп маған ұлы ақынның суретін берген. Көңіл күйі нашар екенін алабұртып қызарған жүзінен, бұрын да үлкендеу ернінің түсіңкіреп кеткенінен-ақ аңғаруға болатын еді. Иван Шухов сол жолы сыйлаған Мағжанның портретін осы уақытқа дейін сақтап келемін. Ол талантты орыс жазушысының қазақтың біртуар ақыны Мағжанды, оның шығармаларын кереметтей бағалап, оның дарынына бас игені деп түсінемін.

Коммунистік партияның, Орталық Комитеттің, оның бюросының түкірігі жерге түспей, «үндеместің» ықылық атып тұрған шағында орыс жазушысы Иван Шуховтың мұндай ғажайып ерлігін ауызбен айтып жеткізу қиын. Мағжан жырларын журналына бастыра алмаса да, жерлесіміз Иван Шухов бүкіл ел таң қаларлық батырлық дейсіз бе, батылдық дейсіз бе – ұлы іс жасады! Иван Шухов мақтауға да, мақтануға да лайық тұлға. Міне, «тамыр» деп осыны айт!

«Құрметті Иван Петрович, Қазақстанның даңқты жазушысы Сіз, менің күйеуімнің шығармаларын «Простор» журналына бастырып шығармақ ойыңызды естіп, қуанғанымнан жылап жібердім. Бұл менің отыз жылдан бергі алғашқы қуанышым» деп жазыпты Мағжан ағамыздың үйіндегі Зылиха жеңгеміз.



Мағжанның портрети



Мағжан шәкірт



Акын Мағжан сүйген Зылиха сүлу




Зылиха Жұмабаева




Бибізайып апай мен оның ұлы Болат



Зылиха апай
Мағжан Жұмабаевтың
немере інісі
Ғаділша Қажармановтың
отбасымен Бурабайда
серуенде жүрген сәті



Ақын Мағжан Жұмабаев Ташкентте қазақ зиялыларымен



1912 жылы Қазанда басылып шыққан
“Шолпан” жинағының мұқабасы



Ақын Мағжан Ташкентте.
(Суретте екінші қатарда Мағжан Жұмабаев,
үшінші қатарда бесінші тұрған Мұхтар Әуезов)



Астанада өткен Мағжан күндері.
(Суретте солдан оңға қарай: ақын М. Қанғожин, Астанадағы
Академиялық ұлттық кітапхананың бас директоры
Роза Аманғалиқызы Бердіғалиева, облыстық жасөспірімдер және
балалар кітапханасының директоры Раиса Орынбасарқызы Қасымова,
көрнекті жазушы Әкім Тарази және
Мағжанның немересі Сәуле Қабдәшқызы Мүсілімова)



Мағжан ақынның ескерткіші



Мағжан ақынның Сарытомардағы мұражайы



Қуаныш Сұлтанов, ҚР Парламенті Сенатының Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы



Ұлым Мағжан



Дәулеті шалқыған өңірде. Облыс әкімі Серік Білелов пен Мағжан Жұмабаев атындағы аудан әкімі Айдарбек Сапаров



Борис Жанділдин Мәскеуде СОКП съезінің делегаттарымен. Ол үшінші қатарда екінші тұр.
Бірінші қатарда екінші отырған: Бәйкен Әшімов, оның сол жағында отырған Василий Демиденко,
екінші қатарда үшінші тұрған Мақтай Сағдиев, үшінші қатарда бірінші тұрған Ніл Болағбаев

Егемен ел болдық. Шухов айтқандай, Мағжан ақынның күні туды, Зылиха жеңгеміз баспадан шыққан оның алғашқы жинағын бетіне басып, жылап отырып сүйгенін де теледидардан көрдік. Бұл бәлкім, жеңгеміздің екінші қуанышы болар және соңғы қуанышы шығар. Ол арманына жетіп өтті бұл дүниеден.

Иә, осылай Иван Петрович өзінің журналына бұрын көрінбей ескерусіз қалып бара жатқан тамаша таланттардың шығармаларын бастырып, үнемі жариялап отырды. Өкімет бірде Твардовский басқарып отырған «Новый мир» журналын жаппақшы деген қауесетті естігенде ол: «Новый мир» жабылса, «Простор» бар» десе керек. Яғни, «Иван Петрович Шухов бар!» дегені ғой ақын Твардовскийдің.

Мағжан шығармаларын «Простор» журналына бастыруға жасаған әрекеті үшін кейін Иван Шуховты жұмысынан да босатып жіберген.

Талантты жазушы достық, жолдастық деген қасиетті жақсы бағалаған көрінеді. Оның достары қазақ жазушыларының арасында да көп болғанын білеміз. Ол Мұхтар Әуезовтің, Сәбит Мұқановтың, Ғабит Мүсіреповтің және басқа да қазақ жазушыларының шығармаларын орыс тіліне аударған.

Ғафу Қайырбековпен де достық, жолдастық қарым-қатынаста болғанын естігенім бар еді Иван Шуховтың. Жыл сайын 7-қарашада салтанатты парадқа шығатын әдет болды ғой. Сондай бір парадқа жазушылар да жиналса керек. Күзгі ызғырық соғып, жиналған жұрт тоңазып тұрады. Парад болса әлі басталатын түрі жоқ.

Бір кезде жазушы Иван Шухов белбеуіне байлап алған әскери құтысының бұрандалы аузын ашып, оның қақпағына арақ құйып ішіп тұрады. Ол кісі құтысынан әлгіндей тәсілмен арақты әлсін-әлсін ішеді. Мұның бәрін байқап тұрған Ғафу ақын :

Артында салақтаған фляжкесі,

Иван Шухов деген мына кісі.
Иван ішіп, сен ішпей тұрғаныңда,
Кісінің келеді екен жылағысы,
-депті. Бұл өлеңді жұршылық естіп, сол жерде бәрі мәре-
сәре болысады. Мұны Иван Петрович те естіп, Ғафу маған
әзіл өлең шығарды деп қуанады. Кейін Шухов Ғафумен
жолыға қалса, өзіне шығарған өлеңді қолқалап, оқытады
екен.

Иә, біз Иван Шухов туралы, оның шығармалары жайында айта берсек, әңгіме көп. Академик, жазушы Ғабит Мүсірепов айтқандай, «Иван Шухов әдебиеттің қасиетті ісіне тайсалмай, қаймықпай қызмет етті».



ҒАЙСА ҚАРИЯНЫҢ ҚАЙРАТЫ

Көктемде жаңбыр жаумай, қар суымен шыққан көк сарғыш тарта бастады. «Жауынмен жер көгерер» дегендей, жаңбырдың жаздың басына дейін болмағаны ел-жұртты елеңдетті. Жерге ылғал түспеген соң алқапта қылтиған егін де бой тарта алмай, аңызак жел топырақты суырып, далада қара шаң тұратын болды.

Халқымыздың о замандардан келе жатқан дәстүрі бойынша мұндай жағдайда ел-жұрт Алладан тілек тілеп, рақымшылық өтінеді. Халықтың ықылас-ниеті дұрыс болғанда Алла да жаймашуақтық танытып, ақ жаңбырын көл-көсір төгеді. Жарықтық жер исініп, буы бұрқырап, жасарып, жайнап, рахат құшағына енеді.

Ауылдың қарттары халықтың осы дәстүрі бойынша елді түгел көтеріп, Балықты көлінің жағасына барып, Алладан жаңбыр сұрамақшы болған. Міне, сол ұлы тілек үшін Қарағаш ауылының үлкен-кішісі, тайлы-тұяғымен көлдің жағасына келді. Ел-жұрт аттарын доғарып, арбалардан сойылатын қойлар, қазан-ошақ пен ыдыс-аяқтар түсіріліп жатыр. Балалар қалың өскен қамыс-құрақтың арасынан үйректің жұмыртқасын іздеп, шуласып жүр. Жастар жүрген жер ойын-сауықсыз бола ма?! Көл жағасы тамаша думан болды да қалды.

Үлкендер ата-бабалар бейіттерін аралап, аруақтарға Құран оқып, зиярат етіп жүрген. Бір кезде бір топ қариялар аяқтарын ширақ басып, тұсаулы жүрген аттарын ұстап, жайдақ мініп бірінің соңынан бірі кете бастады. Қолдарында сырық па, арбаның жетегі ме, қайықтың ескегі ме, қысқасы, не ілексе соны алғанға ұқсайды. Бұлар ескі зиратқа бет алды.

Бастаушысы Ғайса ақсақал. Жасы жетпістен асса да, қара биенің үстінде жайдақ, тіп-тік отыр. Абыр-сабыр болған жұрттың соңынан біз де ере кеттік. «Бақсақ бақа

екен» демекші, бір соқалы трактор зираттың үстімен өткен екен, бірнеше қабірдің бетін ашып, қопарып кетіпті. Бұрын мұндай сұмдықты көрмек түгіл, естімеген жұрт не айтарларын, не істерлерін білмей, дағдарып қалды. Аттылы қарттар арттарына да қарамайды, соқаның ізімен ілгері кетіп барады. Олардың ішінде Ғайса, Жуандық, Гәкку, Кенжебай, Ескендір, Мейірман, Барбан, Қаппас, Айтқазы, Айтбай, Сағынай, Оразбай, Қайырбек бар.

Аттылардың соңынан жүгіре басып Баян:

- Ғайса аға, тұра тұршы,- деді айқайлап. Баян Ешкейұлы кешегі қырғын соғыста қолынан, аяғынан ауыр жараланып, елге оралған майдангер. Ауылға келе жарақатына қарамай, колхоздың қиын да, ауыр жұмысын басқарып, жеңісті жақындатуға көп еңбек сіңірген атпал азамат.

Ауылдың үлкен-кішісі оны «бапа» дейтін. Елдің «бапасы» атанған адам еді. Ғайса қарт көп дауыстардың арасынан Баян інісінің дауысын бірден таныды да, атының тізгінін тарта қалды, бірақ артына қараған жоқ. Өзге аттылар да Ғайса қарияның жанына шоғырлана тоқтады.

- Ғайса аға, - деді Баян ендіге басып келген қалпы.- Сабыр еткен жөн ғой деймін. Қазір бұзықтар бәрінді де жазым етеді ғой деп қорқам. Өкімет бар, милиция бар, соларға хабарлайық. Жүгенсіз кеткендерді заңмен жазалайды.

- Әй, Баян-ай, өзің білесің, менің Бұлаев жағында құдаларым тұрады ғой. Кеше сол жақтан бір құдам келіп еді, құдай сақтасын, бір жайсыз жағдайдың болғанын айтты. Ол жақта да біздегідей шеттен келгендер жер жыртып жатыр екен. Бір тракторшы, жас жігіт болса керек, алдында тұрған ескі қорымды көріп, тракторын тоқтатады, бұзып-жарып өте шығуға дәті бармаса керек. Жігіт тракторынан түсіп, анадай жерде атын жетектеп бара жатқан қазаққа келіп: «Мына жерде зират жоқ па?» деп сұрайды. Сонда әлгі қазақ: «Дабай, перед, онда халық жауының ата-бабалары

жатыр. Жырта бер!» деп кете барыпты. Баяғыда Мағжан деп аузымыздың суы құритын ақынның ата-бабаларының зираты екен. Бұл иттікке ешкім ауыз ашпаған, зират жермен-жексен болып қалыпты.

- Баян-ау, біз халық жауы емеспіз, ал ақынды жау десе, сүйегі ағарып қалған оның бабаларында кімнің қандай аласысы бар?

Бұл қандай зұлымдық?! О заман да, бұ заман, осындай хайуандықты естіп, көріп пе ең? «Құлақ естігенді көз көреді» деген осы. Міне, сол пәле бізге де жетіп отыр. Ойлап тұрсам, сұмдықтың көкесі осы болады.

Бұл сендерді, қазақтарды тұқымдарыңмен құртамыз деген сөз. Мынаны көріп отырып үндемесек, анау балалар ертең бізді кім деп ойлайды?!-деп дауыс көтерді Ғайса қарт. Сөйтті де, соқа жыртқан ізбен ілгері қарай кете барды. Соңында – шулаған үлкен-кіші, қарақұрым жұрт. Көпшілік шыдата ма, зираттан үш-төрт шақырым жердегі бригада палаткасының шаңырағын ортасына түсіріп, бұзық механизаторларды жалаң аяқ, жалаң бас, кейбіреулері іш киімдерімен ғана халықтың қаһарынан қорқып қашып, қараларын мүлде жойды.

Ел болып жиналып келіп, ашылып қалған зиратты жауып, аруақтарға дұға оқып, Аллаға құлшылық етті. Ауыл адамдары астарын ішіп үлгірмей, аспанды торлаған қара бұлт қоюлана түсті де, жаңбыр жауа бастады. Жұрт құрғақта келіп, көл басынан батпақтап ауылға жеткен еді. Алланың мерейі түссе, берері мол деген осы.

Бұдан былай Қарағашқа ешбір тыңгер келген жоқ. Қашып кеткендердің «ДТ»-ларына ауылдың бұрынғы тракторшылары Файзолла Әбілқалықов, Құнанбай Медиев, Серікбай, Наурызбай Жамұқанбетовтер, Арап пен Амантай Қайыржановтар, Әшімбай, Көшімбай Гәккуевтер, Қадыржан Есматов, Марат Башықов, Биқат Әшімов, Серғазы Омаров, Әбу Сердалин, Иранбек Исин және басқа

да жас механизаторлар ие болып қалды. Ал бригадаларды Қинаят Қуандықов пен Жанұзақ Жантұяқов басқарды. Бір таң қаларлығы, қарағаштықтардың осы ісіне не аудан, не облыс басшылары тіс жарып ештеңе айтқан жоқ. Мүмкін, Баян Ешкөйұлы сияқты біртуар азаматтар болған жайды жоғарғы жаққа дұрыс хабарлады ма, кім білсін, әйтеуір, о жақ ауыз ашпаған қалпы қалды. Тіпті біздің ауылда ештеңе болмағандай, бір қалыпты тіршілік жалғаса берді.



ӨЛЕҢДЕР

(Мағжан тақырыбына, сондай-ақ ұлы ақын ауданынан шыққан белгілі азаматтарға арналған)

МАҒЖАН - ЖЫР

Па, шіркін, жүрек неғып бұлқынбасын,
Болған соң мысы басым, ырқы басым.
Шаттықтың арнасынан асып-тасып,
Төгіліп дариядай жыр туғасын.

Мағжан – жыр көз сарғайтқан елің аңсап,
Жұлдыздай шықты көкке керім самсап.
Алатау, Қаратау мен қарт Маңғыстау,
Сарыарқа, алтын Алтай-жерім қарсы ап.

Қара күш тепкісінен басқан мұң да,
Із-түзсіз ғайып болған қас қағымда.
Мағжан-жыр қайта нұр боп құйылып тұр.
Қазақтың қыран мекен-аспанында!

Халқыңның құрақ-құрақ көңілі де,
Қырық парша жүрегі де, өмірі де,
Оралып құйын қуған аққу – жырлар,
Құлпырды Жолдыөзектің өңірі де.

Бөліскен өзіңменен азабыңды,
Сайқал сөз, сақ сындырар мазақ үнді,
Мағжан-жыр тасқындай бер, толастамай,
Сусындат, нұрыңа ора қазағыңды.

Демеймін ұмтылмады, алқынбады,
Егемен ел болуға талпынбады.
Өзге жұрт көшін түзеп көкке кетті,
Қазағың марғау, маңғаз қалпында әлі.

Алайда өжет жырды ел сағынады,
Қырандай қанаттарын қағынады.
Мағжан-жыр жарқ-жүрқ етіп құйылғанда,
Қазағың күдіретіңе табынады!

МАҒЖАН АҚЫН

Тұғырың биік, тұрысың асқақ қырандай.
Қанат қақтың шарқ ұрып, тағат қыла алмай.
Самғап та кеттің төрткүл дүние үстімен,
Күнеске шықтың, Күн ұлымын деп ұрандай.

Күн баласы екенің аян Құрандай.
Түрікшілдікті жүрегіңе жаздың тұмардай.
Бөрілі байрақ көтеріп көкте көлбедің,
Елдігіме сендіріп әлемді имандай.

Аппақ таңдай омырауыңнан сөгілген,
Баураған жанды маржан жырың төгілген.
Өрлік, ерлік, елдікке де шақырған
Жаңғырып үнің саналарға егілген.

АТЫҢНАН МАҒЖАН ДЕГЕН АУЫСПАДЫ

Көкіректен күй ағытсын,
Сыр ағытсын.
Шабытты шалқар дария
Бұла мықтым.
Қапасты қақыратқан
Дауылпазым,
Мейірін қандыр жырмен
Мына жұрттың.
Үніңді күмбірлеген,
Айқайлаған,
Естісін сақи далам,
Байтақ далам.
Жер болып, күл боп ұшты,
Кеше өзінді
Жазықсыз жазғырғандар,
Сайқал заман.
Төңірегі шәуілдейтін,
Арсылдайтын.
Көп иттер әсте де бір
Таусылмайтын.
Жабысқан көк құраққа
Көлбақадай,
Қайран ел үрей қуған
Қалшылдайтын.
Атыңды ести қалса
Әлдеқайдан,
Жауыздар апушы еді
«Қызыл майдан».
Қырқылып қыл кеңірдек,
Домалап бас,
Қан шапшып төңірекке

Тұла бойдан.
Өзінді сүйген қазақ
Қайыспады.
Шындықтың туын жықпай,
Нық ұстады.
Жырынды жүрегіне
Қондырған ел,
Атыңнан Мағжан деген
Ауыспады.

ТАЙСАЛМАЙ ОҚҚА БАРДЫҢ

Тұранның тегіненсің,
Түріктің бел баласы.
Арқаның еліненсің
Алаштың ер данасы.

Даңқың көкке жетіп,
Жер шарын көктей өтіп,
Тұсыңнан озық кетіп,
Оларды өкпелеттің.

Қан жылап, қаһарланды,
Сені олар мерт болсын деп.
Көрмесін атар таңды,
Кеудесіне өрт толсын деп.

Аспаның аласарып,
Тынысың қиындады.
Жаныңа жара салып,
Жауыздық тыйылмады.

Сүргіннен мазаң кетіп,
Тағдырды кәрледің бе?!
Тірлікті талақ етіп,
Кетуді көзdedің бе?

Ұлтым деп алған беттен,
Қайтпадың, тоқтамадың.
Жүректе жанған кекпен,
Тайсалмай оққа бардың.

О, ПІРІМ!

Қызықтап сан сыйқырлы өнеріңді,
Көкіректе өргіздім өлеңіңді.
Сөздерің меруерттей, мың құбылған,
Лепіртіп, желпіндірді желегімді.

Ғашық боп өлеңіңе бала жастан,
Тындаушы ем айтқандардан жалықпастан.
- Епкімге айтпа, бала!-деп қоятын,
Қария жырыңды оқып қажымастан.

Неге ол айтпа, дейді құпиялап,
Осында бір сыр бар-ау өте ғажап?!
Сыбырлап, үрейленіп: «Тыңшы!- дейді,-
Әр үйдің есігінен жүр сығалап».

Аспаны бір ашылмас торлаған бұлт,
Еңсесі түсіп, қорқып, сорлаған жұрт.
Көргенім осы болса, сенбеймін бе?!
Елден қашқан иман мен береке, құт.

Осылай өтті талай жылдар жылжып,
Кеңейді пейіл, бойын жазып шындық.
Сен шықтың Оқжетпестің қиясына,
Дұшпаның күл-қоқысқа қарай сырғып.

Отына өлеңіңнің маздап жанған,
Жанымды жылтып келем мұздап қалған.
О, Пірім, қанат қағам, жоғары өрлеп,
Топшыма қуат бергін, сыздап, талған...

ӨЗІНДЕЙ ҚАЙТА ТУСА МАҒЖАН АҚЫН

Өзіндей қайта туса Мағжан ақын
Талантыңды бер оған таң қалатын.
Өмірден өкінішпен өтпесін ол,
Азамат адам болсын бақ жанатын.

Өзіндей алты алашты шарласын да,
Өзіндей қыран-қанат самғасын да.
Өзіндей үнің күнмен үндес келіп,
Көпірдей болашақты жалғасын да,

Өзіндей құйылтсын да періште өлең,
Өзіндей толғасын ой өрістеген.
Өзіндей еңіреп туған ер болсын да,
Ар үшін жан қиса да беріспеген.

Өзіндей Жолдыөзегін сағынсын да,
Өзіндей шырағдан-нұр жағылсын да,
Туған жер топырағының бір шөкімін,
Өзіндей тұмар етіп тағынсын да.

Айрылған көкірегі қазақ десе,
Өзіндей кепсін талай азап неше.
Бақытсыз атанбасын тірлігінде,
Өзіндей рухы болған мазақ кеше.

Өзіндей келсе өмірге ғажап ақын,
Қанымен жүрек жырын жаза алатын.
Сен өткен дозақтарды ол көрмесін
Атанып дүлдүл ақын, қазақы ақын.

ТАЛАНТТЫҒА ТАҒДЫР ӨШ

Мағжан десем ұлылық ойға оралып,
Бір қуаныш барады айға да алып.
Мақтаныш та жанымды марқайтады,
Енгендеймін керемет тойға барып.

Қосылып аруақты ақын санатына,
Шаттығымның жармасам қанатына.
Күнге ұшып барамын жыр аңыратып,
Бас иген ұлы Мағжан талантына.

Күн баласы еді ол, Күннен туған,
Көк Есілдің толқыны тәнін жуған.
Жолдыөзегім сен де осал емессің-ау,
Пайғамбар ақын берген дара тұлға.

Мағжан десем, азаттық күйі ойнап,
Көкірегімді, жанымды кетер бойлап.
Құлағымда қиқулап, «Абылайлап!»
Шапқан ел, сәйгүліктер аста ойнап.

Азаттық туын көкте күлімдетіп,
Қызылжар, Көкшетауды дүбірлетіп,
Кене хан көз алдыма келе қалар,
Дұшпанын айбатымен дірілдетіп.

Өр Баян, батыр Баян дастандағы,
Жау қуған жұлдызша ағып аспандағы.
Өрттігін, мәрттігін де өткендердің
Жыр етіп отыр бүгін жас пен кәрі.

Мағжан десем, сұлулық тамсандырып,
Үзіле де жаздайсың аңқаң құрып.
Табындырған жырына меруерттей,
Қүдіретімен жансызға жан салдырып.

Сұлулықтан шабыт ап ұшқан самғап,
Сұлулықпен өмірін өткен жалғап.
Сұлулар да ақынды аялаған,
Сүйе білген жігітті таңдап, талғап.

Көкірегі мың түрлі сырға толған,
Қыздар-ау, көрегендік қайдан қонған?
Сендер ме, алғаш сезген биіктікті?
Сендер ме, «ұлы ақын» деп тауып қойған?

Мағжан десем, Бутырка шойын есік,
Тұрар ақын тағдырын қойған кесіп.
Көрдей түнек, атышулы абақтыдан,
Ызғырық пен өлімнің исі есіп.

Бутырка, Соловкилер ерді езіп,
Одақтың жүрді үстінде өлім кезіп.
Ажалдан қаймықпады, қорықпады ақын,
Қашпады туып-өскен жерден безіп.

Жер үстін жауыздықтың бұлты басқан.
Ар, иман, әділеттің құты қашқан.
«Ақынға адамзаттан дос болмады»,
Әлемге қазақ деген жұртты ашқан.

Мағжан десем, қара аспан қақ айрылып,
Бейуақға мылтық үні тарайды ұлып,
Қорғай алмай қалдық-ау Пайғамбарды.
Болашақтан күтіп еді арайлы үміт.

Күншілдерден, дарынсыз, кежерлерден,
Қорғамадық безбүйрек, безерлерден.
«Таланттыға тағдыр өш», деген сөз де
Жай қалмаған екен ғой ежелгі елден.

КЕШІРІМЕС ЗҰЛЫМДЫҚ

Мағжанға кім өшігіп, кектенді екен,
Жаулығы оған деген кектен бөтен.
Көкірегі қара боран, жүрегі мұз,
Ақынның жаны қалай көктер ертең.

Жер басып қайран ақын қалай жүрген,
Кес-кестеп шығыш иттер қоймай үрген.
Айналып төбесінде қарға, құзғын,
Жапалақ ту сыртынан талай бүрген.

Қалайша болмаған ол шамшыл адам,
Төңірегі түгел қауіп, тор шырмаған.
Ақынның парша-парша жүрегінен,
Алаштың арына қан тамшылаған.

Көзімде жатсам да елес, тұрсам елес,
Көңілімде ой, ол туралы құрсам кеңес.
Хан да емес, патша да емес, Мағжан - ақын,
Неге оны қоршап алған мың сан егес?!

Жырласа ол қазаққа да бар деп елдік,
Бөрілі байрағыңда зар мен ерлік.
Масқара-ай, ақ-қараны айыра алмай,
Мағжанды дау деп келдік, жау деп келдік.

Жазықсыз оққа байлап есіл ұлды,
Заман-ай апшы айттың-ау кесімінді.
Махаң жоқ! Кешірімес те ол зұлымдықты,
Мың мәрте сұрасаң да кешірімді!

ЕСІЛГЕ ЖАНЫН ЖАЙЫП ҚЫЗЫЛЖАРДАН

Көктем бе еді, жаз ба еді, есімде жоқ,
Жамыраған гүл қырдың төсінде көп.
Қаңқылдаған қаздар мен пырылдаған,
Үйректер бауыр басқан Есілге көп.

Ойдым-ойдым орманнан ақ қайыңды,
Қоңыр салқын сал самал ақтарылды.
Майда лепке жібектей жүзін тосып,
Ғафу сәтке таңданып, аңтарылды.

Аңтарылып қарады ол төңірекке,
Тамылжыған дүние, мөлдіреп те.
Жолдыөзекпен ақынның жүздесуі:
Аспаны асқақ, көкжиегі кеңірек пе?!

-Аспан, аспан, не деген биік аспан,
Жасыл бел, жасыл дөңес киік асқан.
Ақ қайыңдар – тұлпарлар күміс тұяқ
Қырға қарай мойынды иіп басқан.

Ғаламат сурет қой көз алдымда,
Айналғаны кілемге көгалдың да.
Мағжан жырын суылдап жел оқиды,
Өшіруге жоқ күші тажалдың да.

Не деген құдірет жыр қанды ойнатқан,
Көкірек көзі ояу жанды ойлантқан.
Дүбілтiп, дөңгелентiп сары даланы,
Ақ таңның нұр-буына Күнді аунатқан.

Көкірегін ашып самал нұр селіне,
Қуанды келгеніне ол жыр еліне.
Есілге жанын жайып Қызылжардан,
Мағжанның қосылып тұр өлеңіне.

АҚ ҚАНАТЫН КҮНГЕ ЖАЙЫП...

Ақ қанатын күнге жайып
Сұңқылдаған аққумысың?
Бар ынтызар өзіңе ауып,
Тамсандырған ақ нұрмысың?

Жүректерді лүпілдеткен,
Ғашықтардың пірімісің?
Сарыарқаны дүр сілкінткен,
Батырлардың үнімісің?

Мен түсінбес жұмбағың көп,
Шешілмеген жауабы да.
Алашым!-деп жырладың кеп,
Басты тігіп жау оғына.

Періште ме ең, пері ме едің,
Әкететін қыздар ұрлап?
Ақ диуана, сері ме едің,
Еркіндікті жүрген жырлап?

Түркілердің даласына,
Ұшып келген тілшімісің?
Аспан мен жер арасына,
Алла қойған елшімісің?

ҚАПАСТАҒЫ АҚЫН

Тұңғиыққа тірелді ақын қиналып,
Ұлтжандықтың қасіретінен уланып.
Дос дегені «төрт аяқты» болған ба?
Көз алартып, шабаланып, жиналып.

Қараны ақ дегенді кім ұғады?
Ақты қара дегізбек боп ұрады.
Сасықкөлі, Сарыарқасы сағыммен,
Көлбең-көлбең көкжиекке тұнады.

Қайран дала аптаппенен сазарып,
Жарылған жер, парша-парша қабарып.
Тұтқын жаны, көңілі де қырық құрақ,
Жүректегі жараменен бозарып.

Уайымы – ұлты, елі кесілген,
Бодандықпен көк желкесі тесілген.
Шатқаяқтап жүре алмайды бейшара-ай,
Жас баладай тұсауы қазір кесілген.

Қазағым деп, бостандық деп, теңдік деп,
Жылдар бойы көргендері кемдік көп.
Темір тордан ұшырады жыр-құсын,
Қанды жасы аққан ақын: «Елдік!» деп.

ҰРПАҒЫҢНЫҢ БИІКТЕЙДІ ШОҚТЫҒЫ

Зар жылаған, қан жылаған жүрегің,
Елдікті ойлап, еркіндік деп жүдедің.
Өжет жырың жетті туған халқыңа,
Орындалды арманың мен тілегің.

Қарсы алдында аппақ нұрлы тұр таңың,
Күн астынан ойнап шықты тұлпарың.
Аспандатты данышпаным өзіңді,
Болашағың – болжап, сенген ұрпағың.

Ұлы жүрек, жібек жанды ардағым,
Сәулеңменен жарқырады жан-жағым.
Туыс-туған, бауырларың – халқыңды,
Жебеп жүрсін қасиетті аруағың.

Өз атыңда аудан да бар, алаң бар,
Ұмытты ел деп ретің жоқ алаңдар.
Жауыз жандар сені өлді дегенмен,
Рухыңды аспандатты адалдар.

Адал жансыз адамдардың жоқ күні,
Қандай ғажап адалдардың көптігі!
Сенің даңқың кеткен сайын әуелеп,
Ұрпағыңның биіктейді шоқтығы!

ҚАЙРАН ЖЕҢГЕМ

(Зылиха Жұмабаеваға)

Дөңгелек жүзді, пісте мұрын,
Келбетгі әйел болатын,
Мағжанды сүйіп,
Мағжанмен күйіп,
Мағжанменен тоятын.
Жарқырап көзі,
Ашылып сөзі, албырап жүзі,
шалқитын еді: «Мағжан!» деп.
Жана алмай кеткен жұлдызым-ау,
Күрсінер еді: «Жалған!» деп.
Уыздай аппақ махабатын,
Тас тағдырға айырбастаған.
Рухымен Мағжанның
Батып күні, таңы атқан
Басына жырын жастаған.
Жалаң аяқ жар кешіп,
Қызыл аяқ қыр кешіп,
Мағжан жолын торлаған.
Карелия тайгасын кезіп қанша,
Сағыныштың әсерімен сорлаған.
Атамын!-десе қаймықпай,
Жұтамын!-десе қорықпаған,
Қайран жеңгем!
Оқ пен оттың астында,
Жау қоршауы,
Аптықта жүріп жеңген.
Елжіреген жүрегі,
Елбіреген реңі, биязы еді мінезі.
Ақ иығын алаштың
Алып шыққан қапастан
Қайран жеңгем бір өзі!
Махабатың-ау күдіретті!
Махабатың-ау киелі!

АБАЙҒА

Заманыңның дауылынан ықпадың,
Мықтылардың қаһарынан бұқпадың.
Байғұстардың көз жасын сен құрғаттың,
Жүректерде сенім туын жықпадың.

Уақытты артқа тастап ақылың,
Адамзатты дос та еттің, жақының...
Адамдарға, үміт, арман, сүйеніш,
Қасиетті өлеңдерің, ақыным.

Қандасыңның кей мінезін сынадың,
Сынадың да жаспен жүзің шыладың.
Ынтымақ бер, бірлік бер деп халқыма,
Жатсаң, тұрсаң бір Алладан сұрадың.

Елің көрген күйзелісті бір көріп,
Қазағыңмен мың тіріліп, мың өліп,
Өсек, өтірік, бос мақтанның бірі жоқ.
Жүрегінде тек шындықтың гүлі өніп.

«Ғаклияң» бара жатыр таңға алып,
Барша елді, оны оқыған таң қалып.
Біз сондықтан кең пейілді, мықтымыз,
Санасып жүр, құрмет тұтып бар халық.

Ойлы, маңғаз, жүрісің де тұрысың,
Болашақтың шырқап жүрер жырысың.
Әлем көгі – шыққан шыңың – ұлы шың.
Ал өзің де ұлылардың ұлысың!

Жас болса да бір шындыққа жақын кеп,
Ақын Мағжан сені атапты «Хакім!» деп.
Дарыныңды жазбай танып, қуанған,
Шәкіртіңді осал деуге хақым жоқ.

САҒЫНЫШЫМЫЗ ТАБЫСҚАН

(Ұлым Мағжан туған күн)

Осы күнде ойласам,
Көзсіздігіме танданам
Ой тереңін бойласам,
Ұлы ісіме таң қалам.

Қайранмын батылдығыма,
Ғабеңе қонақ бол деген.
Ризамын батырлығыма,
Шаңырағымды келіп көр деген.

Кең маңдайы жарқырап,
Аты аңыз болған ұлының,
Алдында тұрдым қалтырап,
Жұмбағын да аңдап сырының.

Жымиып, маңғаз қалпында,
Қабағын керіп тастады.
-Әнуэрбекке айттың ба?-
Деп мені сөзге бастады.

Изедім басты, сөз қысқа.
Келетін болды ол қонаққа.
Шебері тілдің, сөзге ұста,
Құдіретің осы қазақта!

Бақыты күллі халықтың,
Жұлдызы жанған көктегі.
Жазғанына қанық-ты,
Біз түгіл елдер шеттегі.

Отырды Ғабен төрімде,
Көкіректен сырын ақтарып.
Қасиеті бар-ау тегінде,
Қуантар мені бақ дарып.

Ойлаймын, шыным, осылай,
Келді деп мейман бағыма.
Қонбайды басқа тосын ой,
Болса екен деймін тағы да.

«Кездеспей кеткен бір бейне»,
Ақын жазған шығарма,
Деп ойлаймын мен кейде,
Әйтпесе бұлай шығар ма?!

Төгіліп тұр-ау, төгіліп,
Ақынның тілі, жырымен.
Оқығанда егіліп,
Кетесің, дедім, шынымен.

- Жазушылық жолымды
Бастадым,-деді ол,-өлеңмен.
Енді мақсат, ойымды
Прозаға арнап келем мен.-

Деді Ғабен толғанып,
Сыр жібін тартып қияннан.
Осы жолға мені алып
Келген,-деді,- Би-ағаң.

Ұстазым еді ол сенген,
Маған, болашағыма.
Сенім деген өлшемге,
Ұмтылдым бала шағымнан.

Жастарға сенем күмәнсіз,
Ағалар маған сенгендей.
Сенім жоқ жерде құнарсыз,
Тіршілік, гүлің семгендей.

Жастық шақ деген кісінің,
Думанды, дулы өмірі.
Гүл жайнаған пішіні,
Шалқыған тасып көңілі.

Базарлы шақты Мағжандай,
Жырлаушы жоқ қой, асатын.
Түк қоймай жинап алғандай,
Сұлулық гүлін осы ақын.

Махаббатымен мас еткен,
Мағжан жастық бұлбұлы.
Ақындар мәңгі жаз, көктем,
Құлшырған ойнап, нұр-гүлі.

Құнарлы туған жеріне,
Мағжан келер күн жақын.
Қызылжардың төрінен,
Алады орын ұлы ақын.
Ғабең өрді жыр-шумақ,
Мағжанның махаббатынан.
Жүректерде тұр тулап,
Сағыныш ел мархабатынан.

Ән шырқап кетті Ғафужан,
Ғабеннің сүйікті інісі.
«Дариғаға» салды Қасымнан,
Кеңейіп көкірек, тынысы.

«Дариғань» айтқан Ғафудай,
Әншіні естіп, көргем жоқ.
Шырқырап жаның, япырмай,
Жүрекке барып тигенде оқ...

Аяқталды ән, біз тындық,
Көңілге шаттық, мұң артып.
Домбыра күймен бұлқынды,
Серікбай тартқан дулатып.

Атылып шыққан үйімнен,
«Сарыарқа» күйі көкке өрлеп,
Жайрандап отыр дүйім ел,
Тұрғандай күймен көктем кеп.

Дастарқан. Бас та тартылып,
Сыңғырлап жатыр кеселер.
Тамаша сөздер айтылып,
Туындап ойлар нешелер.

- Шақырыңдаршы...келінді,-
Десін Ғабең салмақпен.
Көр қиналған жерімді,
Жеткізе алам ба, талдап мен.

Қадалған маған көздерден,
Сезіндім сұрақ шексіз көп.
-Бір сағат бұрын сіздерден,
Роддомға оны жеткіздік.-

Деуім мұң екен, дүрілдеп,
Тілектер қайта шешіліп,
Құтты қонақ күлімдеп,
Сөйлесін тағы кесіліп...

Келіні жайлы, мен жайлы,
Құйылды сөздің асылы.
Шаңырақ жайлы, ел жайлы,
Ой өрді ғажап, тасынып...

Көңілі көлдей ағаның,
Жүзінен нұры дүр етті.
Ол берген биік бағаны,
Батасын түйдім жүрекке.

Қонақтар кеткен. Жан қаяу.
Қасымда қызым Тоғжаным.
Телефон соқты қоңырау:
Туды деп ұлым Мағжаным.

Ғабенмен келген асығып,
Үйіме Мағжан бол ырыс.
Әкеңе жүрген тасынып,
Бақыт бол, ұлым! Бол тыныс!

Қарсы алып тұрдым алыстан,
Туған жерге аға келгенде.
Сағынышымыз табысқан,
Ағасын іні көргенде.

*1993 жылы ақиық ақын Мағжан Жұмабаевтың
100 жылдық торқалы тойын ерекше салтанатты
өткізуге Қазақстан Үкіметі атынан басшылық жасаған
Қуаныш Сұлтанов мырза болатын.*

ЕЛІМНІҢ НҰР ЖҰЛДЫЗДЫ СҰЛТАНЫ

(Қуаныш Сұлтановқа)

Ұлы ақын Мағжанды айтып көп алдында,
Саңқылдап сайрағаның көз алдымда.
Қол соқты ел, тулап Есіл, шулап орман,
Шаттанып гүл шашқаны-ай көгалдың да!

Желдіртіп, желкілдетіп сары желді,
«Қойлыбай қобызынан» сарын келді.
Ақынды тірілттің-ау деп сезіндім,
Қуантып Арқадағы қалың елді.

Тайпалған су жорғадай ағылған тіл,
Кең ақыл, терең білім танылған күн.
Бақыттың баспалдағы аспандатып,
Мұзарттан қандай ғажап табылғаның!

Оты бар жалындаған ұлт қанысың,
Жаратқан Алла өзіңді жұрт бағы үшін.
Қауымның ақылшысы, қамқоршысы,
Елімнің нұр жұлдызды Сұлтанысың!

ТІРЛІГІМІЗ МӘНГІЛІК

(Олжас Сүлейменовке)

Абайым бар, Мағжаным бар,
Олжасым бар деп жүрмін.
Масаттанам оларменен
Қалмай, тіпті дегбірім.
Мақтауға емес, мақтануға
Бұлар лайық тұлғалар.
Олар берген жыр мәйегі,
Жыр алтыны - тұнбалар.
Абай ақын пәлсапасын егіп еді
Адамдардың жанына.
Мағжан ұлттық рухпенен
Жалын құйды түркілердің қанына.
Анау Олжас
Әлем жұртын тебіrentіп,
Жүректерге жол іздеді,
Жол тапты.
Жер жүзінің сырын тыңдап,
Тамыршыдай болжап тұр.
Абайым бар
Ақыл кені ағыл-тегіл,
Дариядай шалқыған.
Сол дариядан сусындаған,
Мейірі қанып, балқыған.
Көкейіне иман қонып,
Ғибадатқа бас қойған.
«Алла!» деуге тілі келіп,
Азат болған басқа ойдан.
«Өзі де рас Алланың,
Сөзі де рас», ей, пақырлар, адамдар.
Осы сөзде шындық бар,
Дұрыстық бар, жарандар.

Еңбек ету – мұратың!
Жарқырасын талайың-
Деген ұлттың пайғамбары,
Ұлы жүрек, жомарт жанды Абайым!
Алла ешкімді түү бастан-ақ
Жаман бол деп, найсап бол деп
Жаратпаған.
Жаман болсаң, кінәлі өзін,
Тал бойыңа пәктік рух таратпаған.
Көпшен бірге боламын деп,
Көптің ізін шаламын деп,
Марғау жүріп басқаныңнан,
Өнеріңмен тамаша етіп,
Басқа жұрттан көш ілгері
Асқаның жөн.
Десе Абай: бірлік керек,
Татулық пен достық бөлек,
Әр қазаққа жетпей жатқан.
Ғұламаның көсем сөзі
Барша елді, дүниені
Көктей асқан.
Тұғырына созған қолың жетпейтіндей,
Абай биік мінберде.
Болашақты болжап, көріп,
Халқын бастап баратқандай
Ақ сәулелі күндерге.
Мағжаным бар,
Жарқыраған күннен туған,
Күнмен ғана үндескен.
Күннің нұрын, жердің нәрін
Бойға сарқып,
Қаламымен сөйлескен
Тұранның да түп қазығы
Сенсің алаш, сен қазақ.

Дүбірлеткен көк пен жерді
Скиф те сен, ғұн да сенсің
Малмен өрген, сен қазақ.
Жарты әлемге жылық жайып,
Көлдей саумал сапырғансың.
«Каталаун» жағасында
Еуропаға арыстандай ақырғансың.
Ерде отыруды үйреткенсің,
Еуропаның үзеңгі ілгізіп аяғына.
Шалбар киді ел сені көріп,
Жалаңбұт та ол баяғыда.
Кресті де ұстатқан сен,
Ұлы Рим папасының қолына.
Қанша жиһаз, асыл тастар
Төкті ел сенің жиһангерлік жолыңа!
Бөрілі байрақ аспандатқан
Бабаң сенің Ер түрік.
Сен де ер бол, сен де ел бол,
Көкіректегі құлдық мысыңды өлтіріп!-
Деп жастарға сенім артып,
Шақырды ақын бақыттарға армандаған.
Жастық па екен, күндей күліп,
Шымырланып, болашаққа қарманбаған.
Абылайдай айбарлы хан
Ел мен жерді
Дұшпандардан қорғап қалған.
Кене ханым
Қазағыма бостандық деп,
Жанталасқан, жауға өрттей
Ойран салған.
Қазақ ұлты, Қазақстан
Әлемдегі тәуелсіз ел
Қатарынан орын алды.
Ұлы Мағжан зарлап, жылап,

Көкірегінде шемен болған
Арман бүгін орындалды.
Олжасым бар, Абай, Мағжан
Ойын терең жалғастырған.
Батысты да, Шығысты да табыстырған,
Ара жігін жымдастырған.
Толғандырған әлем жайы,
Мазалайды жүрегін де.
Бар халықтың бақыты мен
Мамыражай тыныштығы – тілегі де.
Бәріне ортақ бұл жұмыр жер,
Жүзге бөліп, бөлшектеуді көтермейді.
Бар тіршілік төбесінде айналса бұлт,
Қасірет пен кесел дей бер.
Азбасын деп адамдар,
Тозбасын деп туған жердің топырағы,
Жерде жұмақ орнасын деп,
Талас-тартыс болмасын деп,
Жүрек қылын шертіп ақын отырады.
Адамдардың түрі басқа:
Қара яки, ақ, сары,
Бәрінің де орыны бар
Өмірдің кең төрінде.
Лүп-лүп етіп соғып тұрған
Ет жүрек бар олардың да бәрінде,
